ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

# ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ









ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

---

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
имени АЛЬ-ФАРАБИ

Алматы
«Қазақ университеті»
2021

**Бас редакторы**
Ж.Қ. Түймебаев

**Әл-Фараби** атындағы Қазақ ұлттық университеті = Казахский национальный университет имени аль-Фараби. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 288 б.
**ISBN 978-601-04-5752-2**

Кітапта Қазақ ұлттық университетінің тәуелсіздік табалдырығын аттаған тұстан бүгінге дейін жеткен жетістіктері мен даму белестері баяндалады. Тәуелсіздіктің 30 жылдығында қазақ білімінің қара шаңырағы жүріп өткен жолдар мен ұлттық білім саласында орын алған айтулы оқиғалар жайында суреттер сыр шертеді.

Басылым көпшілік оқырманға арналған.

В книге повествуется о достижениях и развитии Казахского национального университета имени аль-Фараби в период независимости. Фотографии расскажут о пройденном пути ведущего вуза страны и значимых событиях в области науки и образования за последние 30 лет.

Издание предназначено для широкого круга читателей.

ISBN 978-601-04-5752-2

© Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2021




ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ


AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# «Ғылымда даңғыл жол бар, ол – ізденіс пен білім жолы»



**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,**
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры

Бүгінгі таңда әлемдік экономика ерекше қарқынмен дамып, технологиялық тегеуірінге, инновациялық ізденістерге, жаңа мүмкіндіктерге кең жол ашылуда. Осы орайда озық жетістіктерге қол жеткізіп, алдыңғы қатарлы елдермен терезе теңестіру үшін іргелі ғылымның алатын үлесі зор. Ал ғылым өндіріспен тығыз қарым-қатынас орнатқанда ғана нәтиже көрсетіп, жемісін береді. Сондықтан еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тәуелсіздіктің таңғы арайында «Ғасырлар тоғысында» атты сараптамалық еңбегінде елдің болашағы ғылымға тікелей тәуелді екенін баса айтып және алғашқы күннен ғылым мен өндірістің қатар дамуына жете көңіл бөлді.

Үлкен ғылыми жобаларды мемлекет тарапынан қолдаудың ауқымды бағдарламасын жасатып, өзі тікелей қадағалап отырды. Аяғынан жаңа тұрған жас мемлекеттің экономикалық өрлеуінің әр алуан сатысы осындай ғылыми жұмыстардан бастау алды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: «Әртараптандырылған және технологияға негізделген экономика құру – жай қажеттілік қана емес. Біз үшін бұдан басқа жол жоқ», деп ғылым саласының өркендеуіне, тиісті бағдарламалардың әрі қарай жалғасуына баса мән берді. Мемлекет басшысы ғылымды дамытуда тың көзқарас пен жаңа тәсілдер керектігін, сондай-ақ халықаралық тәжірибеге арқа сүйеуіміз қажеттігін де алға тартты. Мемлекеттік саясат та жаңа инновациялық экономиканың негізі болуға тиіс деген тұжырым қалыптасты. Ғылым, білімді ілгерілету және технологиялық жаңғыруларға дендеп көңіл бөлу нақты қолға алынды.

Зияткерлік әлеует, жаңа білім мен инновациялық ізденістер әлемдегі ұлттық экономикаларды дамытудың қозғаушы күші екені анық. «Әзірше біз шетел тәжірибесін қабылдап жатырмыз. Тіпті ең заманауи шетелдік жабдықты пайдалану өзіндік серпілісімізді білдірмейді. Біз өзімізде пайдаланып және әлемге ұсынуға болатын жаңа нәрселер жасауға бағдар ұстануға тиіспіз», деп тапсырды өз сөзінде Елбасымыз. Ол үшін ғалымдарымыздың дәуір сұраныстарына сай өз дүниетанымын, ғылыми көзқарастарын қайта қарауы өте маңызды. Елбасы алдымызға қойған дамыған 30 елдің қатарына кіру жөніндегі сындарлы мақсат – мемлекет, университет пен бизнестің ынтымақтастығы мен күш-жігерін біріктіргенде ғана жүзеге аспақ.

Әлемдік тәжірибеде ұлттық инновациялық жүйенің негізгі құрылымы ретінде осы үш тағанның әрбір элементінің функциялары нақты айқындалған: университеттің рөлі – бұл білім, кадрлар мен технологияларды генерациялау; мемлекеттің міндеті – бірлескен қызмет жағдайларын және нормативтік-заңнамалық қамтамасыз ету, ал өнеркәсіп идеялар мен әзірлемелерді іске асыруы тиіс. Үш бірлік бір мақсатқа осылай жұмылады.

Кез келген елдің ұлттық инновациялық жүйесінде ғылыми ауқымды өндіріс үшін маңызды ресурсқа айналатын зерттеу университеттерінің орны ерекше. Барлық белгілі әлемдік жоғары технологиялық ареалдар зерттеу университеттері базасында дамуда және өз елдерінің инновациялық даму драйверлеріне айналып отыр. Сонымен қатар университеттерде жыл сайын жаңа идеяларды ойлап табуға қабілетті және елдің болашағын анықтайтын жаңа буын пайда болып, қалыптасатынын атап өткен жөн.

Сондықтан қазіргі таңда еліміздегі жетекші жоғары оқу орындарының көпшілігі коммерциялық емес акционерлік қоғамның нарықтық мәртебесін алғаны қуантады. Тиімді менеджментті енгізу арқылы олардың рөлі мен жұмыс істеу тиімділігін арттыру маңызды, бұл оларға нарықтық экономиканың нақты субъектілері болуға, өз бетінше әрекет етуге мүмкіндік береді. Мысалы, ҚазҰУ нәтижеге бағытталған процестерді басқаруды енгізіп, өз позициясын елеулі түрде ілгері жылжытып, алдыңғы қатарлы әлемдік зерттеу университеттеріне жақындай түсті. Біз әл-Фараби университетін алдағы уақытта осы бағытта жаңаша жандандыратын боламыз.

Ғылыми-инновациялық инфрақұрылымы бар, республиканың басқа жоғары оқу орындарында баламасы жоқ зияткерлік корпорация болып табылатын және еліміздің жоғары білікті кадрлық әлеуетін даярлауды қамтамасыз ететін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемнің жетекші университеттерінің «идеядан өнімді коммерцияландыруға дейін» қағидатын іске асыру үшін дамудың жаңа моделін пайдаланады. Университет технологиялық шешімдерді, бірегей технологиялар мен өнімдерді әзірлеу бойынша процестік инновациялар орталығын іске қосты. Жерді қашықтықтан зондтау деректерін алу, өңдеу және тарату, олардың негізінде халық шаруашылығының түрлі салалары үшін геоөнімдер жасау және т.б. үшін виртуалды қабылдау стансасы бар. Жерді қашықтықтан зондтау орталығы жұмыс істейтін мұндай бірегей технологияның болашағы зор.

Ұлттық экономика салаларының бәсекеге қабілеттілігін және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған механизмдерді іске асыру үшін ҚазҰУ заманауи IT-технологияларды қолдана отырып, қуатты, жоғары технологиялық цифрлы инфрақұрылым құру бойынша жұмыстар жүргізуде. Бейнеконференция, онлайн оқытуды жүргізу және т.б. үшін әзірленген Jinalys Room бейнеконференц-байланыс сервисі іске қосылған. Қазақстандық пікірлер мониторингінің ақпараттық жүйесі – OMSystem сынақтан өтуде. Ол проблеманың ауқымын және қоғамдық пікірді қалыптастыратын негізгі ықпалды тұлғаларды айқындай отырып, ақпараттық кеңістікте зерделеу (мониторинг) жүргізуге мүмкіндік береді.

Университет посткеңестік кеңістіктегі санаулы жоғары оқу орындарының бірі ретінде алғашқы қазақстандық «Әл-Фараби-1» және «Әл-Фараби-2» наноспутниктерін ғарышқа ұшырды. Бұл бағыттың жалғасы ғарыштық техника және технологияларды әзірлеу бойынша ұлттық ғылыми мектеп құру болып табылады. Онда студенттер наноспутниктерді және олардың компоненттерін жобалау және құрастыру дағдыларын алып, жаңа ізденістерге жол ашады. Бұл болашақта оларға осы салада толыққанды маман болуға мүмкіндік жасайды. Мұндай мамандық игерген жастарға қай кезде де сұраныс жоғары.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ҚазҰУ экономиканың нақты секторына енгізу үшін сынақтан өткізілген және дайын 30 ғылыми-инновациялық әзірлемелерді іске асыру және ілгерілету бойынша жұмыс жүргізуге кірісті. Университетте идеяларды коммерциялық өнімдер мен қызметтерге трансформациялайтын білікті зерттеушілер үшін барлық жағдай жасалған.

Қазіргі сәтте дайын өнімдердің бірі – нанобөлшектер негізінде жасалған қарқындылығы жоғары газ-разрядты шам болып табылады. Мұндай қарқындылығы жоғары энергия үнемдейтін газ-разрядты шамдардың құны төмен, жарық тиімділігі жоғары және қарапайым шамдармен салыстырғанда энергияны тұтынуды 7 есеге дейін төмендетеді.

Электромагниттік құбылыстарды зерттеуге арналған зертханалық қондырғы да орта және орта-арнаулы білім беру мекемелерінде қолдануға әзір. Физика курсы бойынша оқу процесінде ақпараттық





технологияларды қолданатын инновациялық аппараттық-бағдарламалық кешен пайдалануға ыңғайлы әрі әмбебаптығымен ерекшеленеді. Ол бір мезгілде 20-дан астам зертханалық жұмыстарды атқара алады. Сырттан электр күшін алмай-ақ дербес жұмыс істеуге қабілетті, аккумуляторлық батареямен жабдықталған.

ҚазҰУ ғалымдары әзірлеген инновациялық өнімдердің бірі – көміртекті наноқұрылымдардың 100% қазақстандық құрамымен температураны, ылғалдылықты, ауа қысымын және т.б. анықтауға арналған қабылдағыштар. Көміртекті наноматериалдар, олардың ерекше қасиеттеріне, мөлшеріне және төмен құнына байланысты әртүрлі салаларда, мысалы, бояулар мен лактарға, арматуралық материалдарға қоспалар ретінде қолданылады. Ол келешекте дәстүрлі материалдарды өмірдің барлық салаларынан ығыстырып, өндірістік болашағы зор болмақ.

ҚХР тарапынан 100 мың доллар көлемінде инвестиция берілген жоба аясында ҚазҰУ Дәрілік өсімдіктер орталығы ғалымдары әзірлеген инновациялық табиғи өнімдер де университет қызметкерлері мен қала тұрғындары арасында кеңінен танымал. Тұмау мен түрлі вирустарға қарсы жаңа табиғи қоспалар өсімдік шикізатынан жаңа табиғи қосылыстарды бөлу негізінде жасалған.

Жеке бизнес серіктес KazEcoSolutions ЖШС-мен бірлесіп, «Мико-Ойл» қазақстандық инновациялық биопрепаратын өнеркәсіптік өндіріске енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. Тиімділігі жоғары препарат мұнаймен ластанған топырақты және құрамында мұнайы бар қалдықтарды тазартуға арналған. Оны мұнай өндіруші және мұнай өңдеуші кәсіпорындарға, экологиялық қызметтерге енгізуге болады.

«Ғылым қоры» АҚ қаржылық қолдауымен «ВАСТЕ» ЖШС жеке серіктесінің өндірістік алаңы базасында полиэфир шайырларының тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісі тиімді жұмыс істеуде. Ол тек отандық өндірушіні құруға ғана емес, сонымен қатар шикізат ретінде полиэфир шайырлары пайдаланылатын композиттік материалдар өндірушілерін де қолдауға бағытталған. Бұл ретте оның бағасы импорттық шикізат бағасынан 15-20%-ға төмен. Бағасы арзан, тиімділігі жоғары мұндай жаңалықтар қашанда сұранысқа ие.

Сонымен қатар «Ғылым қоры» АҚ жобасы аясында университет төмен температурамен және синтездің қысқа кезеңімен ерекшеленетін, сондай-ақ оларды пайдалануды жеңілдететін еріткішсіз акрилат бояуларының өз өндірісін іске қосуды жоспарлап отыр.

ҚазҰУ-дың инновациялық әзірлемелері оның зияткерлік меншігі және әзірлеушілер үшін де, бизнес өкілдері үшін де құнды актив болып табылады. Алайда көбінесе өнертабыс зияткерлік меншік саласындағы нақты қолданыстағы заңнаманың болмауына және зияткерлік меншікті бағалау мен маркетинг саласында қажетті білімі бар кадрлардың жетіспеушілігіне байланысты сұранысқа толық сай болмай отыр. Бұл тұрғыда алдағы уақытта жүйелі ғылыми ізденістер жаңа белеске шығады деген үміттеміз.

Жаңа өнімді нарыққа шығару да күрделі процесс. Себебі кәсіпорындардың университеттік әзірлемелерді жүзеге асыруға қызығушылықтарының төмендігі, сондай-ақ шетелдік технологияларды пайдалану артықшылығы байқалады. Қалыптасып қалған шет елдік технологияға деген сұраныс бірте-бірте біздің жас ғалымдардың ізденістері арқылы табыс көзіне айналуы үшін оқу орны жағдай жасауға әрқашан дайын.

Өкінішке қарай, осы уақытқа дейін елімізде ғылым мен инновацияларды басқарудың тиімді моделі жасалмаған. Бұдан бөлек, инновациялық процестің барлық қатысушыларының нақты өзара әрекеттестігі жоқ, венчурлық қаржыландыру кемшін дамыған, жоғары технологиялық әзірлемелерді енгізу бойынша жеке секторды тарту механизмі тиімсіз, қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстары нарық қажеттіліктеріне бағдарланбаған, қаржылық және құқықтық тұрақсыздық секілді кедергілер жетерлік. Мұның барлығы тұтас ұлттық инновациялық жүйенің тиімсіздігіне әкеледі, онсыз білім мен озық технологияларға негізделген жаңа экономика құру туралы сөз болуы мүмкін емес. Ғылыми ізденістердің заңдық иелікке жетуіне жағдай жасаған кезде ғана ол тиімді болмақ.

Сондықтан бізге ғылым мен инновацияларға жеке капитал тарту үшін қолайлы жағдайлар мен механизмдер жасау керек. Мысалы, жер қойнауын пайдаланушылардың өндіру шығыстарының 1%-ы көлемінде аударымдарын ғалымдардың қолданбалы және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер жүргізуге пайдалануының нақты тетігін дайындау қажет.

Зияткерлік меншік саласында елімізге білімге негізделген экономиканың серпінді өсуіне ықпал ететін материалдық емес активтерден мемлекетке үлкен пайда алуға мүмкіндік беретін пәрменді заңна-

малық және институционалдық тетіктер жасай отырып, жүйелі мәселелерді шешуді жеделдетуді жолға қоямыз. Әрине, бұлар айтуға жеңіл, бірақ «көз қорқақ, қол батыр» деген қағиданы да естен шығармауымыз керек. Қол да, ой да батыл болса, ізденістің ізі ашыла береді.

Бизнесті ғылымға тарту үшін тікелей және жанама әдістерді қолдана отырып, салықтық ынталандыру механизмдерін енгізу тиімді. Білім мен ғылымды қолдауға және дамытуға бағытталған, оның ішінде шикізат, технологиялық жабдықтар, жинақтаушы және қосалқы бөлшектер импорты кезінде кедендік баждар салудан босатуды көздейтін өндіру секторларындағы салықтық преференциялар мысалы бойынша жоғары оқу орындарының эндаумент-қорларының шоттарына түсетін қаражатқа салықтық ынталандыруды енгізу қажет. Елде венчурлық қаржыландыру жүйесін дамыту үшін инновациялық әзірлемелерді инвестициялау және оларды коммерцияландыру үшін венчурлық қорларды қалыптастыруға БЖЗҚ қаражатын тарту ұсынылады.

Осылайша, ғылыми ауқымды экономикасы бар елдердің тәжірибесін негізге ала отырып, венчурлық капиталды пайдалану, тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді іске асыру, университеттерді дербес зерттеу жоғары оқу орындарына трансформациялау механизмін заңнамалық деңгейде шешу арқылы университеттердің білімге негізделген инновациялық экономика субъектілері ретіндегі рөлін арттыру қажет.

Өзінің 90 жылдық тарихи кезеңіне жақындап келе жатқан ұлт білімінің ұстаханасы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғылым мен өндірістің, ғылым мен жаңа ізденістердің, ғылым мен әлемдік озық технологиялардың жаңа белестерін бағындыру жолында ізденіс үстінде. Бұған оқу ордасының материалдық-техникалық, ғылыми өміршеңдік мүмкіндігі толық сай келеді. Біз «ғылымда даңғыл жол жоқ» деген қалыптасқан қағиданы «ғылымда даңғыл жол бар, ол ізденіс пен білім жолы» деген қағидаға айналдыру үшін жүйелі жұмыстар жүргізе береміз. Уақыт бізден осыны талап етіп отыр.









ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

# ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ФЛАГМАНЫ

## КАЗНУ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ – ФЛАГМАН ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА



**Көпжасар Нәрібайұлы НӘРІБАЕВ**
Экономика ғылымдарының докторы, профессор

Қазақстан тәуелсіздік алған кезден бастап ҚазҰУ өз тарихының жаңа парағын ашты. 1991 жылы ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің есімімен бірге ұлттық университет мәртебесін алды.

1991 жылғы 4 сәуірде университет ректоры болып экономика ғылымдарының докторы, профессор Көпжасар Нәрібайұлы Нәрібаев тағайындалды. 1991 жылдың күзінде Қазақ мемлекеттік университетінің атауы мен мәртебесін өзгерту ісі басталды. ҚР Президентінің 1993 жылғы 9 қаңтардағы «Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің мәртебесі туралы» № 1059 Қаулысына сай университетке автономды мемлекеттік жоғары оқу орны мәртебесі берілді және атауы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті болып өзгертілді.

К.Н. Нәрібаевтың реформаторлық қызметінің арқасында университетте оқу және ғылыми-зерттеу құрылымдары байланыста қызмет атқарып, бірыңғай кешенді құрады. Бұрын жеке күн көріп, жұмыс істеген ғылыми-зерттеу зертханалары біріктірілді, олар әлі күнге дейін ҒЗИ құрамында. Көпжасар Нәрібайұлының қызметінде ғылым мен білімнің интеграциясына басымдық берілді.

К.Н. Нәрібаевтың бастамасымен республикада студенттердің білімін бағалаудың рейтингілік жүйесі қолданысқа енгізіліп, іргелі пәндер бойынша тестілік тапсырмалардың жиынтығы дайындалды. Елдегі алғашқы Студенттер сарайының құрылысы аяқталып, қолданысқа берілді.

ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 29 маусымдағы № 892 Қаулысына сай әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің атауы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті болып өзгертілді.

С обретением Казахстаном независимости КазНУ открыл новую страницу в своей истории. В 1991 году вместе с именем великого мыслителя Абу Насыра аль-Фараби он получил статус национального университета.

4 апреля 1991 года ректором университета был назначен доктор экономических наук, профессор Купжасар Нарибаевич Нарибаев. С осени 1991 года начинается процесс изменений в статусе и наименовании Казахского государственного университета. 9 января 1993 года Постановлением Президента РК Н.А. Назарбаева № 1059 «О статусе Казахского государственного университета им. аль-Фараби» университету присвоен статус автономного государственного вуза, и он переименован в Казахский государственный национальный университет имени аль-Фараби.

Благодаря реформаторской деятельности К.Н. Нарибаева университет представляет собой единый комплекс, в котором взаимосвязанно функционируют учебные и научно-исследовательские структуры. Все ранее существовавшие и работавшие изолированно друг от друга научно-исследовательские лаборатории были объединены и по сей день функционируют в составе НИИ. Интеграция науки и образования была одним из приоритетов в деятельности К.Н. Нарибаева.

По инициативе К.Н. Нарибаева впервые в республике введена рейтинговая оценка знаний студентов, создан банк тестовых заданий по фундаментальным дисциплинам. Завершено строительство и сдан в эксплуатацию первый в стране Дворец студентов.

Постановлением Правительства РК № 892 от 29 июня 2001 года Казахский государственный национальный университет им. аль-Фараби переименован в Казахский национальный университет им. аль-Фараби.




ҚР Президентінің 2001 жылғы 5 маусымдағы «Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы» Жарлығымен Қазақстанның жоғары оқу орындарының арасынан ҚазҰУ-ға бірінші болып ұлттық университет ерекше мәртебесі берілді.

5 июля 2001 года Указом Президента РК № 648 «О предоставлении особого статуса отдельным государственным высшим учебным заведениям» КазНУ, первому из вузов Казахстана, присвоен особый статус национального университета.



**Төлеген Әбдисағиұлы ҚОЖАМҚҰЛОВ**
Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор

2001 жылы 12 шілдеде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры болып физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Төлеген Әбдисағиұлы Қожамқұлов тағайындалды.

2001 жылғы 25 қыркүйекте Студенттер сарайына ұлы ғалым, саясат және қоғам қайраткері, академик, университет ректоры Ө.А. Жолдасбековтің есімі берілді.

2003 жылы Т.Ә. Қожамқұлов Болонья қаласында (Италия) Университеттердің ұлы хартиясына қол қойды, осылайша Қазақстан және Орта Азия жоғары оқу орындары арасынан ҚазҰУ бірінші болып еуропалық білім беру кеңістігіне енді.

Т.Ә. Қожамқұловтың бастамасымен және мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың қолдауымен ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші сатысы басталып, ғылыми кітапхана, оқу-зертханалық ғимараттар, жатақханалар және т.б. салынды.

2005 жылы университет толықтай бакалаврлар мен магистрлерді даярлаудың кредиттік технологиясына ауысты. Сол жылы ҚазҰУ-да ел көлемінде алғашқы рет PhD докторларын даярлау ісі қолға алынды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – 2006 жылы ҚР Президентінің сапа саласындағы жетістіктері үшін «Алтын сапа» сыйлығының лауреаты атанған ел тарихындағы алғашқы жоғары оқу орны.

12 июля 2001 года ректором КазНУ им. аль-Фараби назначен доктор физико-математических наук, профессор Толеген Абдисагиевич Кожамкулов.

25 сентября 2001 года Дворцу студентов было присвоено имя выдающегося ученого, политического и общественного деятеля, академика, ректора университета У.А. Джолдасбекова.

В 2003 году Т.А. Кожамкулов подписал в г. Болонья (Италия) Великую Хартию университетов, тем самым КазНУ первым среди вузов Казахстана и Центральной Азии вступил в европейское образовательное пространство.

По инициативе Т.А. Кожамкулова и при поддержке главы государства Н.А. Назарбаева начато строительство второго этапа КазГУграда, включающего строительство научной библиотеки, учебно-лабораторных корпусов, общежитий и т. д.

В 2005 году университет полностью перешел на кредитную технологию подготовки бакалавров и магистров. В том же году в КазНУ впервые в стране начата подготовка PhD.

В 2006 году КазНУ стал первым в истории государства вузом – лауреатом премии Президента РК «Алтын сапа» за достижения в области качества.







**Бақытжан Тұрсынұлы ЖҰМАҒҰЛОВ**
Техника ғылымдарының докторы,
профессор

2008 жылы 21 сәуірде ҚазҰУ ректоры болып техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов тағайындалды.

Университеттің 70 жылдығы қарсаңында ҚР Президенті қазір сәтті жұмыс істеп тұрған кітапхананың алғашқы іргетасын қалады. Жоғары оқу орнының 75 жылдығына орай келген іссапарында мемлекет басшысы ҚазҰУ мұражайы мен химия факультетінің жаңа ғимаратын ресми түрде ашты.

«Универ» автоматтандыру ақпараттық жүйесін енгізу арқылы оқу үдерісі мен білім алушылардың академиялық үлгерімі ашық сипат алды. Жүйе үнемі жаңартылып, жетілдіріліп отырады.

21 апреля 2008 года ректором КазНУ был назначен доктор технических наук, профессор, академик НАН РК Бахытжан Турсынович Жумагулов.

В год 70-летия университета Президентом РК был заложен первый камень в фундамент ныне успешно функционирующей библиотеки. В ходе визита главы государства по случаю 75-летия вуза состоялось официальное открытие музея КазНУ и нового корпуса химического факультета.

Учебный процесс и академическая успеваемость обучающихся становятся прозрачными благодаря внедрению информационной системы автоматизации «Универ», которая постоянно обновляется и совершенствуется.





**Ғалымқайыр МҰТАНОВ**
Техника ғылымдарының докторы,
профессор

2010 жылғы 7 қазанда ҚазҰУ басшылығына техника ғылымдарының докторы, профессор Ғалымқайыр Мұтанов келді. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін практикалық қызметке енгізу және нәтижеге бағытталған инновациялық басқару жүйесін пайдалану арқылы ҚазҰУ әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналып, ТМД-дың үздік университеті атанды. 2011 жылдан бастап QS WUR халықаралық рейтингісінде 500 позицияны артқа тастап, 650-орыннан 175-орынға көтерілді, осылайша әлемнің 200 үздік университетінің қатарына енген Орталық Азияның алғашқы жоғары оқу орны болды.

ҚазҰУ-дың әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіндегі көшбасшылық орнын өзге де халықаралық рейтингілік агенттіктер растады. Мәселен, университет әлемнің үздік 200 ең жасыл және экологиялық жоғары оқу орнының қатарына, 50 технологиялық дамыған университетінің құрамына енді. Еуропалық ғылыми-өндірістік палатасының «АА+» жоғары бағасын алған университетіміз Еуропаның жетекші жоғары оқу орындарымен иық тіресіп тұр. Осы жетістіктер ҚазҰУ-ды түркі және ислам әлемінің үздік университеті ретінде мойындауға септігін тигізді. Сондай-ақ төрт мерзім қатарынан БҰҰ-ның тұрақты даму бойынша Хабына айналған университетіміз оның жоғары сеніміне ие болды.

Үкіметтің 2019 жылғы 11 қарашадағы № 752 Қаулысына сай ҚазҰУ және оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындары жарғылық капиталындағы 100 пайыз мемлекеттік үлесімен коммерциялық емес акционерлік қоғам болып қайта құрылды.

7 октября 2010 года ректором КазНУ был назначен доктор технических наук, профессор Галимкаир Мутанов. Внедрение результатов научных исследований в практическую деятельность и использование инновационного управления, ориентированного на результат, способствовало трансформации КазНУ в исследовательский университет мирового уровня. КазНУ стал лучшим университетом в СНГ. С 2011 года, начав с 650-го места, университет продвинулся в международном рейтинге QS WUR почти на 500 позиций, заняв 175-е место, и стал первым вузом Центральной Азии, прорвавшимся в топ-200 лучших университетов мира.

Лидерские позиции КазНУ в мировом научно-образовательном пространстве подтверждаются и другими международными рейтинговыми агентствами. Так, университет входит в топ-200 самых зеленых и экологичных вузов мира, топ-50 технологически развитых вузов мира. Получив высокую оценку «АА+» Европейской научно-промышленной палаты, наш университет находится в одном ряду с ведущими вузами Европы. Все эти достижения способствовали признанию КазНУ лучшим университетом тюркского и исламского мира. Также университет завоевал высокое доверие ООН, став ее глобальным хабом по устойчивому развитию четыре срока подряд.

Постановлением Правительства № 752 от 11 ноября 2019 года КазНУ с его дочерними государственными предприятиями был преобразован в некоммерческое акционерное общество со стопроцентным участием государства в уставном капитале.



**Жансейіт Қансейітұлы ТҮЙМЕБАЕВ**
Филология ғылымдарының докторы,
профессор

2021 жылғы 10 ақпанда Білім беру министрінің № 16-ЖҚ бұйрығына сай ҚазҰУ ректоры қызметіне филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев тағайындалды.

2021 жылы ел бойынша грант иегерлерінің шамамен 7%-ы ҚазҰУ-ды таңдады. Қазақстандықтармен қатар университетте әлемнің 50 елінен келген 2,4 мың шетелдік студент білім алады. 2025 жылға дейін шетелдік студенттердің үлесін 25 %-ға жеткізу міндеті қойылып отыр. Университет филиалдарын Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан және Армения секілді елдерде ашу жоспарда бар.

ҚазҰУ түлектері – ел көлемінде және шетелде сұранысқа ие мамандар. Олардың жұмысқа орналасу көрсеткіші 94 %-ды құрайды. 2021 жылы QS әлемнің үздік университеттерінің рейтингісінде университет түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші бойынша үздік 201–250 университеттің қатарына енді. «Жұмысқа орналасқан түлектері» көрсеткіші бойынша әлемде 55-орынға ие.

Жоғары оқу орнында 650-ден астам білім беру бағдарламасы жүзеге асуда, оның ішінде 120-сы – АҚШ, Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия, Ресей Федерациясы жоғары оқу орындарымен бірлескен қосдипломды білім беру бағдарламасы, 92 білім беру бағдарламасы ағылшын тілінде жүргізіледі. 2021 жылы 100-ден аса білім беру бағдарламасы қолданысқа енгізілді.

Бүгін университет – ғылыми жобалар мен ғылыми жарияланымдар саны бойынша еліміздің көшбасшысы. ҚазҰУ-да еліміздің ғылыми-техникалық дамуының басым бағыттары бойынша 500-ден аса ғылыми жоба жүргізіліп жатыр, олардың жалпы бюджеті – 7,7 млрд теңгеден астам. Университет ғалымдары 400-ден аса патент пен авторлық куәлік алды.

10 февраля 2021 года приказом министра образования № 16-ЖҚ ректором КазНУ назначен доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК Жансейт Кансейтулы Туймебаев.

В 2021 г. в университет поступили около 7% грантообладателей от общего количества по стране. Наряду с казахстанцами в университете обучается 2,4 тысячи иностранных студентов из 50 стран мира. Ставится задача к 2025 году увеличить долю иностранных студентов до 25%. Планируется открытие филиалов университета за рубежом: в Турции, Кыргызстане, Узбекистане и Армении.

Выпускники КазНУ – одни из самых востребованных в стране и за ее пределами. Их трудоустройство составляет 94%. В 2021 году университет вошел в топ 201-250 по трудоустраиваемости выпускников в рейтинге QS лучших университетов мира. По показателю «Доля трудоустроившихся выпускников» КазНУ занимает 55-ю позицию в мире.

В вузе реализуется более 650 образовательных программ, из которых 120 являются программами двойного диплома совместно с вузами США, Европы, Юго-Восточной Азии, Российской Федерации, 92 образовательные программы – на английском языке. В 2021 году запущено свыше 100 новых образовательных программ.

Сегодня университет является лидером по количеству научных проектов и научных публикаций в нашей стране. В вузе реализуется свыше 500 научных проектов с общим бюджетом более 7,7 млрд тенге по наиболее важным приоритетам научно-технического развития страны. Учеными университета получено более 400 патентов и авторских свидетельств.

Жоғары оқу орнында кадрлық әлеуетті дамыту ісіне ерекше мән беріледі. Оқытушы-профессорлар құрамының штаттық саны 2,9 мың адамды құрайды, олардың қатарында 1,2 мыңнан аса ғылым докторы мен кандидаты, 350-ден астам PhD докторы бар. Университет профессорларының қатарында ҚР ҰҒА 10 академигі және 7 корреспондент-мүшесі, ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың 14 лауреаты жұмыс істейді. Оқытушыларды материалдық тұрғыдан қолдау мақсатында 2021 жылы еңбекақы екі есе жоғарылады.

Университет қалашығының аумағында толыққанды білім беру мен бос уақытты ұйымдастыру үшін қажетті кешен қызмет етеді, оның қатарында жаттығу залы, алаңқайлары мен секциялары бар спорт кешені, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, кинотеатр, оқу залдарын қамтитын кітапхана, 300 орынға арналған интернет-кафе бар. 2021 жылы жеті оқу ғимаратында жөндеу жұмыстары жүргізілді, үш оқу ғимаратында күрделі жөндеу жұмыстары аяқталып жатыр.

Особое внимание в вузе уделяется развитию кадрового потенциала. Штатная численность профессорско-преподавательского состава составляет 2,9 тысячи человек, из которых свыше 1,2 тысячи докторов и кандидатов наук и более 350 PhD. Среди профессоров университета – 10 академиков и 7 членов-корреспондентов НАН РК, 14 лауреатов Госпремии в области науки и техники. С целью материального стимулирования преподавателей в 2021 году дважды повысилась заработная плата.

На территории университетского городка функционирует целый комплекс для полноценного образования и досуга: спортивный комплекс с тренажерным залом, площадками и секциями, центр обслуживания студентов «Керемет», кинотеатр, библиотека с сетью читальных залов, интернет-кафе на 300 мест. В 2021 году в семи учебных корпусах произведен косметический ремонт, завершается капитальный ремонт в трех учебных корпусах.






ҚазҰУ тәуелсіздік жылдары жаңа Қазақстанның білімі мен ғылымындағы флагманға айналды. Бұл – заман талабына жауап бере алатын міндеттерді орындауға атсалысқан ректорлар мен оқытушы-профессорлар құрамының, адал еңбектерімен альма-матердің атына кір келтірмей жүрген түлектердің арқасында қол жеткізген деңгей.

За годы независимости КазНУ стал флагманом образования и науки нового Казахстана. В этом заслуга всех поколений ректоров и профессорско-преподавательского состава вуза, прилагающих немалые усилия для решения тех задач, которые ставит время, а также выпускников, прославляющих свою альма-матер созидательным трудом.


FARABI UNIVERSITY
ДИПЛОМ


ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
1934 ж.



# ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ: ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ

## КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ: 30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тәуелсіздік жылдарындағы дамуы оның Қазақстан экономикасының, мәдениетінің, ғылымы мен білімінің қалыптасуы және дамуына қосқан қомақты үлесімен айшықталады. Университет республикадағы бүкіл жоғары білім беру жүйесінің тірегіне, кадрлар даярлаудың ең ірі ұстаханасына, еліміздегі ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі орталықтарының біріне айналды. Тәуелсіздік жылдарында университет қабырғасынан экономиканың барлық саласында, ғылым мен білім беру жүйесінде, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдарда жемісті еңбек еткен және әлі де жұмысын жалғастырып жатқан мыңдаған маман шықты. Біздің көптеген түлек Қазақстан Республикасы мен отандық жоғары білім берудің халықаралық беделін нығайтуға лайықты үлес қосып, сондай-ақ шет мемлекеттерде қызмет етіп жүр.

1991–2021 жылдар университет тарихындағы күрделі, сонымен бірге тамаша кезең болды. Отыз жыл ішінде университет өзінің мәртебесін түбегейлі өзгертті. Оқу, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік, тәрбиелік және қоғамдық қызметінің дамуын айтарлықтай нығайтып, әрі қарай даму үстінде. Бұл уақытта ең озық білім беру технологиялары енгізіліп қана қоймай, сонымен қатар ғылыми зерттеулер мен өндірістік-технологиялық әзірлемелер саласында үлкен серпіліс болды.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақ ұлттық университеті білім берудің, ғылымның әртүрлі салаларында, маман алмасуда халықаралық ынтымақтастықты едәуір кеңейтіп, осы бағыттар бойынша бұрын қол жетпейтін көкжиектерді ашты. Сондай-ақ халықаралық білім беру кеңістігінде өз имиджі мен басымдықтарын нығайта отырып, іс жүзінде Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесіндегі көшбасшылық орнын сақтап қалды.

90-жылдардың басында бұрынғы экономикалық және саяси құрылыс ыдырай бастады. Ел үкіметінің тарихи тізбекті және салиқалы саясаты арқасында Қазақстан әлемдік қоғамдастықта өзінің лайықты орнын алған нағыз тәуелсіз, егеменді мемлекетке айналды.

Тарихи маңызды үдерістер еліміздің білім беру жүйесін, соның ішінде жоғары білім беруді және оның ажырамас бөлігі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды жаңарту жолдарын анықтаған іргелі фактор болып саналады.

За годы независимости Казахский национальный университет им. аль-Фараби показал неуклонное последовательное развитие, внося весомый вклад в становление экономики, культуры, науки и просвещения Казахстана. Университет стал оплотом всей системы высшего образования страны, крупнейшей кузницей кадров, одним из основных центров научно-исследовательской работы в республике. За годы независимости из стен университета вышли тысячи специалистов, которые плодотворно трудились и продолжают трудиться во всех отраслях экономики, науке и образовании, государственных органах и неправительственных организациях. Немало наших выпускников работали и ныне работают за пределами страны, внося достойный вклад в укрепление международного авторитета Республики Казахстан и отечественной высшей школы.

1991–2021 годы – непростой, но одновременно прекрасный период в истории университета. За тридцать лет вуз кардинально изменил свой статус, значительно укрепил и продолжил развитие образовательной, научно-исследовательской, научно-методической, воспитательной и общественной деятельности. На это время приходится не только внедрение передовых образовательных технологий, но и поистине гигантский прорыв в области научных исследований и производственно-технологических разработок.

За годы независимости Казахский национальный университет значительно расширил свое международное сотрудничество в различных областях образования, науки, обмена кадрами, открывая недоступные в прошлом горизонты в этих сферах деятельности, укрепляя свой имидж и приоритеты в международном образовательном пространстве, на практике подтверждая свое лидирующее положение в системе высшей школы Республики Казахстан.

На начало 90-х годов пришелся распад прежнего экономического и политического уклада. Благодаря исторически последовательной и взвешенной деятельности руководства страны Казахстан стал подлинно независимым, суверенным государством, обретшим достойное место в мировом сообществе.

Глубочайшие по своей исторической значимости процессы являются фундаментальным фактором, определившим пути обновления системы образования страны, высшей школы и ее неотъемлемой части – КазНУ им. аль-Фараби.



Қазақстанның тәуелсіздік алуымен университет өз даму тарихының жаңа кезеңіне жол ашты. 1991 жылы университетіміз ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби есімімен бірге ұлттық университет мәртебесіне ие болды.

Қазақстанның жетекші университеті, Халықаралық университеттер қауымдастығының мүшесі және Еуразиялық университеттер қауымдастығы құрылтайшыларының бірі болып саналатын Қазақ ұлттық университеті 2003 жылы 16 қыркүйекте Болонья қаласында (Италия) Университеттердің әлемдік хартиясына қол қойып, отандық жоғары мектептің Еуропалық білім беру қауымдастығына мүше болды.

С обретением Казахстаном государственной независимости вуз открыл новую страницу истории. В 1991 году вместе с именем великого мыслителя Абу Насра аль-Фараби он получил статус национального университета.

Казахский национальный университет, будучи ведущим университетом Казахстана, членом Международной Ассоциации университетов и одним из учредителей Евразийской Ассоциации университетов, подписал 16 сентября 2003 года в г. Болонья (Италия) Всемирную Хартию Университетов и начал путь вхождения отечественной высшей школы в Европейское образовательное сообщество.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының бірінші лауреаты, қазақстандық жоғары оқу орындарының басты рейтингісінде көшбасшы. Сонымен бірге QS University Ranking халықаралық рейтингісінде университет 175-орынды иемденеді.

Бүгінгі таңда университеттің қызметі мыңдаған профессор, оқытушылардың, ғылыми және әкімшілік қызметкерлердің, студенттер мен магистранттар, докторанттар ұжымының қарқынды шығармашылық еңбегінен тұрады.

Қазақ ұлттық университеті жылдар жылжыған сайын өсіп, дамып келеді. Университет қалашығының аумағында заманауи оқу ғимараттары, зәулім ғылыми кітапхана, мұражайлар, интернет орталығы, тамақтану комбинаты, спорт кешені мен стадион, Студенттер сарайы мен кинотеатр, студенттер үйлері бой көтерген, ал Ыстықкөл жағалауында университеттің спорттық-сауықтыру лагері бар. Солардың ішінде механика-математика, физика-техникалық, химия және химиялық технология факультеттерінің жаңа ғимараттары, Орталық Азиядағы ең үлкен университеттік кітапхана болып саналатын әл-Фараби атындағы кітапхана ғимараты, Жас ғалымдар үйі, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, жүзу бассейні – осы тәуелсіздіктің соңғы он жылдығында пайдалануға берілген нысандар. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы «Қазақстан – 2050» Стратегиясының алға қойған міндеттерін орындау үшін бар күш-жігерін жұмсайды және Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына ену жоспарын жүзеге асыруға өз үлесін қосады.



Вуз является первым лауреатом Премии Президента РК «За достижения в области качества», лидером в генеральном рейтинге казахстанских вузов. В международном рейтинге QS University Ranking университет достойно занимает 175-е место.

Сегодняшняя жизнь университета наполнена напряженным творческим трудом многотысячного коллектива профессоров, преподавателей, научных и административных работников, студентов, магистрантов, докторантов и постдокторантов.

Казахский национальный университет продолжает расти и развиваться. На территории университетского городка функционируют современные учебные корпуса, библиотеки, музей, интернет-центр, комбинат питания, спортивный комплекс и стадион, Дворец студентов и кинотеатр, комфортабельные общежития, на озере Иссык-Куль есть спортивно-оздоровительный лагерь. Строительство университетского кампуса продолжается. Введены в эксплуатацию новые корпуса механико-математического и физико-технического факультетов, химии и химической технологии, новая, самая большая в Центральной Азии библиотека, дом молодых ученых, центр обслуживания студентов «Керемет», плавательный бассейн.

Коллектив КазНУ им. аль-Фараби прилагает все усилия для выполнения задач, поставленных «Стратегией-2050» и, несомненно, внесет свой вклад в осуществление планов по вхождению Казахстана в число 30 самых развитых стран мира.









ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ





ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

# ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗҰУ АҚСАҚАЛДАР КЕҢЕСІ

# СОВЕТ СТАРЕЙШИН КАЗНУ имени АЛЬ-ФАРАБИ

2010 жылы ҚазҰУ-да біршама жыл еңбек еткен белгілі оқытушылар мен профессорлардың басын қосып Ақсақалдар кеңесі құрылды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ақсақалдар кеңесі университеттің ғылыми және қоғамдық өмірінің, оқу қызметінің дамуына бағытталған, ректордың тапсырмалары бойынша ұсыныстар әзірлеу және қоғамдық маңызы зор мәселелерді талқылау мақсатындағы қоғамдық-кеңесші орган ретінде құрылды.

Ақсақалдар кеңесінің алғашқы отырысы 2010 жылы 29 желтоқсанда өтті. Бірінші отырыстың шешімімен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ақсақалдар кеңесі туралы ереже қабылданды.

Ақсақалдар кеңесінің төрағасы болып Сұлтан Сартайұлы Сартаев, төраға орынбасары болып Зұлқайыр Аймұхаметұлы Мансұров, кеңес отырысының хатшысы болып Гүлнәр Әлібекқызы Сәрсенбекова тағайындалды.

Заң ғылымдарының докторы, академик С.З. Зиманов, физика ғылымдарының докторы М.М. Әбділдин, филология ғылымдарының докторы Т.К. Кәкішев, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Ғ.Ж. Жұматов, химия ғылымдарының докторы Х.Қ. Оспанов, механика-математика ғылымдарының кандидаты В.Х. Ни, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Ә.Ы. Ыдрысов, тарих ғылымдарының докторы У.Х. Шәлекенов, физика-математика ғылымдарының докторы С.С. Оспанов, тарих ғылымдарының докторы К.Қ. Қожахметов, география ғылымдарының докторы А.В. Чигаркин, филология ғылымдарының докторы Ө.К. Күмісбаев, философия ғылымдарының докторы М.С. Әженов, тарих ғылымдарының докторы Ф.М. Пузиков, биология ғылымдарының докторы М.Х. Шигаева Ақсақалдар кеңесінің мүшелері болып сайланды.

В 2010 году в КазНУ им. аль-Фараби был создан Совет старейшин, в который вошли известные преподаватели и профессора, много лет проработавшие в университете. Совет старейшин – это общественно-консультативный орган, функцией которого является подготовка предложений и рекомендаций по важным вопросам развития учебной, научной и общественной жизни университета.

Первое заседание, на котором было принято положение о Совете старейшин Казахского национального университета, состоялось 29 декабря 2010 года.

Председателем Совета был назначен Султан Сартаевич Сартаев, заместителем – Зулхаир Аймухаметович Мансуров, секретарем заседания – Гульнар Алибековна Сарсенбекова.

Членами Совета старейшин были избраны доктор юридических наук, академик С.З. Зиманов, доктор физико-математических наук М.М. Абдильдин, доктор филологических наук Т.К. Какишев, кандидат исторических наук, профессор Г.Ж. Жуматов, доктор химических наук Х.К. Оспанов, кандидат физико-математических наук В.Х. Ни, кандидат исторических наук, профессор А.И. Идрисов, доктор исторических наук У.Х. Шалекенов, доктор физико-математических наук С.С. Оспанов, доктор исторических наук К.К. Кожахметов, доктор географических наук А.В. Чигаркин, доктор филологических наук О.К. Кумисбаев, доктор философских наук М.С. Аженов, доктор исторических наук Ф.М. Пузиков, доктор биологических наук М.Х. Шигаева.










АМАНАТ


КЕРЕМЕТ



ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

# ҚАЗҰУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ

# КАЗНУ И НАУЧНО-ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Тәуелсіздік жылдары ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ елімізде теңдесі жоқ ғылыми-инновациялық инфрақұрылымы бар қуатты зияткерлік корпорацияға айналды.

90-жылдардың басында ҚР Үкіметінің Қаулысымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жаратылыстану факультеттері негізінде дербес заңды мәртебесі бар еліміздегі алғашқы университеттік ғылыми-зерттеу институттары (ҒЗИ): Эксперименттік және теориялық физика ҒЗИ, Жаңа химиялық технологиялар мен материалдар ҒЗИ, Механика және математика ҒЗИ, Биология және биотехнология ҒЗИ, Экология мәселелері ҒЗИ құрылды. 2000 жылдардың басынан бастап үш негізгі – білім беру, ғылыми-зерттеу, инновациялық миссиялардың бірлігін бейнелейтін білім мен ғылымды дамытудың әлемдік трендтерін ескере отырып, университетте Ашық типтегі ұлттық нанотехнологиялық зертхана, Инженерлік бейіндегі зертхана, Ғылыми-технологиялық парк ашылды. Содан бері олар елде де, одан тыс жерлерде де кеңінен танымал ірі ғылыми орталықтарға айналды. Университетте орындалатын зерттеулер мен әзірлемелердің 70%-дан астамы оларға тиесілі. Мәселен, 2018–2020 жылдарға арналған мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде олар гранттық және нысаналы-бағдарламалық қаржыландыру бойынша жалпы сомасы 8 млрд теңгеден асатын 111 жоба, коммерцияландыруға арналған гранттар мен шаруашылық келісімшарттар негізінде 2 млрд теңгеге жуық 300-ден астам жоба бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын табысты орындады. Қазіргі таңда гранттық қаржыландыру бойынша жалпы сомасы 8 млрд теңгеден асатын 174 жоба жүргізілуде. Бұдан басқа ҒЗИ ғылым мен білім беруді интеграциялау негізінде жоғары білікті кадрларды даярлау базасы болып саналады.

Бүгінде ғылыми зерттеулерді әзірлеумен 8 ҒЗИ, 6 институт және 12 әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі ғылыми-зерттеу орталықтары, «Ұлы Даланың тарихы мен мәдениеті» бағдарламасы бойынша 3 ғылыми-зерттеу орталығы, 1 зертхана және 1 жаратылыстану-ғылыми бейіндегі институт айналысады, онда кластерлік тәсіл негізінде «идеяны қалыптастырудан – оны коммерцияландыруға дейін» тиімді технологиялық дәліз құрылған. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына (ҒЗЖ) 525-тен астам ғылым докторы, 900-ге жуық ғылым кандидаты, 400-ден аса PhD докторы мен ҒЗИ-дың ғылыми қызметкерлері және университеттің инженерлік-техникалық мамандары тартылған.

За годы независимости КазНУ им. аль-Фараби стал мощной интеллектуальной корпорацией с научно-инновационной инфраструктурой, не имеющей аналогов в стране.

В начале 90-х годов Постановлениями Правительства РК на базе естественных факультетов КазНУ им. аль-Фараби были созданы первые в стране университетские научно-исследовательские институты (НИИ), имеющие самостоятельный юридический статус: НИИ экспериментальной и теоретической физики, НИИ новых химических технологий и материалов, НИИ механики и математики, НИИ биологии и биотехнологии, НИИ проблем экологии. С начала 2000-х годов с учетом мировых трендов развития образования и науки, воплощающих единство трёх ключевых миссий – образовательной, научно-исследовательской, инновационной – в университете были открыты Национальная нанотехнологическая лаборатория открытого типа, Лаборатория инженерного профиля, Научно-технологический парк. С тех пор вышеперечисленные НИИ трансформировались в крупные научные центры, получившие широкое признание как в стране, так и далеко за ее пределами. на их долю приходится более 70% выполняемых в Университете исследований и разработок. Так, в рамках выполнения Государственного задания на 2018–2020 годы они успешно выполнили НИР по 111 проектам ГФ и ПЦФ на общую сумму более 8 млрд тенге, по грантам на коммерциализацию и хоздоговорам более 300 проектов почти на 2 млрд тенге. В настоящее проводят по 174 проектам ГФ на общую сумму более 8 млрд тенге. Кроме того, НИИ являются базами подготовки высококвалифицированных кадров на основе интеграции науки и образования.

Сегодня научными исследованиями занимаются 8 НИИ, 6 Институтов и 12 научно-исследовательских центров социогуманитарного профиля, 3 научно-исследовательских центра по программе «История и культура Великой степи»; 3 научно-исследовательских центра, 1 лаборатория и 1 институт естественно-научного профиля, где на основе кластерного подхода выстроен эффективный технологический коридор «от генерирования идеи до ее коммерциализации». В НИР вовлечены 525 докторов наук, около 900 кандидатов наук, более 400 докторов PhD, научные сотрудники НИИ и инженерно-технические работники университета.



Жоғары білікті мамандардың шоғырлануы, ғылыми-тәжірибелік және материалдық-техникалық базаның болуы ҚазҰУ-ға білімге негізделген экономиканы инновациялық дамытудың мемлекеттік саясатын іске асыруда белсенді қатысуға, әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне трансформациялануды жүзеге асыруға, мемлекеттік тапсырмаларды орындаудың тиімділігін арттыруға, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелерін коммерцияландыру, экономиканың нақты секторына енгізу үрдістерін жеделдетуге мүмкіндік береді. Осы мақсатта жақында қызметі технологиялық шешімдер мен ғылыми ауқымды технологияларды әзірлеуге, нарыққа шығара отырып инновациялық өнімнің прототиптерін жасауға, кәсіпорындардың тапсырысы бойынша зертханалық үлгілер мен шағын сериялы өнімдер шығаруға, өнім үлгілерін сертификаттауға және зияткерлік меншікке қорғау құжаттарын алуға бағытталған Технологияларды коммерцияландыру орталығы құрылды.

Такая концентрация высококвалифицированных специалистов, наличие научно-экспериментальной и материально-технической базы позволяют КазНУ активно участвовать в реализации государственной политики инновационного развития экономики, основанной на знаниях, осуществлять трансформацию в исследовательский университет мирового уровня, повысить эффективность выполнения Государственных заданий, ускорить процессы внедрения в реальный сектор экономики и коммерциализации результатов НИР и НИОКР. С этой целью недавно создан Центр коммерциализации технологий, деятельность которого направлена на разработку технологических решений и наукоемких технологий, создание прототипов инновационной продукции с выходом на рынок, выпуск лабораторных образцов и малосерийной продукции по заказу предприятий, сертификацию образцов продукции и получение охранных документов на интеллектуальную собственность.




ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

ҚазҰУ ғалымдары электр энергетикасы, жаңа биологиялық белсенді заттар, әлемдік деңгейге сәйкес келетін өнім шығара отырып техногендік шикізатты қайта өңдеу, ферросиликоалюминий (әлемде алғаш рет) мен күкірт қышқылының таза сұрыптарын шығару ісімен шұғылдануда. Сондай-ақ жаңа инновациялық технологиялар мен басқа да ғылым салаларында күрделі теориялық және практикалық міндеттерді шеше отырып іргелі және қолданбалы ғылымдардың түрлі бағыттары бойынша жұмыстарын жемісті жалғастыруда.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарихы мен даңқын осында оқыған және оқытқан, білім мен ғылымның тығыз байланысын қамтамасыз еткен тұлғалар жасаған. Университеттің дамуына баға жетпес үлес қосып, ғылым жолында

Ученые КазНУ продолжают плодотворно работать в различных направлениях фундаментальных и прикладных наук, решая сложнейшие теоретические и практические задачи в области электроэнергетики, новых биологически активных веществ, переработки техногенного сырья с выпуском продукции, соответствующей мировому уровню, ферросиликоалюминия (впервые в мире) и чистых сортов серной кислоты, новых инновационных технологий и в других областях наук.

Историю и славу Казахского национального университета им. аль-Фараби за годы Независимости Республики Казахстан создавали люди, которые в нем преподавали и учились, обеспечивали тесную связь образования и науки. Имена ученых, внесших неоценимый вклад в развитие университета и оста-





елеулі із қалдырған ғалым-ұстаздардың есімі жас ұрпақтың есінде мәңгі сақталады.

Университет тарихының соңғы 30 жылында ғылыми зерттеулерді орындаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ететін республика көлемінде ғана емес, оның шекарасынан тыс жерлерде де белгілі ғалымдар жетекшілік жасайтын ірі ғылыми мектептерді қалыптастыру ісі жалғасын тапты. ҚазҰУ ғалымдарының ғылыми әзірлемелері жоғары деңгейді көрсетіп, ғылыми мектептердің негізін қалаушылардың ең үздік дәстүрлерін жалғастырып келеді.

Білімнің қара шаңырағында ұлттық игілікке айналған ірі мектептермен қатар Қазақстан мен университеттің ғылымын дамыту үшін үлесі кем емес көптеген жас ғылыми ұжымдар бар. Жалпы алғанда, ҚазҰУ-дың ғылыми мектептері білімнің барлық саласында ғылымның дамуына өз үлестерін қосты және әлі де қосуда. Атап айтсақ:

– Информатика және ақпараттық технологиялар саласында – ақпараттық жүйелер, ақпараттық қауіпсіздік, желілік және телекоммуникациялық технологиялар, автоматтандыру және басқару, жасанды интеллект және BigData мектептері.

вивших заметный след в науке, будут всегда в памяти молодого поколения.

За последние 30 лет истории университета было продолжено формирование крупных научных школ, которые возглавляют известные не только в республике, но и далеко за ее пределами ученые, обеспечивающие высокий уровень выполнения научных исследований. Научные разработки ученых КазНУ им. аль-Фараби продолжают лучшие традиции, заложенные основателями научных школ.

В Университете наряду с крупными школами, ставшими национальным достоянием, имеется много молодых научных коллективов, плодотворно работающих на благо Казахстана и Университета. В целом научные школы КазНУ внесли и вносят свой вклад в развитие науки практически во всех областях знаний.

В области информатики и информационных технологий – школы по информационным системам, информационной безопасности, сетевым и телекоммуникационным технологиям, автоматизации и управлению, искусственному интеллекту и BigData.

– Физика және астрономия саласында теориялық физика және астрофизика, ядро және элементар бөлшектер физикасы, плазма және плазмалық технологиялар физикасы, конденсацияланған күй және материалтану және наноматериалдар мәселелері физикасы, жылу физикасы және жылу техникасы, техникалық физика және сызықты емес физика, радиофизика бойынша мектептер құрылып, дамуда.

– Математика және механика саласында дифференциалдық теңдеулер, теориялық және аспан механикасы, математикалық және функционалдық талдау, ықтималдық теориясы, физика-химиялық процестерді математикалық модельдеу, робототехника, механизмдер мен машиналар теориясы, технологиялық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерді модельдеу мен басқару және шағын ғарыш аппараттарын құру бойынша мектептер бар.

В области физики и астрономии созданы и развиваются школы по теоретической физике и астрофизике, физике ядра и элементарных частиц, физике плазмы и плазменных технологий, физике конденсированного состояния и проблем материаловедения и наноматериалов, теплофизике и теплотехнике, технической физике и нелинейной физике и радиофизике.

В области математики и механики есть школы по дифференциальным уравнениям, теоретической и небесной механике, математическому и функциональному анализу, теории вероятности, математическому моделированию физико-химических процессов, робототехнике, теории механизмов и машин, моделированию и управлению технологическими и социально-экономическими системами и созданию малых космических аппаратов.







– Химия, жаңа материалдар және химиялық технологиялар саласында – органикалық химия, фосфорит шикізатын өңдеудің химиялық технологиялары, гидрохимия, табиғи қосылыстар химиясы, сирек элементтер химиясы, аналитикалық химия, коллоидты химия, жоғары молекулалық қосылыстар химиясы, табиғи қосылыстар мен дәрілік заттар химиясы бойынша.

Биология саласында – молекулалық биология, молекулалық генетика, микроорганизмдер биотехнологиясы, гендік инженерия, өсімдіктердің жасушалық инженериясы, биоинформатика, биофизика және биомедицина бойынша.

Медицина саласында – кәсіби аурулардың эпидемиологиясы, қоршаған ортаның ластануы және адам денсаулығы, созылмалы инфекциялық емес аурулардың эпидемиологиясы мен қауіп факторлары бойынша.

Жер туралы ғылымдар және экология саласында – физикалық география, экономикалық, әлеуметтік және саяси география; геоморфология және картография, құрлық гидрологиясы; метеорология және қолданбалы экологиялар бойынша.

Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласында – экономикалық-математикалық модельдеу, экономиканы мемлекеттік реттеу, менеджмент

В области химии, новых материалов и химических технологий – по органической химии, химическим технологиям переработки фосфоритного сырья, гидрохимии, химии природных соединений, химии редких элементов, аналитической химии, коллоидной химии, химии высокомолекулярных соединений, химии природных соединений и лекарственных веществ.

В области биологии – по молекулярной биологии, молекулярной генетике, биотехнологии микроорганизмов, генной инженерии, клеточной инженерии растений, биоинформатике, биофизике и биомедицине.

В области медицины – по эпидемиологии профессиональных заболеваний, загрязнению окружающей среды и здоровью человека, эпидемиологии хронических неинфекционных заболеваний и факторов риска.

В области наук о Земле и экологии – по физической географии, экономической, социальной и политической географии; геоморфологии и картографии, гидрологии суши; метеорологии и прикладной экологии.

В области социальных и гуманитарных наук – по экономико-математическому моделированию, государственному регулированию экономики, менеджменту и

және аудит; Қазақстанның инновациялық дамуын құқықтық қолдау, мемлекеттік-құқықтық басқару және реттеу, қылмыстың қылмыстық және процестік аспектілері; ҚР сыртқы саясаты мен дипломатиясы, аймақтану және халықаралық құқық; қазақ философиясының тарихы мен теориясы, дінтану, саясаттану, әлеуметтану, қолданбалы психология және этнопедагогика; қазақ журналистикасы мен публицистикасы, медиакоммуникациялар, баспа ісі және дизайн; қазақ әдебиеттануы, қазақ тілі тарихы, қазақ және орыс тіл білімі, қазақ тілінің этимологиясы және синтаксисін зерттеу, лингвистика; Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, деректану, тарихнама, мұрағаттану, археология және этнография; фарабитану, түркітану, арабтану, үндітану, ирантану, қытайтану, жапонтану және корейтану.

аудиту; правовой поддержке инновационного развития Казахстана, государственно-правовому управлению и регулированию, уголовным и процессуальным аспектам преступлений; внешней политике и дипломатии РК, регионоведению и международному праву; истории и теории казахской философии, религиоведению, политологии, социологии, прикладной психологии и этнопедагогике; казахстанской журналистике и публицистике, медиакоммуникациям, издательскому делу и дизайну; казахскому литературоведению, истории казахского языка, казахскому и русскому языкознанию, этимологии казахского языка и исследованию синтаксиса, лингвистике; истории Казахстана, всемирной истории, источниковедению, историографии, архивоведению, археологии и этнографии; фарабиеведению, тюркологии, арабистике, индология; иранистике; китаеведению; японоведению и корееведению.









Бүгінгі таңда ҚазҰУ-дың дамуы – Елбасы Н.Ә. Назарбаев қойған және мемлекет басшысы Қ.-Ж.К. Тоқаев қолдау көрсеткен басты мақсатпен байланысты, яғни ең дамыған 30 елдің қатарына ену және әлемнің 200 үздік университетіне кіру міндеті.

Жоғары оқу орындары адами капиталды қалыптастыру субъектілері ретінде елдің инновациялық дамуының және жаңғырту үрдістері драйверлерінің бірі болуға тиіс.

Университет ғалымдарының ғылыми әлеуетінің жоғары деңгейін ескере отырып, білім ордасының негізін қалаушылар салған дәстүрлер жалғасын табатынына кәміл сенуге болады. XXI ғасырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлектері қазақстандық ғылымның мақтанышы болып, әлемдік экономикада Қазақстанның лайықты орнын қамтамасыз етеді.

Развитие КазНУ сегодня связано с главной целью, поставленной Елбасы Н.А. Назарбаевым и поддерживаемой главой государства К.-Ж. Токаевым, – войти в число 30 наиболее развитых стран и задачей по вхождению в топ-200 лучших университетов мира.

Университеты как субъекты формирования человеческого капитала должны выступать одними из драйверов модернизационных процессов и инновационного развития страны.

Учитывая высокий уровень научного потенциала ученых университета, можно надеяться, что традиции, заложенные предшественниками, будут достойно продолжены. И в XXI веке выпускники КазНУ им. аль-Фараби составят гордость казахстанской науки и обеспечат достойное место Казахстана в мировой экономике.



ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

# ҒЫЛЫМИ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПАРК

## НАУЧНО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ ПАРК

«Ғылыми-технологиялық парк» ЕМК 1994 жылы дербес заңды шаруашылық жүргізуші субъект ретінде құрылған.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми-технологиялық паркін ұйымдастырудағы мақсат – университет ғалымдары мен жас зерттеушілерінің ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының нәтижелеріне негізделген белсенді түрде ғылымды қажетсінетін өндіріс саласын өрістету үшін қолайлы жағдай жасау.

ҒТП миссиясы – инновациялық кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы жағдай жасау, ықтимал іскерлік серіктестерді іздеу, инновациялық ғылыми-техникалық жобаларды жүзеге асыруға инвесторларды тарту және сапалы консалтингтік қызметтер көрсету.

ДГП «Научно-технологический парк» создано в 1994 году в качестве самостоятельного юридического хозяйствующего субъекта.

Целью организации научно-технологического парка КазНУ им. аль-Фараби являлось создание благоприятных условий для активного развертывания наукоемких производств, которые основываются на результатах научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ ученых и молодых исследователей университета.

Миссия НТП – создание благоприятных условий для становления и развития инновационного предпринимательства, поиск возможных деловых партнеров, привлечение инвесторов к реализации инновационных научно-технических проектов и предоставление качественных консалтинговых услуг.









Технопарк қызметінің негізгі мақсаттары:

– ғылыми, ғылыми-техникалық, инновациялық салаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу;

– мемлекеттік, салалық, аймақтық және халықаралық ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау, ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялық өнімдер шығару;

– жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының, жекелеген ғалымдары мен мамандарының, білім алушыларының (студенттер, магистранттар, докторанттар) қатысуымен ғылыми-техникалық салада кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру;

– ғылымды қажетсінетін өнімнің сыртқы нарыққа шығуына ықпал ететін халықаралық келісімшарттар жасасуға жәрдемдесу;

– халықаралық бағдарламалар мен көрмелерге қатысу, делдалдық және өкілдік қызметтерді орындау;

– шетелдік инвестициялар мен технологияларды тартуға жәрдемдесу.

Основные цели деятельности Технопарка:

– содействие развитию предпринимательства в научной, научно-технической, инновационной сферах;

– участие в разработке и реализации государственных, отраслевых, региональных и международных научно-технических программ и проектов, выполнение научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ, выпуск наукоемкой и высокотехнологичной продукции;

– организация предпринимательской деятельности в научно-технической сфере с участием профессорско-преподавательского состава, отдельных ученых и специалистов, обучающихся (студентов, магистрантов, докторантов) высших учебных заведений;

– содействие заключению международных контрактов, способствующих выходу наукоемкой продукции на внешний рынок;

– участие в международных программах и выставках, выполнение посреднических и представительских услуг;

– содействие привлечению иностранных инвестиций и технологий.








Технопаркте республикалық және халықаралық жобалар бойынша әлемдік деңгейде іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізіледі. Іргелі және қолданбалы зерттеулер институттардың ҒЗЖ оларды практикалық қолдану жазықтығына көшу мүмкіндігімен нақты нәтижеге жүргізіледі. Бұдан басқа, инновациялық қызметті дамытуға баса көңіл бөлінеді, ҚР заңнамасы және әлеуетті бизнес-әріптестермен халықаралық шарттар негізінде халықаралық ынтымақтастық жүзеге асырылады.

В НТП проводятся фундаментальные и прикладные исследования на мировом уровне по республиканским и международным проектам. Фундаментальные и прикладные исследования проводятся на конкретный результат с возможностью перехода НИР институтов в плоскость практического их применения. Кроме того, уделяется большое внимание развитию инновационной деятельности, осуществляется международное сотрудничество на основе законодательства РК и международных договоров с потенциальными бизнес-партнёрами.

Технопарк Қазақстан Республикасында физика-техникалық, химия-технологиялық, биологиялық және математикалық бағыттар бойынша әртүрлі ғылыми-техникалық бағдарламалар мен атқарушы келісімдерге қатысу бойынша көшбасшы болып табылады.

НТП является лидером в РК по участию в различных научно-технических программах и исполнительных соглашениях по физико-техническим, химико-технологическим, биологическим и математическим направлениям науки.








Ө.А.ЖОЛДАСБЕКОВ атындағы
СТУДЕНТТЕР САРАЙЫ

# ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ ИНТЕГРАЦИЯСЫ

## ИНТЕГРАЦИЯ НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ



Қазіргі таңда әлемдік деңгейдегі зерттеу университеттері – сапалы білім беретін, мәдени және зияткерлік тұрғыда дамытатын жоғары оқу орындары ғана емес, сонымен қатар мемлекет үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды қалыптастыратын білім, ғылым және өндірісті интеграциялаудың тиімді формалары. ҚазҰУ-дың даму стратегиясына сәйкес білім берудің әртүрлі қырларын халықаралық деңгейдегі жетекші шетелдік университеттермен үйлестіру мақсатында білім беру үдерісі толық жаңғыртылды, оқу бағдарламаларын әртараптандыру (бакалавриат – магистратура – PhD докторантура) жұмыстары жүргізілді.

В настоящее время исследовательские университеты мирового класса – это не только высшие учебные заведения, дающие качественное образование, интеллектуальное и культурное развитие, но и эффективные формы интеграции образования, науки и производства, создающие для государства конкурентный человеческий капитал. Согласно стратегии развития КазНУ проведена полная модернизация образовательного процесса, диверсификация учебных программ (бакалавриат – магистратура – докторантура PhD) с целью гармонизации содержания образования с признанными на международном уровне ведущими зарубежными университетами.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да халықаралық стандарттарға сәйкес, сондай-ақ білім алушылардың қазақстандық және халықаралық еңбек нарықтарында бәсекеге қабілеттілігін арттыратын, қажетті кәсіби құзыреттерге ие болуын қамтамасыз ететін инновациялық кәсіби білім беру бағдарламалары әзірленді. Кез келген білім беру бағдарламасының негізі болып табылатын жаңа оқу жоспарларын қалыптастыру мақсатында Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, сонымен қатар Назарбаев Университетінің, Cambridge, Oxford, Edinburg, University College London (UCL), Heidelberg Universität, Munchen Universität, Sorbonne, Strasbourg, Massachusetts Institute of Technology (MIT), Harvard, Stanford, Yale және т.б. жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының бағдарламаларына толық талдау жүргізілді. Нәтижесінде жаратылыстану-техникалық және әлеуметтік-гуманитарлық бағыттар бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жаңа негізгі оқу жоспарларының жобалары әзірленді. Оқу жоспарларының білім беру бағдарламалары нақты бағытқа қойылған, сондай-ақ даярлаудың пәнаралық сипаты мен оқыту мазмұнын қалыптастыру үшін құзыреттілік-модульдік әдіс-тәсілдермен қамтамасыз етілген. Элективті пәндер еңбек нарығының қажеттіліктерін жан-жақты талдау нәтижелеріне және ғылымның заманауи даму тенденцияларына негізделе отырып құрастырылған.

В КазНУ им. аль-Фараби разработаны инновационные образовательно-профессиональные программы, соответствующие международным стандартам и обеспечивающие приобретение обучающимися необходимых им профессиональных компетенций, повышающих их конкурентоспособность на казахстанском и международном рынках труда. Для формирования новых учебных планов, которые являются основой любой образовательной программы, проведен детальный анализ Государственных общеобязательных стандартов образования, а также программ Назарбаев Университета и ведущих зарубежных вузов: Cambridge, Oxford, Edinburg, University College London (UCL), Heidelberg Universität, Munchen Universität, Sorbonne, Strasbourg, Massachusetts Institute of Technology (MIT), Harvard, Stanford, Yale и др. На основе проведенного анализа разработаны проекты новых основных учебных планов КазНУ им. аль-Фараби по естественно-техническому и социально-гуманитарному направлениям, в которых учитывается направленность образовательных программ, обеспечиваются междисциплинарность подготовки и компетентностно-модульный подход к формированию содержания обучения. Перечень элективных дисциплин основан на всестороннем анализе потребностей рынка труда, а также отражает современные тенденции развития науки.





Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің зерттеу университетіне трансформациялану бағдарламасына сәйкес бакалавриат білім беру бағдарламаларын оңтайландыра отырып, магистратура және PhD докторантура білім беру бағдарламаларының ұлғаю үрдісі кеңінен байқалады.

В связи с программой трансформации Казахского национального университета им. аль-Фараби в исследовательский наблюдается тенденция к оптимизации образовательных программ бакалавриата с одновременным увеличением образовательных программ магистратуры и PhD-докторантуры.



Университетті классикалық түрден жаңа зерттеу моделіне трансформациялау бағдарламасын жүзеге асыру аясында және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да кәсіби мамандануға сәйкес білікті мамандарды даярлау мақсатында кафедраларды күшейту және олардың арасында білім беру бағдарламаларын қайта бөлу арқылы кафедралардың ғылыми-педагогикалық әлеуетін арттыру жұмыстары жүргізілді. Бұл ретте білім алушылардың жалпы санынан жоғары оқу орнынан кейінгі магистратура және PhD докторантурада оқитындар санының тұрақты өсу қарқыны байқалады. Магистратура мен докторантура білім беру бағдарламаларының саны бакалавриат бағдарламаларының санынан екі есе артық, ал университет магистранттар мен докторанттар саны бойынша ҚР ЖОО арасында көшбасшылық орынға ие.

В рамках реализуемой Программы трансформации университета и перехода от классического типа к новой модели – исследовательской в КазНУ им. аль-Фараби проведена работа по повышению научно-педагогического потенциала кафедр посредством их укрупнения и перераспределения образовательных программ между ними согласно профессиональным специализациям по подготовке квалифицированных специалистов. При этом отмечена устойчивая динамика роста числа обучающихся по программам послевузовского образования: магистратура и докторантура PhD от общего числа обучающихся. Число образовательных программ магистратуры и докторантуры вдвое превышает количество программ бакалавриата, а университет занимает лидирующее положение среди вузов РК по числу магистрантов и докторантов.





# АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ФАКУЛЬТЕТІ

## ФАКУЛЬТЕТ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мемлекетіміздің даму қарқынын арттыруға арналған әрбір жобаның жүзеге асырылуына үлес қосып келеді. Осы орайда 2018 жылы қабылданған «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының аясында сол жылдың 15 қаңтарында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жаңа ақпараттық технологиялар факультеті іргесін қалады. Алғашында Информатика және Ақпараттық жүйелер кафедраларынан құралған ақпараттық технологиялар факультетінде IT-саласының жаңа лебі болып Жасанды интеллект және Big Data кафедрасы ашылды.

Факультеттің үш жарым жылға жуық тарихында IT-саласының 3000-ға жуық маманы даярланып шықты. Жыл сайын ақпараттық технологиялар факультетіне түсуге ниет білдірушілер саны артып келеді. Ақпараттық технологиялар факультеті бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейлері бойынша мамандар даярлайды. Ақпараттық жүйелер кафедрасында «Ақпараттық жүйелер», «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері», «Есептеуіш лингвистика», «Жоғары жүктелген жасанды интеллектісі бар ақпараттық жүйелер», «Индустриалды ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярланады. Ал «Компьютерлік инженерия», «Компьютерлік ғылымдар», «Жүйелік инженерия», «Педагогикалық информатика» білім беру бағдарламалары бойынша мамандар Информатика кафедрасында даярланады. Жасанды интеллект және Big Data кафедрасында келесі білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярланады: «Автоматтандыру және басқару», «Заттар интернеті және Big Data», «Деректер туралы ғылым», «Интеллектуалды басқару жүйелері», «Бизнес талдау мен Big Data», «Машиналық оқыту және деректерді талдау».





Казахский национальный университет им. аль-Фараби вносит существенный вклад в реализацию государственной программы «Цифровой Казахстан», принятой в 2018 году В университете 15 января 2018 года создан новый факультет информационных технологий (ФИТ). Факультет информационных технологий первоначально состоял из кафедр «Информатика» и «Информационные системы». В 2018 году с целью поддержки новых веяний была открыта кафедра «Искусственный интеллект и Big Data».

С момента создания факультета подготовлено около 3000 специалистов IT-сферы. Из года в год число желающих стать специалистами по информационным технологиям увеличивается. На факультете ведется подготовка по трем уровням обучения: бакалавриат, магистратура и докторантура. На кафедре «Информационные системы» действуют следующие образовательные программы: «Информационные системы», «Системы информационной безопасности», «Вычислительная лингвистика», «Информационные системы с высоконагруженным искусственным интеллектом», «Индустриальные информационные системы». На кафедре «Информатика»: «Компьютерная инженерия», «Компьютерные науки», «Системная инженерия», «Педагогическая информатика». На кафедре «Искусственный интеллект и Big Data»: «Автоматизация и управление», «Интернет вещей и Big Data», «Наука о данных», «Интеллектуальные системы управления», «Бизнес-анализ и Big Data», «Машинное обучение и анализ данных».



Факультетте жыл сайын бағдарламалау бойынша олимпиадалар өткізіледі. Қазақстан Республикасының 450–500-ге жуық студенті мен оқушылары жылда ICPC ACM форматындағы олимпиадаға қатысып, бақ сынайды. Олимпиада жүлдегерлерінің арасында ҚазҰУ-дың ақпараттық технологиялар факультетінің студенттері бар. Факультетте «Программистерді олимпиадаларға даярлау» орталығы, IT-мамандарды үздіксіз даярлау жөніндегі «Компьютерлік ғылымдар» орталығы, қосымша білім беру орталығы, Касперский зертханасының ақпараттық қауіпсіздік орталығы, оқу зертханалары жұмыс істейді. Оқу үдерісінің жүргізілуіне базалық кафедралардың қызметкерлерінен басқа серіктес компания қызметкерлері – Home банк, Еуразиялық банк, Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі, IT-кәсіпорындары, Ақпараттық және есептеу технологиялары институты т.б. қатысады.

Ақпараттық технологиялар факультетінің қызметкерлері белсенді түрде ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады. 2018 жылдан бері қарай факультетте 15-тен астам патент және 100 авторлық куәлік алынды. Сондай-ақ 500-ге тарта мақала, оның ішінде 100-ден астамы Scopus деректер базасында жарияланып, 20-ға жуық оқу құралы дайындалды. Ақпараттық технологиялар факультетінің қызметкерлері жыл сайын гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобаларын ұтып алады және орындайды.

На факультете ежегодно проводятся олимпиады по программированию. Так, около 450–500 студентов и школьников Республики Казахстан принимают участие в олимпиаде в формате ICPC ACM, среди призеров которой есть студенты ФИТ КазНУ. На факультете функционируют учебный центр «Подготовка программистов к олимпиаде», центр непрерывной подготовки IT-специалистов «Компьютерные науки», центр дополнительного образования, центр информационной безопасности «Лаборатории Касперского», учебные лаборатории. Помимо сотрудников базовых подразделений, в учебном процессе принимают участие сотрудники компаний-партнеров: Халык Банк, Хоум Банк, Евразийский банк, Жилстройсбербанк, IT-компании, Институт информационных и вычислительных технологий и др.

Сотрудники ФИТ ведут активную научно-исследовательскую деятельность. С 2018 года получено более 15 патентов и 100 авторских свидетельств, опубликовано 10 монографий, 500 статей, в том числе более 100 опубликовано в базе данных Scopus, подготовлено 20 учебников. Сотрудники ФИТ ежегодно выигрывают и выполняют проекты грантового и программно-целевого финансирования.




330700

Ақпараттық технологиялар факультеті 2018 жылдан бері үш жыл ішінде Erasmus+ CLASS «Орталық Азия университеттерінде компьютерлік лингвистика бойынша пәнаралық магистрлік бағдарлама әзірлеу», ERASMUS+ LMPI «Кәсіпорындарда компьютерлік желілерді әзірлеу, әкімшілендіру, басқару және қорғау үшін бакалавриат, магистратура бағдарламаларын әзірлеу», ERASMUS+ LMQS «Ресейде, Қазақстанда, Әзірбайжанда қашықтықтан білім беру саласындағы денсаулық пен қызмет көрсету сапасының тәуекелдерін стратегиялық басқару», Оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығы бойынша Erasmus+ Mobility Маалардален (Швеция) университетімен бірлесіп, жетекші IT-компания Beijing Percent Information Technology Co., Ltd. (Қытай) компаниясының жобасына, Лаос халықаралық «Бакалавр және магистр дәрежелерін кәсібилендіру» жобасына қатысып келеді.

С 2018 по 2021 год ФИТ участвует в международных образовательных проектах Erasmus+ CLASS «Разработка междисциплинарной магистерской программы по компьютерной лингвистике в университетах Центральной Азии», ERASMUS+ LMPI «Разработка программ бакалавриата и магистратуры для разработки, администрирования, управления и защиты компьютерных сетей на предприятиях», ERASMUS+ LMQS «Стратегическое управление рисками для здоровья и качеством услуг в сфере дистанционного образования в России, Казахстане, Азербайджане», Erasmus+ Mobility по академической мобильности преподавателей и студентов с Университетом Маалардален (Швеция), проекте с ведущей ИТ-компанией Beijing Percent Information Technology Co., Ltd. (Китай), Лаосском международном проекте «Профессионализация степеней бакалавра и магистра».








Қызметкерлердің кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейде болуы – факультеттің перспективалы жоспарының уақытылы орындалып жатқанының дәлелі. Бітірушілердің жұмысқа орналасу көрсеткіші өте жоғары. Болашақта ақпараттық технологиялар факультеті Қазақстанның цифрлық қоғамында үздік IT-мамандарын даярлайтын ордасы болатынына сеніміміз мол!

Высокий уровень профессионализма сотрудников свидетельствует о своевременном выполнении перспективного плана факультета. Уровень трудоустройства выпускников очень высокий. Мы уверены, что в будущем факультет информационных технологий станет тренировочной площадкой для лучших IT-специалистов цифрового общества Казахстана.


$NaHCO_3$
2%

# ХИМИЯ ЖӘНЕ ХИМИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

## ФАКУЛЬТЕТ ХИМИИ И ХИМИЧЕСКОЙ ТЕХНОЛОГИИ




Қазақстандағы химиялық білім беру және химиялық ғылым саласы дамуының негізін қалаған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультеті 1934 жылы қыркүйек айында С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дің алғашқы төрт факультетінің бірі болып ашылды. Қазіргі таңда факультет ҚР-ның химиялық білім беру және химия ғылымы саласындағы көшбасшы болып табылады.

Факультет химии и химической технологии КазНУ им. аль-Фараби, положивший начало химическому образованию и развитию химической науки в Казахстане, был открыт в сентябре 1934 года в числе первых четырех факультетов КазГУ им. С.М. Кирова. В настоящее время факультет является лидером в области химического образования и науки в Республике Казахстан.



Факультеттің негізін тұрақты дамып келе жатқан 5 кафедра:

– жалпы және бейорганикалық химия;

– органикалық заттар, табиғи қосылыстар мен полимерлер химиясы және технологиясы;

– аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы;

– физикалық химия, катализ және мұнай химиясы;

– химиялық физика және материалтану.

Кафедра базасында ҒЗИ және ҒО ұйымдастырылған: Физика-химиялық зерттеу және талдау әдістерінің орталығы; Жаңа химиялық технологиялар мен материалдар ғылыми-зерттеу институты, Дәрілік өсімдіктерді зерттеу ҒО және Жану проблемалары институты) құрайды.

Основу факультета составляют 5 успешно развивающихся кафедр:

– общей и неорганической химии;

– химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров;

– аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов;

– физической химии, катализа и нефтехимии;

– химической физики и материаловедения.

На базе кафедр организованы НИИ и НЦ: Центр физико-химических методов исследования и анализа, НИИ новых химических технологий и материалов, НЦ исследования лекарственных растений и Институт проблем горения.









Факультеттің профессорлық-оқытушылық құрамын 40 ғылым докторы, 87 ғылым кандидаты мен 62 PhD докторы құрайды және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 16 факультетінің арасында ғылыми дәреже бойынша (94%) ең жоғары көрсеткішке ие. Олардың ішінде ҚР Ғылым және техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығының, ҚР ҰҒА, РФ РҒА лауреаттары, «НАТО бейбітшілік үшін» халықаралық сыйлығының, ЮНЕСКО, МАГАТЭ, Ресей авиациялық-ғарыш агенттігінің, Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қорының, «Платиналы Тарлан», «Ғылым Сардары» Ұлттық тәуелсіз сыйлығының, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының және т.б. лауреаттары, сондай-ақ «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мәртебелі атағының 53 иегері бар.




Корпус ППС факультета насчитывает 40 докторов наук, 87 кандидатов наук и 62 доктора PhD и показывает самый высокий уровень остепененности (94%) среди всех 16 факультетов КазНУ им. аль-Фараби. Среди них есть лауреаты Государственной премии в области науки и техники РК, НАН РК, РАН РФ, лауреаты международной премии «НАТО во имя мира», ЮНЕСКО, МАГАТЭ, Российского авиационно-космического агентства, Фонда Первого Президента – Елбасы Н.А. Назарбаева, Национальной независимой премии «Платиновый Тарлан», «Ғылым Сардары», Молодежной государственной премии «Дарын» и др., а также 53 обладателя престижного звания «Лучший преподаватель вуза Республики Казахстан».

30 жылдық даму кезеңінде факультет барлық ұлттық және халықаралық білім беру бағдарламаларын (БББ) рейтингісінде көшбасшы орында. Қазіргі уақытта кадрларды даярлаудың 3 сатысы бойынша барлық БББ халықаралық және ұлттық ASIIN, KazSEE және т.б. агенттіктерімен аккредиттелген. Бәсекеге қабілетті түлектерді даярлаудың әлемдік үрдістері контексінде факультет еңбек нарығында сұранысқа ие үш тілде оқытатын бакалавриаттың 10 БББ, магистратураның 18 БББ және докторантураның 7 БББ, сондай-ақ 15-тен астам қосдипломды және бірлескен БББ бойынша кадрларды даярлауды жүзеге асырады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың классикалық университеттен әлемдік деңгейдегі Ұлттық зерттеу университетінің моделіне трансформациясы аясында химия және химиялық технология факультетінде магистратура мен докторантураның жоғары оқу орнынан кейінгі БББ бойынша білім алушылардың үлесін арттыру саясаты серпінді іске асырылуда. Бүгінгі күні бұл көрсеткіш 24%-ды құрайды, яғни бұл іс жүзінде факультеттің зерттеу университеттері моделіне сәйкес келетінін көрсетеді. Факультеттің БББ халықаралық Top Ranking QS by Subject рейтингісіне ену тренді дамуда. 2020 жылы «Химия» БББ ҚазҰУ-дың 13 білім беру бағдарламасы қатарында аталмыш рейтингіге енді. Түлектерді жұмысқа орналастыру сияқты интегралдық көрсеткіш бойынша, Мемлекеттік жәрдемақы төлеу орталығының ресми мәліметтеріне сәйкес, факультет университеттегі ең жетекші орынға ие (87%), бұл факультеттің сарапшылар мен жұмыс берушілер арасындағы жоғары беделінің дәлелі болып саналады.











На протяжении 30-летнего периода развития факультет занимает лидирующую позицию во всех национальных и международных рейтингах образовательных программ (ОП). В настоящее время все ОП по 3 ступеням подготовки кадров аккредитованы международными и национальными агентствами ASIIN, KazSEE и др. В контексте мировых тенденций подготовки конкурентоспособных выпускников факультетом осуществляется подготовка востребованных рынком труда кадров по 10 ОП бакалавриата, 18 ОП магистратуры и 7 ОП докторантуры, а также более 15 двудипломных и совместных ОП на трех языках обучения. В свете трансформации КазНУ им. аль-Фараби из классического университета в модель Национального исследовательского университета мирового уровня на факультете химии и химической технологии динамично реализуется политика по увеличению доли обучающихся по послевузовским ОП магистратуры и докторантуры. На сегодняшний день данный показатель составляет 24%, что уже де-факто соответствует исследовательской модели факультета. Развивается тренд вхождения ОП факультета в международный Top Ranking QS by Subject. В 2020 году ОП «Химия» в числе тринадцати образовательных программ КазНУ вошла в данную категорию. По такому интегральному показателю, как трудоустройство выпускников, по данным Государственного центра выплаты пособий, факультет занимает одну из ведущих позиций (87%) в университете, что свидетельствует о высокой репутации факультета среди экспертов и работодателей.

Факультеттің барлық кафедрасында шетелдерден және индустрия субъектілерінен мамандар мен ғалымдарды тарта отырып, экономиканың басым салалары үшін жоғары білікті мамандарды даярлаудың практикаға негізделген білім беру бағдарламалары енгізілген. Құзыреттілікке және тұлғалық дамуға бағытталған тәсілдерге негізделген оқу процесін цифрландыру саясаты белсенді іске асырылуда («AVEVA» орталығы ашылды). Білім беру процесі толығымен оффлайн, онлайн және асинхронды оқыту режимінде іске асырылады және ЖАОК форматымен біріктірілген. Білім алушылар мен оқытушылардың халықаралық академиялық ұтқырлығын кеңейту арқылы факультеттің білім беру процесін интернационалдандыру саясаты қарқынды дамуда. Факультет Батыс Еуропа, Солтүстік Америка, Оңтүстік-Шығыс Азия және ТМД елдерінің жетекші жоғары оқу орындарымен халықаралық академиялық кооперацияны жүзеге асырады. Халықаралық және ұлттық кәсіби қоғамдастықтар арқылы оқытушылар мен түлектерді сертификаттау жөніндегі қызметті дамыту мақсатында ҚазҰУ-дың ХХТ факультетінің бастамасымен ҚР Әділет министрлігінен мемлекеттік тіркеуден өткен «Б.А. Бірімжанов атындағы Қазақстан химиялық қоғамы» РҚБ құрылды және ол 2021 жылы UIPAC Бас Ассамблеясының қарарының негізінде аталмыш беделді халықаралық ұйымның ресми түрде қауымдастырылған мүшелігіне қабылданды.

На всех кафедрах факультета внедрены практико-ориентированные образовательные программы подготовки высококвалифицированных специалистов для приоритетных сфер экономики с привлечением специалистов и ученых из-за рубежа и с предприятий индустрии. Активно реализуется политика цифровизации учебного процесса (центр «AVEVA»), основанного на компетентностном и личностно ориентированном подходе. Образовательный процесс реализуется полностью в офлайн-, онлайн- и асинхронном режиме обучения и интегрирован с форматом МООК. Весьма динамично развивается политика интернационализации образовательного процесса факультета расширением входящей и исходящей международной академической мобильности обучающихся и преподавателей. Факультет осуществляет международную академическую кооперацию с топовыми вузами Западно-Европейского, Северо-Американского, Юго-Восточной Азии и стран СНГ. Для развития деятельности по сертификации преподавателей и выпускников международными и национальными профессиональными сообществами по инициативе факультета ХиХТ КазНУ было создано профессиональное сообщество химиков РОО «Казахстанское Химическое Общество им. Б.А. Беремжанова». Оно официально прошло госрегистрацию в МЮ РК и в 2021 году на основании Резолюции Генеральной Ассамблеи UIPAC принято в Ассоциированное членство данной авторитетной международной организации.







Факультет еліміздің орта білім беру субъектілерімен бірлесіп дәстүрлі түрде әлеуетті талапкерлердің жігерлі, сапалы контингентін қалыптастыруға және ҚР Жоғары оқу орындарында оқуға неғұрлым талантты жастарды тартуға ықпал ететін түрлі жобаларды: химия пәнінен Ұлттық олимпиадалық команда мүшелерін және ҰБТ-ға дайындау, түрлі зияткерлік турнирлер, оқушылардың ғылыми жобалар конкурстарын өткізу және т.б. іске асырады.

Осының барлығы факультет ұжымына сүйікті Отанымыз – Қазақстан Республикасының дамуы үшін белсене қызмет ететін жоғары білікті кадрларды даярлау ісіне айтарлықтай үлес қосуға мүмкіндік береді.



Факультет совместно с субъектами среднего образования нашей страны традиционно реализует различные проекты, такие как подготовка членов национальной олимпийской команды по химии, к ЕНТ, проведение различных интеллектуальных турниров, конкурсов научных проектов учащихся и др. Такие мероприятия содействуют формированию мотивированного качественного контингента потенциальных абитуриентов и привлечению наиболее талантливой молодежи для обучения в высших учебных заведениях РК.

Все это позволяет коллективу факультета вносить весомый вклад в дело подготовки кадров высшей квалификации, которые будут созидать на благо нашей Родины – Республики Казахстан.



# БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИОТЕХНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

## ФАКУЛЬТЕТ БИОЛОГИИ И БИОТЕХНОЛОГИИ



Биология және биотехнология факультеті – 1934 жылы ҚазМУ ашылғанда құрылған алғашқы факультеттердің бірі. Қазір жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулерде және мамандарды даярлау барысында қолданылатын заманауи оқу бағдарламаларына сәйкес биология және биотехнология факультеті деп аталады. Факультетте 4 кафедра бар:

– биотехнология;
– биоалуантүрлілік және биоресурстар;
– биофизика, биомедицина және нейроғылым;
– молекулалық биология және генетика.

Биология және биотехнология факультеті республикадағы іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізілетін алдыңғы қатарлы ғылыми орталықтардың бірі саналады. Факультетте 2 ғылыми-зерттеу институты – Биология және биотехнология мәселелері ҒЗИ мен Экология мәселелері ҒЗИ, сондай-ақ Бірегей биологиялық мұражай белсенді жұмыс істейді.

Оның биолог мамандар даярлау бойынша 87 жылдық тәжірибесі бар.

Биологический факультет – старейший в университете, он был организован с момента основания КазГУ, в 1934 году. Факультет биологии и биотехнологии имеет 87-летний опыт работы подготовке специалистов биологов. В настоящее время в соответствии с проводимыми научными исследованиями, современными образовательными программами подготовки специалистов факультет носит название факультета биологии и биотехнологии. В составе факультета 4 кафедры:

– биоразнообразия и биоресурсов;
– биотехнологии; молекулярной биологии и генетики;
– биофизики, биомедицины и нейронауки, а также биомузей и агробиостанция.

Руководит факультетом доктор биологических наук, профессор, академик НАН РК Б.К. Заядан.

Факультет биологии и биотехнологии является крупным научно-образовательным центром, участвует в подготовке высококвалифицированных специалистов, востребованных в производстве и бизнес-структурах Казахстана и за рубежом. На факультете активно работают два научно-исследовательских института – НИИ проблем биологии и биотехнологии и НИИ проблем экологии, а также уникальный Биологический музей.

Жұмыс берушілер және ҚР Ұлттық ғылым академиясы институттарының ірі ғалымдары мен жетекші мамандары студенттердің сапалы білім алуы үшін өз үлестерін қосуда. Факультет 1934 жылдан бері 13 мың маманды әртүрлі биологиялық ғылым саласы бойынша даярлап шығарды. Олар бүгінде ғылыми-зерттеу орталықтарында, өндірісте, республикамыздың орта және жоғары оқу орындарында, алыс және жақын шетелдік білім беру мекемелері – Гарвард, Техас, Вирджиния, АҚШ, Франция, Канада, Ұлыбритания, Германия, Ресей университеттерінде қызмет атқарады. Факультет түлектері арасында мемлекет және қоғам қайраткерлері, сонымен қатар кәсіпкерлер де бар. Олар қазіргі оқу бітірушілерге жұмыс беруші бола тұрып, сонымен қатар студенттердің оқу жоспарларын құруға, олардың үздіксіз тәжірибеден өтуін қамтамасыз етуге белсенді атсалысады. Факультет түлектері жыл сайын жұмыспен 100 % қамтылады.

В обучении студентов принимают участие крупные ученые и ведущие специалисты из институтов Национальной Академии наук РК, а также работодатели. За время существования факультет подготовил более 13 тысяч специалистов по различным отраслям биологической науки, которые работают в научно-исследовательских учреждениях, на различных производствах, в системе высшего и среднего образования нашей республики, а также в университетах и научных центрах ближнего и дальнего зарубежья: Гарвардском, Техасском, Вирджинском университетах США, университетах Франции, Канады, Великобритании, Германии, России. Среди выпускников биологического факультета есть государственные и общественные деятели, а также представители бизнеса, которые являются работодателями нынешних выпускников и активно участвуют в разработке образовательных программ, непрерывной практической подготовке студентов, предоставляют базы практик. Ежегодно отмечается 100%-ное трудоустройство выпускников нашего факультета.







Факультет оқытушылары өздерінің белсенді халықаралық байланыстары нәтижесінде студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы үшін әлемдік алдыңғы қатарлы ғылым орталықтары мен университеттерінде студенттерге 1–2 семестр оқуға жағдай жасайды. Ал ол оқу нәтижесі қосдипломды бағдарлама бойынша студенттерге ҚазҰУ және шетел университеттерінің дипломын алып шығуға үлкен мүмкіндік береді. Факультеттің оқытушылары мен студенттері әрдайым шет тілі бойынша білімдерін жақсартуда. Осыған орай факультетте мамандық бойынша ағылшын тілінде оқытатын топтар құрылды. Жыл сайын факультетте 30-дан астам шетелдік университеттің ғалымдары биология және биотехнологияның заманауи бағыттары бойынша дәрістер оқып, шеберлік сыныптарын жүргізеді.

Преподаватели факультета благодаря активному международному сотрудничеству с ведущими научными центрами и университетами мира создают реальные возможности для академической мобильности студентов. Студенты в течение 1–2 семестров могут обучаться в зарубежных вузах и в результате успешного выполнения программы обучения получают двойной диплом – КазНУ и зарубежного вуза. Преподаватели и студенты факультета постоянно совершенствуют знания иностранных языков, созданы группы обучения на английском языке по всем специальностям. Ежегодно на факультете читают лекции и проводят мастер-классы по современным направлениям биологии и биотехнологии более 30 ученых из ведущих зарубежных университетов.









Факультет түлектері ҚР ғылыми-зерттеу институттарында; биология, биотехнология, ауыл шаруашылығы, экология; фармакология және криминалистика; генетика, молекулалық биология; гендік инженерия салаларында; медициналық орталықтар мен білім беру мекемелерінде білікті мамандар ретінде қызмет атқарады.

Выпускники факультета работают в казахстанских и зарубежных научно-исследовательских институтах, в области фармакологии и криминологии, на крупнейших промышленных предприятиях страны, в медицинских и образовательных центрах, а также в образовательных учреждениях.



# МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ФАКУЛЬТЕТІ

## ФАКУЛЬТЕТ МЕДИЦИНЫ И ЗДРАВООХРАНЕНИЯ




Қазақстандағы денсаулық сақтау жүйесі мен медицина саласының дамуына үлес қосуға және жақын арада өмір туралы ғылымдар бойынша әлемдік деңгейге шығуға ұмтылған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 2015 жылы медицина факультетін ашты. Қазіргі уақытта ол жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулерге, сұранысқа ие білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлауға сәйкес медицина және денсаулық сақтау факультеті деп аталады.

Медицина және денсаулық сақтау факультеті үздік халықаралық ғылыми-білім беру бағдарламаларына назар аудара отырып, кең клиникалық тәжірибе мен сарапшылар алмасуын қолданып медициналық қызметкерлерді сапалы даярлауды жүзеге асырады.

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, стремясь внести свой вклад в развитие системы здравоохранения и медицины Казахстана и выйти в ближайшей перспективе на мировой уровень в области наук о жизни, открыл в 2015 году медицинский факультет. В настоящее время в соответствии с проводимыми научными исследованиями, востребованными образовательными программами подготовки специалистов факультет называется факультетом медицины и здравоохранения.

Факультет медицины и здравоохранения КазНУ им. аль-Фараби проводит качественную подготовку медицинских работников, сосредоточив внимание на лучших международных и научных образовательных программах с использованием широкой клинической практики и экспертного обмена.

Факультет денсаулық сақтаудың заманауи ғылыми жетістіктеріне сүйене отырып және жаңа халықаралық стандарттарға сәйкес бакалавриат, магистратура, интернатура, резидентура, докторантура, постдокторантура сынды барлық деңгейдегі білім беру бағдарламаларымен оқытуды қамтамасыз етеді. Параклиникалық пәндердің кең спектрі ғылыми идеяларды жүзеге асыру үшін молекулалық биология, био- және нанотехнология, биоинформатика, биофизика т.б. жетістіктерін клиникалық практикаға енгізудің ыңғайлы платформасы болып табылады.

Медицина және денсаулық сақтау факультетінде 2 мектеп пен 6 кафедра жұмыс істейді.

Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебінің құрамына:

– эпидемиология, биостатистика және дәлелді медицина;

– денсаулық сақтау саясаты және ұйымдастыру;

– дене шынықтыру және спорт кафедралары кіреді.

Ал медицина жоғары мектебі:

– іргелі медицина;

– клиникалық пәндер;

– клиникалық мамандықтар кафедраларынан тұрады.

Клиникалық-диагностикалық орталық пен Алматы қаласының № 1 қалалық ауруханасында факультеттің жеке клиникалық базасы бар. Денсаулық ғылыми-зерттеу институты мен Денсаулық және қоршаған орта ғылыми-зерттеу зертханасы халықаралық және республикалық деңгейдегі 15-тен астам ғылыми жобаны жүзеге асырды. Erasmus + бойынша тағы 4 жоба орындалуда.

Студенттерді оқытуға Қазақстанның ғылыми-зерттеу институттарының, ғылыми орталықтарының көрнекті ғалымдары мен жетекші мамандары, алыс-жақын шетелдерден (Ресей, Украина, Беларусь, Канада, Германия, Швеция, Оңтүстік Корея және т.б.) шақырылған профессорлар қатысады. Факультетте жоғары дәрежелі профессорлық-оқытушылар құрамы қызмет атқарады. 25 оқытушыда шетелдік жоғары оқу орындарының дипломы бар, сондай-ақ ұстаздардың 78,5%-ы ағылшын тілінде сабақ береді. Факультет әлемнің жетекші университеттері және ғылыми орталықтарымен белсенді халықаралық ынтымақтастық орнатып, білім алушылардың шетелдік тағылымдамадан өтуіне нақты мүмкіндіктер жасайды. Жыл сайын факультетте әлемнің жетекші университеттерінен 10-нан астам визитинг-профессор тұрақты қызмет етеді.

Функционируют образовательные программы на всех уровнях – бакалавриат, магистратура, интернатура, резидентура, докторантура, постдокторантура, обеспечено обучение по новым международным стандартам, на основе научных достижений современного здравоохранения. Широкий спектр параклинических дисциплин – идеальная платформа для реализации научных идей и внедрения в клиническую практику достижений молекулярной биологии, био- и нанотехнологии, биоинформатики, биофизики и др.

На факультете медицины и здравоохранения работают 2 Школы и 6 кафедр.

Высшая Школа общественного здравоохранения включает кафедры:

– эпидемиологии, биостатистики и доказательной медицины;

– политики и организации здравоохранения;

– физического воспитания и спорта.

Высшая школа медицины представлена кафедрами:

– фундаментальной медицины;

– клинических дисциплин;

– клинических специальностей.

На сегодняшний день на факультете обучаются студенты из Турции, Афганистана, Йемена, Иордании, Ирана, Ирака, Кении, Пакистана, Палестины, Сирии, Индии, США, Китая, России, Монголии, Узбекистана и Туркменистана. Факультет имеет собственные клинические базы: Клинико-диагностический центр, Городская больница № 1 г. Алматы.

К обучению студентов привлекаются крупные ученые и ведущие специалисты из НИИ, НЦ Казахстана и приглашенные профессора из ближнего и дальнего зарубежья (Россия, Украина, Белоруссия, Канада, Германия, Швеция, Южная Корея и др.). Профессорско-преподавательский состав факультета имеет высокую остепенённость, у 25 преподавателей есть дипломы зарубежных университетов (Великобритании, США, Италии, Южной Кореи), 78,5% преподавателей преподают на английском языке. Факультет благодаря активному международному сотрудничеству с ведущими научными центрами и университетами мира создает реальные возможности для зарубежных стажировок. Ежегодно на факультете работают более 10 визитинг-профессоров из ведущих зарубежных университетов.

Бүгінгі таңда факультетте 2000-нан аса студент білім алып жатыр. Оның ішінде Түркия, Ауғанстан, Йемен, Иордания, Иран, Ирак, Кения, Пәкістан, Палестина, Сирия, Үндістан, АҚШ, Қытай, Ресей, Моңғолия, Өзбекстан және Түрікменстан сияқты 22 елден 1000-нан астам шетелдік студент оқиды. Қазірге дейін МВА бағдарламасы бойынша 100-ден аса денсаулық сақтау менеджері оқытылды.

Факультет түлектері ірі жеке және мемлекеттік медициналық ұйымдарда, облыстар мен қалалардың денсаулық сақтау және санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармаларында табысты жұмыс істейді. Олар қазіргі уақытта түлектердің жұмыс берушілері болып табылады және білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, студенттердің үздіксіз практикалық дайындықтарына белсенді қатысады, сондай-ақ практикалық базаны қамтамасыз етеді. Факультет түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші – 100%.

Общее количество студентов более 2000, в том числе из 22 стран более 1000 иностранных студентов. По программе МВА обучено более 100 управленцев здравоохранения. Факультет на базе НИИ здоровья и научно-исследовательской лаборатории здоровья и окружающей среды реализовывает более 15 научных проектов международного и национального уровней. Выполняются 4 проекты Erasmus+.

Выпускники успешно работают в крупных частных и государственных медицинских организациях, Управлениях здравоохранения и санитарно-эпидемиологического контроля областей и городов, которые являются работодателями нынешних выпускников и активно участвуют в разработке образовательных программ, непрерывной практической подготовке студентов, предоставляют базы для практик. Трудоустройство выпускников факультета составляет 100%.










ДАНАЕВ

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

# МЕХАНИКА-МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТІ

# МЕХАНИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

1934 жылы негізі қаланған Қазақстандағы алғашқы физика-математика факультеті білім бесігі және ұлттық білім-ғылым орталықтарының біріне айналды. Бұл тарихи миссия бүгінгі таңда факультет үшін аса өзекті. Сондықтан алдағы уақытта да ол еліміздегі математика және механика бойынша ғылыми зерттеулер мен оқытудың жетекші орталықтарының бірі болып қала береді. Бұл әлемнің үздік білім беру бағдарламаларының халықаралық рейтингісінде көрсетілген. Әлемдегі 10 000 ұқсас білім беру бағдарламаларының ішінен факультет бағдарламалары QS by Subject рейтингісінде 300-орыннан көрінді. Мұндай жетістіктер онда бұрын қызмет еткен және қазір де жұмыс істейтін ғалымдардың бірнеше буынының шығармашылығы арқасында ғана мүмкін болды. Факультет математика мен механика бойынша үздік мамандардың, атап айтқанда, әлемге әйгілі академиктер мен профессорлардың, Мемлекеттік сыйлықтар мен басқа да марапат иелерінің ұстаханасына айналды. Сондықтан да Қазақстанда математика мен механика ғылымының даму кезеңдері осы факультет тарихында елеулі із қалдырған көптеген ғалымның есімімен байланысты.

Бүгінгі таңда факультет құрамында 4 кафедра бар.

Механика, робот жүйелері, ғарыш техникасы мен технологиясы бойынша жоғары білікті мамандарды Механика кафедрасы даярлайды. Ол сұйықтық пен газ механикасы, энергетика, аспан механикасы, діріл теориясы, деформацияланатын қатты денелер механикасы, механизмдер мен машиналар теориясы, ғарыш аппараттарының қозғалысын басқару, ғарыштық мониторинг, роботты интеллектуалды жүйелерді әзірлеу және басқару, ғарыш аппараттары мен механикалық жүйелердің конструкциясы және тағы басқа салалардағы іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізеді.

Математика кафедрасында жоғары білікті, ең заманауи талаптарға жауап беретін, математика, функциялар теориясы, дифференциалдық теңдеулер мен олардың қосымшалары, математикалық физика, оңтайландыру және оңтайлы басқару, операцияларды зерттеу және жүйелік талдау, математикалық логика, алгебра және геометрия мәселелерін шешетін мамандар даярланады.

Основанный в далеком 1934 году первый в Казахстане физико-математический факультет стал колыбелью просвещения и одним из национальных центров образования и науки. Эта историческая миссия актуальна и поныне. Факультет с честью выдерживает все испытания и остается одним из ведущих центров научных исследований и подготовки кадров по математике и механике в стране, что отражено в международном рейтинге лучших образовательных программ мира. Из 10 000 аналогичных образовательных программ мира программы факультета твердо укрепились на 300-й позиции в рейтинге QS by Subject. На протяжении своей деятельности факультет всегда являлся и является кузницей лучших кадров по математике и механике. Здесь работают лауреаты Государственных премий, знаменитые академики и профессора, о научных достижениях которых знает весь мир. Ими решены многие проблемы математики, над которыми работают величайшие умы человечества. Сегодняшние выпускники – это первые руководители министерств и ведомств нашей страны, международных и национальных компаний, вузов и иных организаций. Все достижения факультета сегодня стали возможны только благодаря энтузиазму и творчеству нескольких поколений ученых, работавших и работающих на факультете. Этапы развития математики и механики как науки в Казахстане связаны с именами многих ученых, оставивших заметный след в истории факультета.

Сегодня факультет состоит из 4 кафедр.

Кафедра «Механика» – здесь осуществляется подготовка высококвалифицированных специалистов по механике, робототехническим системам, космической техники и технологий. Здесь проводятся фундаментальные и прикладные исследования в области механики жидкости и газа, энергетики, небесной механики, теории колебаний, механики деформируемого твердого тела, теории механизмов и машин, управления движением космических аппаратов, космического мониторинга, разработки и управления робототехническими интеллектуальными системами, проектирования космических аппаратов и механических систем и др.

Кафедра «Математика» – осуществляется подготовка высококвалифицированных, отвечающих самым современным требованиям специалистов в области математики, теории функций, дифференциальных уравнений и их приложений, решения задач математической физики, оптимизации и оптимального управления, исследования операции и системного анализа, математической логики, алгебры и геометрии.



Математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасы табиғат құбылыстарын математикалық және компьютерлік модельдеу, физика-химиялық және технологиялық процестер, медициналық және биологиялық процестер, жаңа материалдар алу, параллель бағдарламалау және жоғары өнімді есептеу, ақпараттық технологиялар саласындағы мамандарды даярлайды. Бұл бөлім қызметкерлері процестерді математикалық модельдеу саласында қолданбалы зерттеулерді табысты жүзеге асыруда: экология, биомедицина, химия, физика, экономика және т.б.

Есептеу ғылымдары мен статистика кафедрасы актуарлық математика, кванттық есептеу, тәуекелдерді бағалаудың тиімді модельдеуі және тағы басқа салалар бойынша жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған. Мұнда кездейсоқ орталар теориясының мәселелері, мұнай мен газ өндіру саласындағы есептеу әдістері, кванттық есептеу зерттеледі. Есептеу статистикасы дамып келеді.

Кафедра «Математическое и компьютерное моделирование», где готовят специалистов по направлению математического и компьютерного моделирования природных явлений, физико-химических и технологических процессов, медицинских и биологических процессов, получения новых материалов, параллельного программирования и высокопроизводительных вычислений, информационных технологий. Сотрудники данной кафедры успешно реализуют прикладные исследования в области математического моделирования процессов: экологии, биомедицины, химии, физики, экономики и др.

Кафедра «Вычислительные науки и статистика» нацелена на взращивание высококомпетентных специалистов по актуарной математике, квантовых вычислений, эффективного моделирования оценки рисков и др. Здесь исследуются вопросы теории случайных сред, вычислительные методы в области добычи нефти и газа, квантовые вычисления, развивается вычислительная статистика и т. п.

Факультет Англия, АҚШ, Еуропа, Оңтүстік Корея, Жапония, Ресей мен Қытайдың жетекші университеттерімен, ғылыми ұйымдарымен және орталықтарымен 100-ден астам серіктестік байланысқа ие. Сондай-ақ Франция, Бельгия, Грекия және Ресей университеттерімен бірге магистратура мен докторантураға арналған екі деңгейлі 5 білім беру бағдарламасын жүзеге асырады. Математика және механика ҒЗИ негізінде іргелі және қолданбалы жобалар бойынша, отандық және халықаралық гранттар, Қазақстан Республикасының ұлттық және шетелдік компанияларымен келісімшарттар шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі. 10 жылдан астам уақыт бойы Президенттер: Н. Назарбаев пен Н. Саркози қол қойған Франция мен Қазақстан арасындағы Стратегиялық серіктестік туралы келісім аясында «Гео-Энергетика» қазақ-француз білім беру және ғылыми орталығы табысты жұмыс істеп келеді. Орталық екі елдің дипломын бере отырып, студенттерді бірлескен магистратура мен докторантураға даярлау арқылы геология және энергия ресурстарын өндіру саласындағы қазақстандық ғылыми элитаны қалыптастыру бойынша алдына ұзақ мерзімді міндет қояды.



Факультет имеет более 100 действующих партнерских связей с ведущими университетами, научными организациями и центрами Англии, США, Европы, Кореи, Японии, России и Китая. На факультете реализуются 5 двудипломных образовательных программ по магистратуре и докторантуре с университетами Франции, Бельгии, Греции и России. Здесь также функционирует Научно-исследовательский институт математики и механики, на базе которого ведутся научно-исследовательские работы по фундаментальным и прикладным проектам, в рамках отечественных и международных грантов, договоров с зарубежными и национальными компаниями РК. Уже более 10 лет успешно функционирует Казахстанско-французский образовательный и исследовательский центр «Гео-Энергетика» в рамках договора о стратегическом партнерстве между Францией и Казахстаном, которое было подписано Президентами Н. Назарбаевым и Н. Саркози. Центр ставит перед собой долговременную задачу формирования казахстанской научной элиты в области геологии и добычи энергетических ресурсов через подготовку студентов в совместной магистратуре и докторантуре с выдачей дипломов двух стран.







«Гео-Энергетика» орталығы құрылған сәттен бастап «Механика», «Математика» және «Математикалық және компьютерлік модельдеу» мамандықтары бойынша 100-ден астам магистрант пен 20-ға жуық докторант даярланды. Сонымен қатар 2020–2021 оқу жылынан бастап Шампань – Арден университетімен (Реймс) қосдипломды жаңа магистрлік «Математика» білім беру бағдарламасы қалыптасты. Болашақта жоғары оқу орындарының 100 халықаралық рейтингісіне кіретін жетекші университеттермен бірге қосдипломды жаңа бірлескен білім беру бағдарламаларын құру көзделуде.

Механика-математика факультетінің түлектері – еліміздің министрліктері мен ведомстволарының, халықаралық және ұлттық компаниялардың, университеттер мен басқа да ұйымдардың бірінші басшылары.

С момента создания центр «Гео-Энергетика» подготовил более 100 магистрантов и около 20 докторантов по специальностям «Механика», «Математика» и «Математическое и компьютерное моделирование». Кроме этого, начиная с 2020/21 учебного года была сформирована новая магистерская программа двойного диплома по ОП «Математика» с Университетом Шампань – Арденны (Реймс). В дальнейшем предусмотрено создание новых совместных образовательных программ двойного диплома с ведущими университетами, входящими в топ-100 международных рейтингов вузов.


Extorr

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

# ФИЗИКА-ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТ

# ФИЗИКО-ТЕХНИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ



Физика-техникалық факультет – 1934 жылдың 15 қаңтарында ашылған көне факультеттердің бірі.

Факультетте 50-ге жуық ғылым докторы мен профессорлар және 100-ге жуық ғылым кандидаты, доценттер, 50-ге тарта PhD докторы қызмет етеді. Олардың ішінде ҚР ҰҒА академиктері мен атақты ғалымдар, Мемлекеттік сыйлық лауреаттары, түрлі марапат иелері бар. Физика факультеті сол аталған ғалымдардың көпжылдық және қажырлы еңбегі арқылы бүгінде үлкен нәтижеге жетіп отыр. Факультеттің профессорлық-оқытушылық құрамы бекітілген біліктілікті арттыру кестесіне сәйкес тұрақты түрде ғылыми конференцияларға, түрлі деңгейдегі симпозиумдарға қатысу үшін іссапарларға жіберіледі.

Факультетте 4 кафедра жұмыс істейді:

– теориялық және ядролық физика;

– жылуфизика және техникалық физика;

– қатты дене физикасы және бейсызық физика;

– плазма физикасы, нанотехнология және компьютерлік физика.

Физико-технический факультет является одним из старейших факультетов, осуществляющим свою деятельность с 15 января 1934 года.

Здесь трудется: более 50 докторов наук, профессоров и более 100 кандидатов наук, доцентов, около 50 докторов PhD, среди которых заслуженные деятели науки и техники, академики и члены-корреспонденты НАН РК, лауреаты Государственных премий, обладатели Государственных стипендий, известные ученые. Физико-технический факультет сегодня это результат их многолетнего упорного труда. Профессорско-преподавательский состав факультета регулярно в соответствии с утвержденным графиком повышения квалификации направляется на стажировки, в командировки для участия в научных конференциях, симпозиумах различного уровня.

На факультете функционируют 4 кафедры:

– теоретической и ядерной физики;

– теплофизики и технической физики;

– физики твердого тела и нелинейной физики;

– физики плазмы, нанотехнологии и компьютерной физики.

Физика-техникалық факультеттің құрамында 16 ғылыми зертхананы біріктіретін 6 бөлімнен тұратын Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институты (ЭТҒЗИ) бар.

Факультетте халықаралық және республикалық симпозиумдар, пәндік олимпиадалар мен конференциялар жыл сайын өткізіледі. Сондай-ақ «ҚазҰУ Хабаршысы: физика сериясы», «Ашық жүйелер эволюциясы проблемаларының журналы», «International Journal of Mathematics and Physics» және «Physical Sciences and Technology» деген ғылыми журналдар шығарылады.

Физика-техникалық факультеттің құрамына ғылыми зертханалар кіреді:

- Ашық үлгідегі ұлттық нанотехнологиялық зертхана;
- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы инженерлік бейіндегі зертхана;
- Сызықтық үдеткіш зертханасы;
- Жартылай өткізгіш аспап жасау зертханасы;
- Samsung академиясы;
- Huawei ақпараттық технологиялық және коммуникация орталығы;
- Криофизика және криотехнология зертханасы.

Факультеттің оқу жоспарында қарастырылған, қолданыстағы санитарлық және өртке қарсы ережелер мен нормаларға толық сәйкес келетін білім алушылардың пән және пәнаралық дайындығының барлық түрін, зертханалық, практикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ететін материалдық-техникалық базасы бар.

Физико-технический факультет имеет в своем составе Научно-исследовательский институт экспериментальной и теоретической физики (НИИЭТФ), состоящий из шести отделов, объединяющих шестнадцать научных лабораторий. На факультете проводятся международные и республиканские симпозиумы, предметные олимпиады и конференции. Издаются научные журналы: «Вестник КазНУ: серия физическая», «Журнал проблем эволюции открытых систем», «International Journal of Mathematics and Physics» и «Physical Sciences and Technology».

В состав физико-технического факультета входят научные лаборатории:

- Национальная нанотехнологическая лаборатория открытого типа (ННЛОТ)
- Лаборатория инженерного профиля при КазНУ им. аль-Фараби (ЛИП)
- Лаборатория линейного ускорителя
- Лаборатория полупроводникового приборостроения
- Академия Samsung
- Центр информационных технологий и телекоммуникаций Huawei
- Лаборатория криофизики и криотехнологии.

Факультет располагает материально-технической базой, обеспечивающей проведение всех видов дисциплинарной и междисциплинарной подготовки, лабораторной, практической и научно-исследовательской работы обучающихся, предусмотренных учебным планом факультета, и полностью соответствующей действующим санитарным и противопожарным правилам и нормам.



Материалдық-техникалық базаның дамуы мамандарды даярлауда ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылған ұйымдардың тұрақты қолдауымен жүзеге асады. Физика-техникалық факультетте физика және инженерлік ғылымдар саласында мамандарды 3 деңгейлі даярлау жүзеге асырылады: бакалавриат (4 жыл), магистратура (2 жыл), PhD докторантура (3 жыл). Студенттер қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде білім алады.

Бакалавриаттың 15, магистратураның 14 және докторантураның 11 білім беру бағдарламасы бар. Сондай-ақ бакалавриатта қосдипломды бірлескен білім беру бағдарламалары: Дубна (Ресей); магистратурада: Ресей – МИФИ, АТМО, ТПУ, РУДН, ООМУ, МЭИ, ЛЭТИ, докторантурада: Испания, Литва, Ресей. Факультетте Иордания, Малайзия, Әзірбайжан, Ауғанстан, Қытай, Ресей, Өзбекстан, Түрікменстан және т.б. шетел студенттері білім алуда.



Развитие материально-технической базы происходит при постоянной поддержке со стороны организаций, с которыми заключены договора о сотрудничестве по подготовке специалистов. Имеется ряд лабораторных помещений, в которых размещено специализированное научное оборудование, на персональных компьютерах кафедр установлены лицензионное программное обеспечение и пакеты прикладных программ. Лабораторные помещения и аудитории оснащены приборами и оборудованием, обеспечивающими учебный процесс в соответствии с образовательным стандартом.

На физико-техническом факультете осуществляется 3-уровневая подготовка специалистов в области физики и инженерных наук: бакалавриат (4 года), магистратура (2 года), PhD-докторантура (3 года). Студенты могут обучаться на трех языках: казахском, русском и английском.









Количество образовательных программ бакалавриата – 15, магистратуры – 14 и докторантуры – 11, а также имеются совместные образовательные программы двойного диплома бакалавриата: Россия – Дубна; магистратуры: Россия – МИФИ, ИТМО, ТПУ, РУДН, ЮУрГУ, МЭИ, ЛЭТИ, докторантуры: Испания – Кадис, Литва – Каунас, Россия – Санкт-Петербург. На факультете обучаются иностранные студенты из Иордании, Малайзии, Азербайджана, Афганистана, Китая, России, Узбекистана, Туркменистана и др. стран.







# ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

## ФАКУЛЬТЕТ ГЕОГРАФИИ И ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЯ

География және табиғатты пайдалану факультеті – географиялық ғылымдар саласындағы құзыреттілігі жоғары, қазіргі заманғы барлық талапқа жауап беретін білікті мамандар даярлайтын Қазақстанның негізгі білім беру орталығы. Факультет ғылымның қазіргі даму тенденцияларына және еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес лицензияланған білім беру қызметін ұсынады. Жұмыс берушінің сұранысы бойынша пәнаралық және инновациялық білім беру бағдарламалары әзірленуде. Факультеттің барлық білім беру бағдарламасы халықаралық және ұлттық аккредитациядан өткен.

Факультет құрамында практикалық тәжірибесі бар 275 жоғары білікті оқытушы, оның ішінде 32 ғылым докторы, 89 кандидат және 31 PhD докторы, 2 Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты мен 23 «Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атанған мамандар қызмет етеді. Сонымен қатар негізгі пәндерді оқу үшін жыл сайын жұмыс берушілердің өкілдері (20%) мен шетелдік серіктестер шақырылады.











Факультет географии и природопользования – главный образовательный центр Казахстана по подготовке высококвалифицированных специалистов с расширенными компетенциями в области географических наук, отвечающих всем современным требованиям. Факультет предоставляет лицензионную образовательную деятельность в соответствии с современными тенденциями развития науки и потребностями рынка труда. Разрабатываются междисциплинарные и инновационные образовательные программы по запросам работодателя. Все образовательные программы факультета прошли международную и национальную аккредитации. В состав факультета входят 275 высококвалифицированных преподавателей, имеющих практический опыт работ, в их числе 32 доктора наук, 89 кандидатов, 31 PhD, 2 лауреата Государственной премии, 23 сотрудника удостоены звания «Лучший преподаватель вуза РК». Кроме того, ежегодно приглашаются для чтения профилирующих дисциплин представители работодателей (20%) и зарубежные партнеры. На факультете обучаются иностранные студенты из ближнего и дальнего зарубежья.



Факультетте жоғары білікті мамандар үш деңгейлі оқыту жүйесі бойынша даярланады.

Бакалавриатта білім беру бағдарламалары: «В051 – Қоршаған орта», «В052 – Жер туралы ғылым», «В073 – Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс», «В111 – Қызметтер», «В112 – Санитарлық-профилактикалық шаралар».

Магистратура: «7М052 – Жер туралы ғылым», «7М087 – Қоршаған ортаны қорғау технологиясы», «7М015 – География мұғалімдерін даярлау», «7М0073 – Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс», «М111 – Қызметтер», «М112 – Санитарлық-профилактикалық шаралар».

PhD докторантурада: «8D052 – Геология ғылымдары», «8D087 – Қоршаған ортаны қорғау технологиясы», «8D015 – География мұғалімдерін даярлау», «8D073 – Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс», «8D111 – Қызметтер» мамандықтары бойынша білім береді.

Выполняется подготовка специалистов по трехуровневой системе обучения, разработаны и реализуются совместные образовательные программы двудипломного образования: УШОС, СОП, СУ, Erasmus+ и др.

Бакалавриат: В051 – Окружающая среда; В052 – Наука о земле; В073 – Градостроительные, строительные работы и гражданское строительство; В111 – Услуги; В112 – Санитарно-профилактические мероприятия.

Магистратура: 7М052 – Наука о земле; 7М087 – Технология охраны окружающей среды; 7М0 – Подготовка педагогов географии; 7М0073 – Градостроительные, строительные работы и гражданское строительство; М111 – Услуги; М112 – Санитарно-профилактические меры.

PhD-докторантура: 8D052 – Наука о земле; 8D087 – Технология охраны окружающей среды; 8D015 – Подготовка педагогов географии; 8D073 – Градостроительные, строительные работы и гражданское строительство; 8D111 – Услуги.

Erasmus+; DAAD; Orhun УШОС, СОП, СУ және т.б. қосдипломды білім берудің бірлескен бағдарламалары әзірленіп, оқу үдерісіне енгізілуде.

Факультетте алыс және жақын шетелден келген студенттер білім алады.

Жыл сайын оқытушылар мен студенттер академиялық ұтқырлық бойынша шетелдік тағылымдамадан өтеді. Бұл еуропалық стандарттарға сәйкес келетін білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Новые совместные ОП в рамках: Erasmus+; DAAD; Orhun Exchange Program (OEP); Organisation Internationale de la Francophonie (AUF) и др.

Ежегодно преподаватели и студенты выезжают по академической мобильности на зарубежные стажировки. Это дает возможность обеспечить высокое качество образования, соответствующее европейскому стандарту.




100.6
0.099998474(0.09950097%)

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

# ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ

## ВЫСШАЯ ШКОЛА ЭКОНОМИКИ И БИЗНЕСА

Экономика және бизнес жоғары мектебі – 1949 жылы тарих-экономика факультеті болып ашылып, 1963 жылы Алматы халық шаруашылығы институтының құрылуына негіз болған, Қазақстандағы жоғары білікті экономика, кәсіпкерлік, менеджмент, қаржы, есеп және аудит, логистика мен маркетинг салаларында ең үздік кәсіби мамандар мен ғылыми кадрларды даярлайтын университеттің ірі құрылымдық бөлімшелерінің бірі және Қазақстандағы алғашқы білім ошағы. Түрлі реформалардың нәтижесінде 2010 жылдың шілде айында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесі шешімімен факультет Экономика және бизнес жоғары мектебі болып аталып, қазір 4 кафедрадан тұрады:

– экономика;
– менеджмент;
– қаржы және есеп;
– бизнес-технологиялар.

Экономика және бизнес жоғары мектебінде ғылыми дәрежелі профессор-оқытушылар құрамының үлесі – 60% (19 ғылым докторы, 48 ғылым кандидаты және 17 PhD докторы бар). Халықаралық «Болашақ» бағдарламасының түлектері, жұмыс берушілер және шетелдік профессорлар білім алушыларға дәріс оқиды. Студенттердің сапалық құрамы соңғы бес жылда 58%-ға, шетелдік студенттердің саны 66%-ға өсіп отыр.

Высшая школа экономики и бизнеса была организована в 1949 году как историко-экономический факультет (послужила основой для создания Алма-Атинского института народного хозяйства в 1963 г.) и является одним из крупнейших структурных подразделений университета и первым образовательным учреждением по экономическим специальностям в Казахстане, готовящим лучшие профессиональные и научные кадры в области экономики, предпринимательства, менеджмента, финансов, учета и аудита, логистики и маркетинга. Вследствие различных реформ в июле 2010 года решением Ученого совета КазНУ им. аль-Фараби факультет экономики и бизнеса был переименован в Высшую школу экономики и бизнеса и теперь состоит из 4 кафедр:

– «экономики»;
– «менеджмента»;
– «финансов и учета»;
– «бизнес-технологий».

Доля остепененного профессорско-преподавательского состава в Высшей школе экономики и бизнеса составляет 60% (19 докторов наук, 48 кандидатов наук и 17 докторов PhD). Выпускники программы «Болашак», работодатели, зарубежные профессора и более 20 обладателей государственного гранта «Лучший преподаватель вуза» читают лекции для обучающихся. Качественный состав студентов за последние пять лет вырос на 58%, количество иностранных студентов – на 66%.





Экономика және бизнес жоғары мектебінде 2000-нан астам студент, магистранттар мен докторанттар оқиды. Олар заманауи инновациялық әдістемелерді қолдану арқылы классикалық білім берудің озық дәстүрі негізінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 47 білім беру бағдарламасы бойынша білім алады. Сондай-ақ жоғары және орта кәсіби білім негізінде қысқартылған білім бойынша мамандар даярланады. Факультет 70 жылдық тарихында 15 000-нан астам маман даярлап шығарған. Біздің түлектер мемлекеттік басқару органдары, стратегиялық маңызы бар салалық құрылымдар мен бизнес, жеке және трансұлттық компанияларда абыроймен қызмет етіп, ел экономикасының дамуына үлес қосуда.

Бүгінгі таңда факультетте білімнің халықаралық интеграциясы мақсатында студенттермен алмасу және қосдипломды білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда:

– бакалавриатта Роберт Шуман атындағы Университетпен (Страсбург менеджмент мектебі, Франция). 2010/14 оқу жылында қосдипломды бағдарлама бойынша 6 студент Страсбург Бизнес мектебін бітіріп, «Еуропалық менеджмент» мамандығы бойынша диплом алды;

– магистратурада ТМД Жүйелік университетімен (П. Лумумба атындағы Халықтар достығы университеті – РУДН, Новосибирь мемлекеттік университетімен) ынтымақтастық байланыс орнатылған.

В Высшей школе экономики и бизнеса более 2000 студентов, магистрантов и докторантов обучаются по 47 образовательным программам на казахском, русском и английском языках на основе лучших традиций классического образования с применением современных инновационных методик. За 70-летнюю историю Высшая школа экономики и бизнеса подготовила более 15 000 специалистов. В настоящее время наши выпускники вносят значительный вклад в развитие экономики страны, достойно работают в органах государственного управления, стратегически важных отраслевых структурах, бизнес-среде, частных и транснациональных компаниях.

В целях международной интеграции образования ведется работа по программе обмена студентами и двойного диплома:

– бакалавриат с Университетом им. Роберта Шумана («Страсбургская школа менеджмента», Франция). В 2010/14 учебном году по программе двойного диплома 6 студентов окончили Страсбургскую Бизнес-школу и получили диплом по специальности «Европейский менеджмент»;

– магистратура с системным университетом СНГ (Российский университет дружбы народов им. П. Лумумбы – РУДН, Новосибирский государственный университет, Россия).



Бизнес-құзыреттерді дамыту кластерінде уақыт сұранысына сай білімді жетілдіру мен қайта даярлау курстары оқытылып, білім беру қызметтері көрсетіледі.

**Исламдық қаржы орталығы**

- АХҚО мен катарлық Хамад бин Халифа университетімен әріптестік
- Islamic Finance Qualification (IFQ) сертификациясы
- Thomson Reuters деректер базасымен жұмыс
- Ғылыми зерттеулер, академиялық байланыс және кәсіби біліктілікті арттыруға арналған семинарлар

**Биржалық технологиялар орталығы**

- Қаржылық сауаттылықты арттыру
- Бағалы қағаздар нарығында жұмыс істеу
- Қор биржаларымен әріптестік
- Қаржылық талдау мен қаржылық технологияларды меңгеру
- Заманауи жабдықталған аудиториялар

**Кәсіпкерлік пен инновациялар орталығы**

- Erasmus+ ENINEDU жобасының аясында құрылған
- Студенттерге бизнес-жобаларды нарыққа шығаруға консалтингтік көмек беру
- Қолданбалы бағдарламалармен жұмыс істей отырып, академиялық білімді тәжірибелік бағытта толықтыру
- Жұмыс берушілермен байланыс



В кластере развития бизнес-компетенций предоставляются образовательные услуги с обучением на курсах по подготовке и переподготовке специалистов в соответствии с потребностями времени.

**Центр Исламских финансов**

- Сотрудничество с МФЦА и Университетом Хамад бин Халифа (Катар)
- Сертификация Islamic Finance Qualification (IFQ)
- Работа с базой данных Tomson Reuters
- Научные исследования, академические связи и семинары для повышения квалификации

**Центр биржевых технологий**

- Повышение финансовой грамотности
- Работа на рынке ценных бумаг
- Сотрудничество с биржами
- Финансовые технологии и финансовый анализ
- Современно оборудованные учебные аудитории

**Центр предпринимательства и инноваций**

- Создан в рамках проекта Erasmus+ ENINEDU
- Оказание консультационной поддержки студентам для продвижения их бизнес-проектов
- Дополнение академического обучения прикладными навыками
- Взаимодействие с работодателями

Экономика және бизнес жоғары мектебінің профессорлық-оқытушылар құрамы оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеумен қатар, «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Жаңа гуманитарлық білім: 100 жаңа оқулық жобасы» бойынша ағылшын тіліндегі үздік оқулықтарды қазақ тіліне аударған: «Төртінші индустриялық революция» (авторы: К. Шваб. – Астана: «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2018. – 200 б.); «Экономикс» (авторлары: Н. Грегори Мэнкью, Марк П. Тейлор. – Астана: «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2018. – 848 б.); «Халықаралық бизнес: жаһандық нарықтағы бәсеке» (авторлары: Хилл Чарльз, Халт Томас. – Астана: «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2018. – 704 б.); «Маркетинг негіздері» (авторлары: Филипп Котлер, Гари Армстронг, Марк Оливер. – Астана: «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2019. – 736 б.); «Оксфорд экономика сөздігі» (авторлары: Блак Джон, Хашимзаде Нигар, Майлз Гарет. – Астана: «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2019. – 608 б). Сонымен қатар аталған бағдарлама аясында оқытушылардың онлайн бейнекурстары әзірленді. ЭБЖМ-де 15-тен астам «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегерлері қызмет жасайды.

Профессорско-преподавательским составом Высшей школы экономики и бизнеса наряду с разработкой учебников и учебных пособий в рамках государственной программы «Рухани жаңғыру» переведены на казахский язык лучшие учебники на английском языке по программе «Жаңа гуманитарлық білім: 100 жаңа оқулық жобасы»: «Четвертая индустриальная революция» (автор К. Шваб. Астана: «Ұлттық аударма бюросы», 2018, 200 б.); «Экономикс» (авторы: Н. Грегори Мэнкью, Марк П. Тейлор. Астана: «Ұлттық аударма бюросы», 2018, 848 б.); «Международный бизнес: конкуренция на глобальном рынке» (авторы: Хилл Чарльз, Халт Томас. Астана: «Ұлттық аударма бюросы», 2018, 704 б.); «Основы маркетинга» (авторы: Philip Kotler, Gary Armstrong, Marc Oliver. Астана: «Ұлттық аударма бюросы», 2019, 736 б.); «Оксфордский экономический словарь» (авторы: Блак Джон, Хашимзаде Нигар, Майлз Гарет. Астана: «Ұлттық аударма бюросы», 2019, 608 б.). Кроме того, в рамках данной программы разработаны онлайн-видеокурсы для преподавателей.





Профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер үшін шетелдік тәжірибе алмасу бағдарламалары бойынша келесідей жұмыстар ұйымдастырылған:

1) Erasmus+ ENINEDU жобасы бойынша координациялық кеңес;
2) Хамад бин Халифа университетімен ынтымақтастық (Катар);
3) Оксфорд университетіндегі магистранттарға арналған ғылыми тағылымдама (Ұлыбритания);
4) Ниццалық София-Антиполис университетіндегі семинар-тренинг (Франция);
5) Вашингтон мемлекеттік университетімен әріптестік (АҚШ);
6) Сантьяго-де-Компостела университетіндегі семинар (Испания);
7) Докторанттың Аустралия ұлттық университетіндегі ғылыми кеңесшісі (Аустралия);
8) РУДН университетімен қосдипломды бағдарлама түлектері (Ресей);
9) Ка'Фоскари университетінде академиялық ұтқырлық бойынша білім алу (Италия);
10) Amanie Advisors компаниясымен бірлескен жұмыс (Малайзия);
11) ТМД елдерінің қатысуымен өткен Халықаралық форум (Ресей);
12) Докторанттың шетелдік конференцияға қатысуы (Португалия).

Для профессорско-преподавательского состава и студентов организована работа по программам обмена зарубежным опытом:

1) координационный совет по проекту Erasmus+ ENINEDU;
2) сотрудничество с университетом Хамада бин Халифа (Катар);
3) научная стажировка для магистрантов в Оксфордском университете (Великобритания);
4) семинар-тренинг в Университете Ниццы София-Антиполис (Франция);
5) партнерство с Вашингтонским государственным университетом (США);
6) семинар в Университете Сантьяго-де-Компостела (Испания);
7) научный консультант докторанта в Австралийском национальном университете (Австралия);
8) выпускники двудипломной программы с университетом РУДН (Москва, Россия);
9) обучение по академической мобильности в университете Ка'Фоскари (Венеция, Италия);
10) совместная работа с Amanie Advisors (Малайзия);
11) международный форум с участием стран СНГ (Белгород, Россия);
12) участие докторантов в зарубежной конференции (Португалия).


FARABI UNIVERSITY
ФИЛОЛОГИЯ
ФАКУЛЬТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

# ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

## ФИЛОЛОГИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ



Филология факультеті – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ең көне әрі аса ірі факультеттерінің бірі. 1937 жылы құрылған факультет ондаған жылдар бойы бұрынғы Кеңес Одағы мен қазіргі Қазақстанның филология ғылымының даму тарихында маңызды орындардың бірін иемденіп келеді. Факультеттің қалыптасуы мен дамуының бастауында М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, М. Балақаев, З. Қабдолов, З. Ахметов, Х. Махмудов, А. Аманжолов, Ә. Кекілбаев, М. Бағызбаева, Р. Әмір және т.б. қазақстандық академиктер мен ғылымның корифейлері тұрды.

Факультеттің миссиясы – филологиялық мамандықтар бойынша бакалавр, магистр, PhD докторларын, білім, ғылым және инновациялық өндірісті тиімді интеграциялау негізінде қазіргі заманғы зияткерлік талаптарға және Қазақстан Республикасының даму стратегиясына сәйкес келетін жоғары кәсіби біліктілігі бар жаңа формациядағы мамандарды даярлау.

Филологический факультет – один из старейших и крупнейших факультетов. Организован в 1937 году. На протяжении многих десятилетий факультет неизменно занимал и занимает одно из ключевых мест в истории развития филологической науки бывшего Советского Союза и современного Казахстана. У истоков становления и развития факультета стояли такие корифеи казахстанской науки, как академики М. Ауэзов, А. Маргулан, Б. Кенжебаев, М. Балакаев, З. Кабдолов, З. Ахметов, Х. Махмудов, А. Аманжолов, А. Кекильбаев, М. Багизбаева, Р. Амир и др.

Миссия факультета – подготовка специалистов новой формации с высокой профессиональной квалификацией, соответствующих современным интеллектуальным требованиям и стратегии развития Республики Казахстан на основе эффективной интеграции образования, науки и инновационного производства – бакалавров, магистров, докторов PhD по филологическим специальностям.

Факультет оқытушыларының ғылыми, педагогикалық және әдістемелік зерттеуде үлкен тәжірибесі бар. Олар көрнекті ғалым, академик, профессорлар ұрпақтарынан, республика ғана емес, одан тыс жерлерде де кеңінен танымал, әртүрлі филологиялық ғылыми мектептер мен бағыттарды жасаушылардан жинақталған. Еліміздің жетекші жоғары оқу орындарында және Венгрия, Германия, Испания, Италия, Оңтүстік Корея, Польша, АҚШ, Түркия, Франция, Жапония сынды шетелдерде тағылымдамадан өткен, кафедраларда ғылыми қызметпен белсенді айналысатын профессорлар мен доценттер, ғылым докторлары мен кандидаттары жұмыс істейді. Факультет оқытушыларының қатарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «ЖОО үздік оқытушысы» республикалық байқауының 20 жеңімпазы, 3 академик және Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Халықаралық жоғары мектеп академиясының 5 академигі, ҚР ғылымына еңбек сіңірген 4 қайраткер, 1 Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстан Жазушылар одағының 11 мүшесі қызмет етеді.

Преподаватели факультета обладают большим научным, исследовательским, педагогическим и методическим опытом, накопленным поколениями выдающихся ученых, академиков, профессоров, широко известных за пределами страны, создателей различных научных филологических школ и направлений. На кафедрах работают профессора и доценты, доктора и кандидаты наук, активно занимающиеся научной деятельностью, прошедшие стажировки в ведущих вузах страны и за рубежом: в Венгрии, Германии, Испании, Италии, Корее, Польше, США, Турции, Франции, Японии. В числе преподавателей факультета 20 победителей Республиканского конкурса МОН РК «Лучший преподаватель вуза», 20 победителей Республиканского конкурса Министерства образования и науки Республики Казахстан (МОН РК) «Лучший преподаватель вуза», 3 академика и члена-корреспондента Национальной академии наук Республики Казахстан (НАН РК), 5 академиков Международной академии наук высшей школы (МАН ВШ), 4 заслуженных деятеля науки РК, 1 народный писатель Казахстана, 11 членов Союза писателей Казахстана.





Оқыту бакалавриат, магистратура, PhD докторантура сияқты көпдеңгейлі жүйе бойынша іске асырылады. Факультет «Түркология», «Педагогикалық білім», «Филология», «Лингвистика», «Әдебиет», «Аударма және аударматану» бағыттары бойынша білікті бакалаврлар, магистрлер мен PhD докторларын даярлайды. «Педагогикалық білім беру» (РУДН), «Филология» (РУДН) және «Лингвистика» (МГИМО, ТашМУ) бағыттары бойынша магистранттар мен докторанттарға қосдипломды білім беру жүзеге асырылуда.

Факультетте 6 кафедра бар:

– түркология және тіл теориясы;

– қазақ тіл білімі;

– қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы;

– орыс филологиясы және әлем әдебиеті;

– шетел филологиясы және аударма ісі;

– шет тілі.

Обучение осуществляется по многоуровневой системе: бакалавриат, магистратура, докторантура PhD. Факультет выпускает квалифицированных бакалавров, магистров и докторов PhD по направлениям «Тюркология», «Педагогическое образование», «Филология», «Лингвистика», «Литература», «Перевод и переводоведение». Реализуется двудипломное образование магистрантов и докторантов по направлениям «Педагогическое образование» (РУДН), «Филология» (РУДН) и «Лингвистика» (МГИМО, ТашГУ).

На факультете 6 кафедр:

– тюркологии и теории языка;

– казахского языкознания;

– казахской литературы и теории литературы;

– русской филологии и мировой литературы;

– иностранной филологии и переводческого дела;

– иностранных языков.

Факультетте «Түркология» орталығы, Абай институты, «Орыс әлемі» орталығы, Олжас Сүлейменовтің лингвистикалық зерттеулер орталығы, Аударма орталығы, Орыс тілі және мәдениеті орталығы, «Қазақ тілі: әлеуметтік және психолингвистикалық эксперименттік оқыту» зертханасы, Әлеуметтік лингвистика, практика және аударма теориясы зертханасы, «Лингвоарна» ғылыми-зерттеу орталығы, Компьютерлік лингвистика ғылыми-зерттеу орталығы, Жамбыл атындағы қазақ фольклоры мен әдебиетін зерттеу орталығы, «BRITISH CENTRE: LANGUAGE and CULTURE» орталығы, «ILC KAZNU» орталығы жұмыс істейді.

Филология факультеті – жоғары білікті, шығармашылық мақсатқа бағытталған, жұмысқа қабілетті пікірлестердің ұйымшыл ұжымы.

На факультете работает Центр тюркологии, Институт Абая, Центр «Русский мир», Центр лингвистических исследований Олжаса Сулейменова, Центр перевода, Центр русского языка и культуры, Лаборатория «Казахский язык: социальное и психолингвистическое экспериментальное обучение», Лаборатория социолингвистики, практики и теории перевода, Научно-исследовательский и учебно-методический центр «Лингвоарна», Научно-исследовательский центр компьютерной лингвистики, Центр изучения казахского фольклора и литературы им. Жамбыла, Центр BRITISH CENTRE: LANGUAGE and CULTURE, Центр ILC KAZNU.

Филологический факультет – высококвалифицированный, творчески нацеленный, работоспособный и сплоченный коллектив единомышленников.





# ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

## ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

Заң факультеті 1955 жылы Алматы заң институтының (АЗИ) негізінде құрылған, Қазақстан Республикасы үшін білікті заң кадрларын даярлау ісіндегі басты база болып саналады.

Заң факультетінің даму тарихы еліміздің және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарихымен тығыз байланысты. Факультеттің профессорлық-оқытушылық құрамы Қазақстандағы ең білікті мамандардан құралған. Заң факультетінде ұзақ жылдар бойы ҚР ҰҒА академиктері: С.З. Зиманов, С.С. Сартаев, М.Т. Баймаханов, Г.С. Сапаргалиев, С.Н. Сабикенов, М.К. Сулейменов, профессорлар: Ю.Г. Басин, Г.Ф. Поленов, Г.Ф. Байсалов, В.А. Ким жұмыс істеді. Академиктер мен профессорлардың қажырлы еңбегі Қазақстан Республикасының егемендігін дамыту үшін негіз болды.

Бүгінде факультетте белгілі ғалымдар, заңгер-практиктер, профессорлар, заң ғылымдарының докторлары, сондай-ақ ҚР ҰҒА-ның 5 академигі, 30 доктор мен профессор, 80-нен астам ғылым кандидаты, доцент еңбек етеді. Оқу сабақтарын Парламенттің, Үкіметтің, Президент Әкімшілігінің, Жоғарғы Соттың, құқық қорғау органдарының біліктілігі жоғары практик-мамандары өткізеді. Көптеген оқытушы АҚШ, Европа, Түркия және т.б. шетелдің университеттерінде тағылымдамадан өтті. Заң факультеті ең қиын ғылыми-тәжірибелік мәселелерді шешуге қабілетті.

Юридический факультет был создан в 1955 году на базе Алматинского юридического института (АЮИ) и является главной базой для подготовки квалифицированных юридических кадров для Республики Казахстан.

История развития юридического факультета неразрывно связана с историей нашей страны и Казахского национального университета им. аль-Фараби. Профессорско-преподавательский состав факультета является одним из высококвалифицированных в РК. Много лет на юридическом факультете работали известные ученые, академики НАН РК С.З. Зиманов, С.С. Сартаев, М.Т. Баймаханов, Г.С. Сапаргалиев, С.Н. Сабикенов, М.К. Сулейменов, профессора Ю.Г. Басин, Г.Ф. Поленов, С.Б. Байсалов, В.А. Ким. Труды и государственная деятельность академиков и профессоров стали основой для развития суверенитета Республики Казахстан.

Сегодня на факультете трудятся известные ученые, юристы-практики, профессора, доктора юридических наук, а также пять академиков НАН РК, 30 докторов и профессоров, более 80 кандидатов наук, доцентов. Учебные занятия проводятся специалистами-практиками высшей квалификации из Парламента, Правительства, Администрации Президента, Верховного Суда, правоохранительных органов. Многие из преподавателей прошли стажировку в университетах США, Европы, Турции и др. Юридический факультет способен решать самые сложные научно-практические проблемы.





Заң кадрларын даярлау білім берудің үш деңгейі бойынша жүргізіледі: бакалавриат, магистратура (бейінді және ғылыми-педагогикалық), докторантура. Студенттер өздерінің қабілеттері мен болашақ мансаптарына байланысты «Құқықтану», «Кеден ісі», «Құқық қорғау қызметі», «Қаржы құқығы», «Экологиялық құқық», «Мемлекеттік қызмет», «Корпоративтік құқық» және т.б. білім беру бағдарламаларын таңдай алады.

Қазіргі уақытта заң факультетінің түлектері құқық қорғау органдарын басқарады. Мәселен, Жоғарғы Сот Төрағасы, Бас прокурор, Конституциялық Кеңес төрағасы, ІІМ министрі – заң факультетінің түлектері.

Подготовка юридических кадров проводится по трем уровням образования – бакалавриат, магистратура (профильная и научно-педагогическая), докторантура. Также студенты могут выбирать образовательные программы в зависимости от своих способностей и дальнейшей карьеры: «Юриспруденция», «Таможенное дело», «Правоохранительная деятельность», «Финансовое право», «Экологическое право», «Государственная служба», «Корпоративное право» и т. д.

Подготовка студентов осуществляется на базе среднего, среднего специального и высшего образования. После окончания бакалавриата выпускники юридического факультета могут продолжать обучение в магистратуре и докторантуре.

В настоящее время выпускники юридического факультета возглавляют правоохранительные органы. Так, председатель Верховного Суда, генеральный прокурор, председатель Конституционного Совета, министр МВД в свое время окончили юридический факультет КазНУ.

Заң факультеті – мемлекет пен құқықтың өзекті мәселелері бойынша халықаралық және республикалық конференциялардың тұрақты ұйымдастырушысы. Сонымен қатар факультетте жыл сайын Қазақстан мен шетелдердің студенттері арасында тұрақты негізде республикалық құқықтық олимпиадалар өткізіледі.

Юридический факультет – постоянный организатор международных и республиканских конференций по актуальным вопросам государства и права. Здесь проводятся на постоянной основе  республиканские правовые олимпиады среди студентов Казахстана и зарубежных стран.















# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ

## ФАКУЛЬТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ



2020 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультеті 25 жасқа толды. Осы уақыт ішінде өз елдерінің сыртқы саяси ұстанымдарын нығайтуға, жаһандық қауіпсіздіктің орнықты архитектурасын құруға, мемлекетаралық қарым-қатынас мәдениетін және дипломатияның кәсіби деңгейін көтеруге үлес қосқан жүздеген маман даярланды. Факультет тарихы мемлекеттің пайда болуы мен қалыптасуының күрделі кезеңінен бастау алып, содан бері ұзақ та өте маңызды жолды жүріп өтті. Бүгінгі таңда факультет – халықаралық қатынастар саласында жоғары білікті мамандар даярлауға орасан зор үлес қосатын ірі білім және ғылым орталығы. 1995 жылы факультетте 252 студент білім алса, бүгінде 1000-нан астам студент оқиды. Қазіргі заманғы білім беру технологияларын сәтті қолдана отырып, факультет халықаралық қатынастар және сыртқы саясат, халықаралық құқық және әлемдік экономика саласындағы жетекші кадрлар ұстаханасы болып саналады.

В 2020 году факультету международных отношений КазНУ им. аль-Фараби исполнилось 25 лет. За это время подготовлены сотни профессионалов, внёсших вклад в упрочение внешнеполитических позиций своих стран, строительство устойчивой архитектуры глобальной безопасности, повышение культуры межгосударственного общения и профессионального уровня дипломатии. История факультета берет начало в сложный период образования и становления казахстанской государственности. С тех пор нами пройден большой и богатый на события путь. Сегодня факультет является крупным образовательным и научным центром, который вносит значительный вклад в подготовку высококвалифицированных специалистов-международников. В 1995 году на факультете училось 252 студента, сейчас более 1000 студентов. Успешно используя современные образовательные технологии, факультет по праву считается ведущей кузницей кадров в области международных отношений и внешней политики, международного права и мировой экономики.

Факультеттің профессорлық-оқытушылық құрамы – үнемі шығармашылық ізденіс үстінде болып, халықаралық қатынастардың жас мамандарын тәрбиелеудегі ең күрделі міндеттерді сәтті шешетін бірінші деңгейлі мамандар. Факультет әзірлеген көптеген оқулық пен монографияларды, пәндік бағдарламаларды, сондай-ақ оқытушыларды оқытудың ерекше әдістерін Қазақстан университеттері қабылдағанын мақтан тұтады.

Факультет тарихы, біздің кафедраларымыздың тарихы – бұл ең алдымен оның бастауында тұрып, даңқты дәстүрлерін бүгінгі таңда жалғастырып, көбейте түскен, қазіргі заманғы халықаралық кәсіби мамандарды даярлауды тұрақты жетілдіруге және университетімізді дамытудың перспективалық міндеттерін жүзеге асыруға үлес қосып келе жатқан тұлғалар.

На факультете сложился первоклассный профессорско-преподавательский коллектив, находящийся в постоянном творческом поиске и с успехом решающий трудные задачи в деле воспитания молодых международников. Факультет гордится тем, что многие учебники, монографии, программы дисциплин, а также уникальные методики проведения занятий его преподавателей берутся на вооружение вузами Казахстана.

История факультета, история наших кафедр — это прежде всего люди, которые стояли у истоков, и те, кто ныне продолжает и приумножает его славные традиции, своим трудом вносит вклад в постоянное совершенствование подготовки современных профессионалов-международников и осуществление перспективных задач развития нашего Университета.



Халықаралық қатынастар факультеті әлемнің көптеген университетімен кең халықаралық қатынастарға ие. Джон Хопкинс университеті, Скрэнтон университеті (АҚШ), Токио, Цукуба университеті (Жапония), Дж. Неру университеті (Үндістан), МГИМО, РУДН (Ресей), Гавр университеті (Франция), Пиза университеті, Ка'Фоскари университеті (Италия), Кастилия Ла Манча университеті, Барселона, Валенсия, Толедо университеттері (Испания), Марбург, Фрайбург, Берлиннің еркін университеті (ГФР), Польша университеттері (Варшава, Познань, Лодзь) және т.б. оқу орындарында студенттер халықаралық алмасу бағдарламалары бойынша білім алады.

Факультет международных отношений имеет широкие международные связи со многими университетами мира, где студенты могут обучаться по программам международного обмена. Это Университет Джона Хопкинса, университет Скрэнтон (США), Токийский Университет Цукуба (Япония), Университет Дж. Неру (Индия), МГИМО (Россия), РУДН (Россия), Университет Гавр (Франция), Университет Пизы (Италия), Университет Ка'Фоскари (Италия), Университеты Кастилия Ла Манча, Барселона, Валенсия, Толедо (Испания), Марбургский, Фрайбургский, Свободный университет Берлина (ФРГ), Университеты Польши (Варшава, Познань, Лодзь) и др.









Факультет түлектері республиканың заң шығарушы және атқарушы органдарында, атап айтқанда, Парламент аппаратында, Үкіметте, Сыртқы істер министрлігінде, шетелдердегі кеңселер мен халықаралық ұйымдарда жемісті жұмыс істейді. Олар факультеттің мақтанышына айналды.

Олардың көпшілігі біздің республикамызды дипломатиялық өкілдіктерде таныстырады, академиялық мекемелер мен іскер топтарда сұранысқа ие. Жоғары деңгейлі білім мен бай ғылыми-зерттеу дәстүрлері бізге болашаққа сеніммен және оптимизммен қарауға мүмкіндік береді. Бүгінгі талапкер – еліміздің дамуы мен болашағына өз үлесін қосатын тәуелсіз Қазақстан Республикасының ертеңгі азаматы.

Выпускники факультета продуктивно трудятся в органах законодательной и исполнительной власти республики и, в частности, в аппарате Парламента, Правительства Республики Казахстан, МИД РК, представительствах страны за рубежом, международных организациях и уже успели снискать известность факультету.

Многие из них представляют нашу республику в дипломатических представительствах, востребованы в академических учреждениях и деловых кругах. Высокий уровень образования и богатые научно-исследовательские традиции позволяют нам с уверенностью и оптимизмом смотреть в будущее. Сегодняшний абитуриент – завтрашний гражданин независимой Республики Казахстан, который внесет свой вклад в развитие и будущее нашей страны.



# ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ

## ФАКУЛЬТЕТ ЖУРНАЛИСТИКИ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті өзінің хронологиясын Қазақ коммунистік журналистика институты құрылған 1934 жылдың наурыз айынан бастап жүргізіп келеді. 1940 жылы ҚазКЖИ Қазақ мемлекеттік журналистика институты болып өзгертілді, ал 1941 жылдың 8 мамырынан бастап КЖИ дербес факультет ретінде С.М. Киров атындағы ҚазМУ-ге кірді.

Бүгінде факультет құрамында 3 кафедра бар: баспасөз және электронды БАҚ; ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа; сондай-ақ Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедралары бар.

Факультет журналистики Казахского национального университета им. аль-Фараби свое летоисчисление ведет с марта 1934 года, когда был образован Казахский Коммунистический институт журналистики. В 1940 году КазКИЖ был переименован в Казахский государственный институт журналистики, а с 8 мая 1941 году КИЖ вошел в состав КазГУ им. Кирова в качестве самостоятельного факультета.

Сегодня составе факультета 3 кафедры: печати и электронных СМИ, ЮНЕСКО, международной журналистики и медиа в обществе, а также издательско-редакторского и дизайнерского искусства.










Факультет баспа және электронды БАҚ, ақпараттық агенттіктер, жаңа медиа үшін мамандар даярлаумен айналысады. Бүгінгі таңда журналистика факультетінде 700-ден астам студент пен магистранттар, PhD докторанттар білім алуда. Оларды 10 ғылым докторы, 30 ғылым кандидаты мен 5 PhD докторы даярлайды. Болон процесіне сәйкес магистранттар мен PhD докторларын даярлау шеңберінде АҚШ, Ресей, Аустралия, Германия, Польша, Швеция ғалымдарының тағылымдамалары, тренингтері мен шеберлік сағаттары өткізіледі. Жыл сайын дәстүрлі түрде Барманқұлов, Қожакеев, Бекхожин оқулары өткізіліп тұрады.

Факультет құрылғаннан бері журналистиканың түрлі салалары бойынша БАҚ-та, баспалар мен баспаханаларда, республикамыздың жоғары және орта білім беру жүйесінде, сондай-ақ алыс-жақын шетелдердің университеттері мен ғылыми орталықтарында жұмыс істейтін 8 мыңнан астам маман даярлады.

Факультет занимается подготовкой специалистов для печати и электронных СМИ, информационных агентств, новых медиа, является центром обучения и научных исследований. В настоящее время на факультете журналистики обучаются свыше 700 студентов, магистрантов и PhD-докторантов. Их готовят 10 докторов наук, 30 кандидатов наук, 5 PhD. В соответствии с Болонским процессом в рамках подготовки магистрантов и докторов PhD проводятся стажировки, тренинги, мастер-классы ученых США, России, Австралии, Германии, Польши, Швеции. Традиционными являются Барманкуловские, Кожакеевские, Бекхожинские чтения.

За время существования факультет подготовил более 8 тысяч специалистов по самым различным отраслям журналистики, которые работают в СМИ, издательствах, типографиях, системе высшего и среднего образования нашей республики, а также в университетах и научных центрах ближнего и дальнего зарубежья.

Факультетте «Әл-Фараби» телеарнасы, студенттік жаңалықтар қызметінің радиосы және «Журналист» студенттік газеті жұмыс істейді, онда болашақ журналистер өздерінің практикалық дағдыларын жетілдіреді. ҚР-дағы БҰҰ Ақпараттық Бюросының қолдауымен студенттерге қазақ тілінде БҰҰ радиосында жаңалықтар жүргізуге және ЮНЕСКО-ның журналистика модельдері туралы оқу бейнесабақтарын айтуға мүмкіндік берілді.

Факультет белсенді тәрбие жұмысын жүргізеді. Студенттер «Сана» пікірталас клубында, «Эйдос» театр үйірмесінде, «Тележурналист» зертханасында және т.б. қызығушылықпен айналысады.

Кәсіби бағдар беру жұмысы аясында жыл сайын «Журналист болғың келе ме?», республикалық «Жас тілшілер форумы» өтеді.

На факультете работают телеканал «Аль-Фараби», радио студенческой новостной службы и студенческая газета «Журналист», где будущие журналисты совершенствуют свои практические навыки. При поддержке Информационного бюро ООН в РК студентам представилась возможность на казахском языке вести новости на радио ООН и озвучивать учебные видеопособия о моделях журналистики ЮНЕСКО.

Факультет ведет активную воспитательную работу. Студенты с интересом занимаются в дискуссионном клубе «Сана», театральном кружке «Эйдос», лаборатории «Тележурналист» и т. д.

В рамках профориентационной работы ежегодно проводятся конкурс «Хочешь стать журналистом?», республиканский «Форум молодых корреспондентов».





Факультет түлектері арасында Т. Кәкішев, Ш. Елеукенов, Қ. Ысқақов, Қ. Сұлтанов, С. Абдрахманов, Ұ. Есдәулетов, Ж. Кенжалин, Қ. Сәрсенбай, М. Құл-Мұхаммед, А. Тарақов, Б. Исабаев, Б. Жақып, Б. Омаров, А. Байтасов сынды журналистер, мемлекет қайраткерлері, ғалымдар мен БАҚ жетекшілері бар.

Среди выпускников факультета – журналисты, государственные деятели, ученые, руководители СМИ: Т. Какишев, Ш. Елеукенов, К. Ыскаков, К. Султанов, С. Абдрахманов, У. Есдаулетов, И. Шахнович, Ж. Кенжалин, К. Сарсенбай, М. Кул-Мухаммед, А. Тараков, Б. Исабаев, Б. Жакып, Б. Омаров, А. Байтасов.




КОРЕЙСКИЙ ЯЗЫК
КОРЕЙСКИЙ ЯЗЫ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

# ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

## ФАКУЛЬТЕТ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ

Шығыстану факультетінің негізі 1989 жылы қаланды. Алайда университет қабырғасында шығыс тілдерін зерттеу (соның ішінде араб тілі) ХХ ғасырдың 70-жылдарынан бастау алды.

Шығыстану факультеті Қазақстан мен шетелдердің экономикасы мен сыртқы саясатының әртүрлі салаларында сұранысқа ие, шығыс тілдерін меңгерген жоғары білікті мамандар даярлайтын бірден-бір орталық саналады. Бүгінгі шығыстану факультеті – жоғары педагогикалық кадрлар жұмыс істейтін, оқу-тәрбие үдерісі жүзеге асатын, ғылыми зерттеулер жүргізілетін мойындалған қазақстандық ориенталистика орталығы. Факультетте 8 шығыс тілі: араб, парсы, қытай, корей, түрік, жапон, хинди және урду, сондай-ақ екі батыс тілі: ағылшын және француз тілдері оқытылады.

Факультеттің профессорлық-оқытушылық құрамында 130-дан астам маман еңбек етеді. Олардың ішінде 10 ғылым докторы мен профессорлар, 25 ғылым кандидаты мен доценттер, 28 PhD докторы бар.

Факультет востоковедения был организован в 1989 году. Однако изучение восточных языков (в частности, арабского) в стенах университета берет начало с 70-х годов XX века.

Факультет востоковедения является крупнейшим центром Казахстана по подготовке высококвалифицированных специалистов со знанием восточных языков, востребованных в различных сферах экономики и внешней политики Казахстана и за рубежом. Сегодняшний факультет востоковедения – это признанный центр казахстанской ориенталистики, где работают высококвалифицированные педагогические кадры, осуществляется интересный и творческий учебно-воспитательный процесс, проводятся научные исследования. На факультете преподаются 8 восточных языков: арабский, персидский, китайский, корейский, турецкий, японский, хинди и урду, а также 2 западных языка – английский и французский.

Профессорско-преподавательский состав факультета составляет более 130 сотрудников, в их числе 10 докторов и профессоров, 25 кандидатов наук и доцентов, 28 PhD.






ҚР Ұлттық ғылым академиясы институттарының ірі ғалымдары мен жетекші мамандары, шетелдік шақыртылған профессорлар мен жұмыс берушілер студенттердің сапалы білім алуына өз үлестерін қосуда. Факультет ашылғалы бері шығыстану ғылымының әртүрлі саласы бойынша көптеген маман даярлады. Олар ғылыми-зерттеу және аналитикалық мекемелерде, өндірісте, республикамыздың орта және жоғары оқу орындарында, дипломатиялық қызмет саласында, алыс және жақын шетелдік білім беру мекемелері мен ғылыми орталықтарда қызмет атқарады. Шығыстану факультеті түлектерінің арасында елшілер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сонымен қатар кәсіпкерлер мен банк жүйесінің өкілдері де бар.

В обучении студентов принимают также участие крупные ученые и ведущие специалисты из институтов Национальной Академии наук РК, приглашенные профессора, а также работодатели. За время существования факультет подготовил немалое количество специалистов по самым различным отраслям востоковедческой науки, которые работают в научно-исследовательских и аналитических учреждениях, в системе высшего и среднего образования нашей республики, а также в университетах и научных центрах ближнего и дальнего зарубежья и в сфере дипломатической службы. Среди выпускников факультета востоковедения есть дипломаты, государственные и общественные деятели, а также представители бизнеса и банковской структуры.



Қазіргі таңда факультет құрамында 4 кафедра жұмыс істейді:
– Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия;
– Қиыр Шығыс және Оңтүстік Азия;
– қытайтану;
– Түрксой.

Шығыстану факультетінде 1 ғылыми-зерттеу институты, 4 ғылыми-зерттеу орталығы және 1 ғылыми-білім беру орталығы жұмыс істейді:

1) Азиялық зерттеулер ғылыми-зерттеу институты;
2) Халықаралық корейтану ғылыми-зерттеу орталығы;
3) Жапония және Орталық Азияны зерттеу жөніндегі ғылыми-білім беру орталығы (Цукуба университетінің Алматыдағы кеңсесі);
4) «Тұран-Иран» ғылыми-зерттеу орталығы;
5) «Жазба жәдігер және рухани мұра» ғылыми-зерттеу орталығы;
6) Қазіргі заманғы Қытайды зерттеу орталығы.

В составе факультета 4 кафедры:
– Ближнего Востока и Южной Азии;
– Дальнего Востока;
– китаеведения;
– Тюрксой.

На факультете востоковедения функционируют 1 научно-исследовательский институт, 4 научно-исследовательских центра и 1 научно-образовательный центр:

1) Научно-исследовательский институт Азиатских исследований;
2) Исследовательский центр корееведения;
3) Научно-образовательный центр по изучению Японии и Центральной Азии (Алматинский офис Университета Цукуба);
4) Научно-исследовательский центр «Тұран-Иран»;
5) Научно-исследовательский центр «Памятники письменности и духовное наследие»;
6) Центр исследований современного Китая.








Сонымен қатар шығыстану факультетінде Қазақстан Республикасындағы шет мемлекеттердің елшіліктері мен мәдени өкілдіктерінің қолдауымен жабдықталған 5 орталық жұмыс істейді: Ирантану орталығы; Махатма Ганди орталығы; Мұхаммед Әли Жинна орталығы; Тәжік тілі мен мәдениетінің орталығы; Әзірбайжан тарихы мен мәдениеті орталығы.

«ҚазҰУ Хабаршысы: шығыстану сериясы» журналында шығыстану ғылымының өзекті мәселелері бойынша ғылыми мақалалар жарияланады. Аудиториялар білім беру стандартына сәйкес оқу процесін қамтамасыз ететін құралдармен жабдықталған.

Факультетте жыл сайын халықаралық және республикалық конференциялар мен пәндік олимпиадалар өткізіледі.

Также на факультете востоковедения функционируют 5 центров, оснащенных при поддержке Посольств и культурных представительств иностранных государств в Республике Казахстан: Центр иранистики; Центр Махатмы Ганди; Центр Мухаммада Али Джинны; Центр таджикского языка и культуры; Центр истории и культуры Азербайджана.

На факультете ежегодно проводятся международные и республиканские конференции и предметные олимпиады. В журнале «Вестник КазНУ: серия востоковедение» публикуются научные статьи по актуальным проблемам востоковедческой науки.

Аудитории оснащены приборами и оборудованием, обеспечивающими учебный процесс в соответствии с образовательным стандартом.

Шығыстану факультетінде мамандарды үш деңгейлі даярлау жүзеге асырылады: бакалавриат (4 жыл), магистратура (2 жыл), PhD докторантура (3 жыл).

Факультет бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми қызметкерлермен, оқытушылармен, студенттермен алмасу үшін әлемдік жетекші жоғары оқу орындарымен, ғылыми ұйымдармен студенттердің академиялық ұтқырлығы туралы 30-дан астам қолданыстағы халықаралық шарт бар. Сондай-ақ 3 университетпен қосдипломды білім беру бағдарламасына қол қойылған.

На факультете востоковедения осуществляется 3-уровневая подготовка специалистов в области востоковедения: бакалавриат (4 года), магистратура (2 года), PhD-докторантура (3 года).

На факультете действует более 30 международных договоров с высшими учебными заведениями, научными организациями об академической мобильности студентов, для проведения совместных научных исследований, обмена научными сотрудниками, преподавателями, студентами, а также с 3 университетами подписаны программы двудипломного образования.





ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

# ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ

## ИСТОРИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

Тарих факультеті – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ең алғаш ашылған факультеттерінің бірі. Бүгінгі таңда ол заманауи білім беру және ғылыми орталық, гуманитарлық білімнің флагманы саналып, тарих, археология, этнология, музей ісі, мұрағаттану және кітапхана саласындағы бәсекеге қабілетті озық мамандар даярлап келеді.

Тарих факультеті Италия, Германия, Польша, АҚШ, Түркия, Ресей елдерінің 20-дан аса жетекші университетімен және ғылыми орталықтарымен ынтымақтастық туралы келісімдерге ие. Жақын және алыс шетелдік жоғары оқу орындары арасындағы академиялық алмасулар тағылымдамадан өтуге, конференциялар ұйымдастыру мен қос диплом алуға мүмкіндік береді. Факультетте республикаға танымал отандық және шетелдік белгілі ғалымдар дәріс оқиды. Факультеттің профессорлық-оқытушылық құрамы мен гранттық және бағдарламалық-нысаналы мемлекеттік бюджеттік қаржыландыру бағдарламалары, халықаралық және шаруашылық келісімшарт жобалары, ғылыми іргелі және қолданбалы зерттеулер қарқынды дамып, Thompson Reuters және Scopus агенттіктерінің дерекқорына кіретін импакт-факторы жоғары (Nature Ecology and Evolution, Radiocarbon, Central Asian Survey, Journal of Slavic Military, Science, Millî Folklor, т.б.) журналдарда зерттеу нәтижелерін жариялау жөнінде жұмыстар жүргізіледі.





Исторический факультет – один из старейших факультетов, созданных в Казахском национальном университете им. аль-Фараби. Сегодня это развитый современный образовательный и научный центр, признанный флагман гуманитарного образования. Здесь ведется подготовка конкурентоспособных специалистов в области истории, археологии, этнологии, музейного дела, архивоведения и библиотечного дела. Выпускники факультета востребованы в различных сферах деятельности и организациях. Среди них есть известные ученые, общественные и государственные деятели, деятели культуры, политики и др.

Исторический факультет имеет соглашения о сотрудничестве с более чем 20 ведущими университетами и научными центрами Италии, Германии, Польши, США, Турции, России. Академический обмен между высшими учебными заведениями ближнего и дальнего зарубежья позволяет обучающимся проходить стажировки, организовывать конференции и получать двойные дипломы. На факультете преподают известные отечественные и зарубежные ученые. Профессорско-преподавательским составом факультета интенсивно развиваются государственные программы грантового и программно-целевого финансирования, проекты международных и хозяйственных договоров, научные фундаментальные и прикладные исследования, ведется работа по публикации результатов исследований в журналах с высоким импакт-фактором (Nature Ecology and Evolution, Radiocarbon, Central Asian Survey, Journal of Slavic Military,Science, Millî Folklor и др.), входящих в базу данных агентств Thompson Reuters и Scopus.



Факультетте бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша 30-дан астам білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда, соның ішінде республика көлемінде тек ҚазҰУ-да даярланатын «Этнология және антропология», «Археология», «Сандық архивтану және құжаттану», «Тарихи информатика», «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау», «Көпшілік тарих», «Физикалық антропология», «Кітапханалық-ақпараттық жүйелер», «Ұлттық тарих», «Отан тарихы», т.б. бірегей бағдарламалар бар.

QS World University Rankings by Subject бойынша «Тарих» білім беру бағдарламасы топ 200–250 ішіне кірді. Факультеттің үш саты бойынша барлық білім беру бағдарламалары ACQUIN халықаралық аккредиттеу агенттігінің сертификатына ие, ұлттық рейтинг агенттіктерінде (Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі, Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі, «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы) тұрақты түрде тек бірінші орын алып келеді.

На факультете реализуется более 30 образовательных программ бакалавриата, магистратуры, докторантуры, в том числе уникальные для республики программы: «Этнология и антропология», «Археология», «Цифровое архивоведение и документоведение», «Историческая информатика», «Музейное дело и охрана памятников», «Публичная история», «Физическая антропология», «Библиотечно-информационные системы», «Национальная история», «Отечественная история» и т. д.

Образовательная программа «История» вошла в топ 200–250 QS World University Rankings by Subject. Образовательные программы факультета по трем ступеням обучения имеют сертификацию международного аккредитационного агентства ACQUIN, регулярно занимают первые места в рейтингах национальных рейтинговых агентств (Независимое агентство по обеспечению качества в образовании, Независимое агентство аккредитации и рейтинга, Национальная палата предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен»).



Факультетте Қазақстан тарихы; археология, этнология және музеология; дүние жүзі тарихы; тарихнама және деректану кафедралары бар. Сондай-ақ «Ортағасырлық археология», «Этнография» және «Палеолит» музейлері, төрт республикалық ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс істейді. Ұлттық кітапхана мен Президент Архиві базасында, «Таңбалы» музей-қорығы, Ә. Қастеев атындағы өнер музейінде кафедра филиалдары ашылған. Жұмыс берушілермен тығыз байланыс орнатылып, студенттер еліміздің жетекші ғылыми-зерттеу, білім беру, мәдени орталықтарынан (ҚР Ұлттық музейі, Орталық мемлекеттік музей, «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы, «Елеке сазы», «Шілікті» археологиялық базалары, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, ҚР Президент Архиві, ҚР Орталық мемлекеттік архиві, т.б.) тәжірибеден өтеді. Жамбыл облысының Шу ауданында Баласағұн (Ақтөбе) ортағасырлық археологиялық тәжірибе базасы бар.

На факультете функционируют кафедры истории Казахстана, археологии, этнологии и музеологии, всемирной истории, историографии и источниковедения, музеи средневековой археологии, этнографии, палеолита, четыре республиканских научно-исследовательских центра. На базе Национальной библиотеки и Архива Президента, музея-заповедника «Тамгалы», музея изобразительных искусств им. А. Кастеева открыты филиалы кафедр факультета. Налажены тесные связи с работодателями, студенты проходят практику в ведущих научно-исследовательских, образовательных, культурных центрах страны (Национальный музей РК, Центральный государственный музей РК, Государственный историко-культурный заповедник-музей «Берель», археологические базы «Елеке сазы», «Шиликты», государственный историко-культурный музей-заповедник «Иссык», Архив Президента РК, Центральный государственный архив РК и др.). В Шуском районе Жамбылской области имеется база средневековой археологической практики городище Баласагун (Актобе).

















Факультет жаһандық нарықта табысты бәсекелестік, ғылыми зерттеулер жүргізуге, сондай-ақ мемлекеттік, қоғамдық және іскерлік құрылымдарда жұмыс істеуге дайын жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған. Оның артықшылығы – жоғары мәдениеттің, терең білімнің және студенттер мен оқытушылар арасындағы тығыз ғылыми қатынастардың күшті қоспасы. Алған білімдері мен зияткерлік жұмыс дағдылары факультет түлектеріне табысты мансап құруға, өз құзыреттілігін үнемі жетілдіруге және дамытуға мүмкіндік береді. Факультет түлектері әртүрлі мамандықтар мен қызмет салаларында сұранысқа ие. Олардың арасында танымал ғалымдар, мемлекет және қоғам, мәдениет қайраткерлері мен саясаткерлер, т.б. бар.

Факультет ориентирован на подготовку высококлассных специалистов, успешно конкурирующих на глобальном рынке, готовых как вести научные исследования, так и работать в государственных, общественных и деловых структурах. Его преимущество заключается в мощном сплаве высокой культуры, глубоких знаний и тесных научных отношений между студентами и преподавателями. Приобретенные знания и навыки интеллектуальной работы позволяют выпускникам факультета построить успешную карьеру, непрерывно совершенствовать и развивать свою компетентность.



# ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

## ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ

Факультет тарихы 1947 жылы психология және логика кафедрасының ашылуы мен 1949 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дің философия және экономика факультетінің құрылуынан бастау алады. Философия және экономика факультеттері 1951 жылы философия-экономикалық факультет болып біріктірілді, 1954 жылы КСРО басшылығының шешімімен факультет жабылып, тек 1968 жылы қайтадан ашылды.

История факультета философии и политологии ведет свой отсчет с 1947 года, когда была организована кафедра психологии и логики, затем в 1949 году в КазГУ им. С.М. Кирова были созданы философский и экономический факультеты. В 1951 году философский и экономический факультеты были объединены в философско-экономический факультет, который функционировал до 1954 года, а затем был закрыт в связи с тем, что прерогатива подготовки философских кадров была отдана только ведущим вузам: Московскому, Ленинградскому и Киевскому государственным университетам. Философско-экономический факультет был вновь открыт только в 1968 году.





1971–1972 жылдар аралығында факультетте гуманитарлық және жаратылыстану факультеті жанында философия, философия тарихы және логика, этика, эстетика және ғылыми атеизм кафедралары жұмыс істеген. Кейінгі жылдарда психология, әлеуметтану, саясаттану кафедралары құрылған. 1970 жылдан бастап факультетте шетел студенттері оқи бастады. Бастапқы кезде Кубадан 13 студент болды, содан кейін Азия мен Африканың көптеген елінің студенттері оқи бастады. Факультет Куба, Ауғанстан, Лаос, Камбоджа, Буркин-Фасо, Моңғолия, Үндістан, Пәкістан мемлекеттеріне 400-ден астам білікті маман даярлады. Сондықтан да факультет Орта Азия аймағындағы философиялық білім беру орталығы болып саналады.

1991 жылы философия-экономика факультеті философия және саясаттану факультеті, экономика және әлеуметтану факультеті болып екіге бөлінді. 1997 жылы әлеуметтану бөлімі философия және саясаттану факультетінің құрамына енді. Соңғы жылдары психология, саясаттану, әлеуметтану сияқты жаңа кафедралар ашыла бастады.

Факультет тарихында қазақстандық психология, философия, саясаттану ғылымдарының негізін қалаушы ғалымдар: Т.Т. Тәжібаев, А.Х. Қасымжанов, Т.К. Мұстафин есімдері алтын әріппен жазылған.

В 1971–1972 годах на факультете функционировали кафедры философии гуманитарных факультетов, философии естественных факультетов, истории философии и логики, этики, эстетики и научного атеизма. С начала 1970-х гг. на факультете стали обучаться студенты-иностранцы. Первыми были 13 студентов с Кубы, а затем стали обучаться студенты из многих стран Азии и Африки. Факультетом были подготовлены около 400 квалифицированных специалистов для Кубы, Афганистана, Лаоса, Камбоджи, Буркина-Фасо, Монголии, Индии, Пакистана. Факультет являлся центром философского образования в Среднеазиатском регионе, в частности, готовил кадры и для Республики Кыргызстан.

В 1991 году произошло разделение факультета на факультет философии и политологии и факультет экономики и социологии. В последующие годы были организованы новые кафедры: психологии, политологии, социологии. В 1997 году отделение социологии вошло в состав факультета философии и политологии.

Золотыми буквами в историю факультета вписаны имена Т.Т. Тажибаева, А.Х. Касымжанова, Т.К. Мустафина – основоположников казахстанской психологической, философской и политологической науки.

Факультет гуманитарлық, әлеуметтік, педагогикалық бағыттар бойынша мамандар даярлайды.

Бүгінде факультет құрамында 6 кафедра бар:

– философия;
– саясаттану және саяси технологиялар;
– дінтану және мәдениеттану;
– әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс;
– жалпы және қолданбалы психология;
– педагогика және білім беру менеджменті.

Философия және саясаттану факультеті 3 деңгейде: бакалавриатта – 10, магистратурада – 47, PhD докторантурада 13 білім беру бағдарламасы бойынша оқытады. Магистратура деңгейінде шетелдік жоғары оқу орындарымен 15 қосдипломды білім беру бағдарламасы аясында мамандар даярлайды. Факультеттің жан-жақты, көпсалалығына орай бакалавриат деңгейінде – 10, магистратурада 3 жалпы университеттік пәндер жүргізіледі.

Заман талабы мен еңбек нарығының сұранысына орай 2021/22 оқу жылында магистратурада Алтай мемлекеттік университетімен «7M01108 – Педагогика және психология», Башқұрт мемлекеттік университетімен «7M01109 – Білім беру жүйелерін басқару» білім беру бағдарламалары аясында қосдипломды, «7M03127 – Мәдениеттегі жобалау қызметі», «7M03129 – Әлемдік саясат», «7M11404 – Әлеуметтік саясат және басқару», сонымен қатар PhD докторантурада «8D03109 – Мемлекеттік басқару және қоғамдық қауіпсіздік» жаңа білім беру бағдарламалары жасалды.




Факультет готовит специалистов по гуманитарным, социальным, педагогическим направлениям. Здесь функционирует 6 кафедр:

– философии;
– политологии и политических технологий;
– религиоведения и культурологии;
– социологии и социальной работы;
– общей и прикладной психологии;
– педагогики и образовательного менеджмента.

Ведется обучение по трем уровням образования: в бакалавриате – по 10, магистратуре – по 47, докторантуре PhD – по 13 образовательным программам. Производится выпуск в магистратуре с зарубежными вузами в рамках 15 образовательных программ. ППС факультета преподает общеуниверситетские курсы в бакалавриате – 10 и в магистратуре – 3.

В соответствии с требованиями времени в 2021/22 учебном году разработаны новые образовательные программы в магистратуре совместно с Алтайским государственным университетом – 7M01108 «Педагогика и психология» и Башкирским государственным университетом 7M01109 – «Управление образовательными системами» двудипломные программы, 7M03127 – «Проектная деятельность в культуре», 7M03129 – «Мировая политика», 7M11404 – «Социальная политика и управление», а также в докторантуре PhD 8D03109 – «Государственное управление и общественная безопасность».

Факультет өмірінде 70 жылдан астам уақыт ішінде көркею, гүлдену, қайта құрылу, қиындықтарға толы кезеңдер орын алды, алайда ұжым қиындықтарды ескеріп, дамудың жаңа белестеріне жоғары деңгейде көтеріле білді. Жалпы айтқанда, факультет ұжымы жоғары шығармашылық әлеуетімен, жауапкершілігімен және өзінің кәсібі мен университетіне адал берілгендігімен ерекшеленеді.

Қазіргі уақытта философия және саясаттану факультетінің дамуы мен жаңаруының стратегиялық басты мақсаты мамандарды даярлаудың жоғары сапасымен қамтамасыз ету болып табылады.

В деятельности факультета на протяжении более чем 70 лет были периоды расцвета, перестроек, трудностей, но коллектив неизменно справлялся с трудностями, рос, мужал и выходил на новые ступени своего развития окрепшим, способным к выполнению новых, еще более сложных и важных задач. Коллектив факультета философии и политологии обладает достаточно высоким творческим потенциалом, ответственностью, преданностью своей профессии и своему университету.

В настоящее время определена Стратегия развития и модернизации факультета философии и политологии, основная цель которой высокое качество подготовки специалистов.





# ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ

## ФАКУЛЬТЕТ ДОВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті 1985 жылы шетел азаматтарына арналып ашылған дайындық факультеті негізінде 2011 жылы құрылды. Факультет тарихы ҚазҰУ тарихының жарқын бөлігі болып саналады.

Факультетте қазіргі уақытқа дейін еліміздің 1000 азаматы мен әлемнің 100-ден аса елінен 7000-ға жуық шетелдік білім алды. Олар – шетелдік тыңдаушылар мен академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша келген студенттер, шетелдік компаниялардың, елшіліктердің, халықаралық ұйымдардың қызметкерлері, жақын жәнe алыс шетелдердегі қазақ диаспорасының өкілдері. Факультет қазіргі таңда АҚШ, Жапония, Ауғанстан, Оңтүстік Корея, Моңғолия, Испания, Түркия, Қытай Халық Республикасы, Иран және т.б. бірқатар мемлекттердің елшіліктерімен және консулдықтарымен тығыз ынтымақтастық қарым-қатынас жасайды.

Факультетте 2 кафедра, колледж және бейіндік мектеп белсенді жұмыс істейді.

Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы Қазақ ұлттық университетінде немесе Қазақстан Республикасының басқа да жоғары оқу орындарында білім алғысы келетін шетелдік азаматтар үшін қазақ және орыс тілдерінен дайындық бағдарламалары бойынша оқытуды жүзеге асырады.

Факультет довузовского образования был создан в 2011 году на базе подготовительного факультета для иностранных граждан, основанного в 1985 году. История факультета является частью блестящей истории КазНУ им. аль-Фараби.

В стенах факультета прошли подготовку свыше 1000 граждан нашей страны и более 7000 иностранцев из более чем 100 стран мира. Это иностранные слушатели и студенты по международным программам межвузовского обмена, сотрудники иностранных компаний, посольств, международных организаций, представители казахской диаспоры из стран ближнего и дальнего зарубежья. Факультет активно сотрудничает с посольствами и консульствами ряда стран: США, Японии, Афганистана, Южной Кореи, Монголии, Испании, Турции, Китайской Народной Республики, Ирана и др.

На факультете работают 2 кафедры, колледж и профильная школа.

Кафедра языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев реализует программы подготовки по казахскому и русскому языкам для иностранных граждан, желающих получать высшее образование в Казахском национальном университете им. аль-Фараби или других вузах Республики Казахстан.





Шетелдіктердің тілдік дайындығы оқу мақсатына қарай үш деңгей бойынша жүргізіледі:

а) ЖОО-ға түспейтіндер үшін бастапқы деңгей (A1-A2);

ә) ЖОО-ға түспейтіндер үшін жалғастырушы деңгей (B1-B2);

б) ЖОО-ға түсушілер үшін жалғастырушы деңгей (B1-B2).

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы ҚР ЖОО-ға түскісі келетін шетел азаматтарын даярлауды келесі бағыттар бойынша жүзеге асырады:

1. Қазақ диаспорасының тыңдаушыларына арналған дайындық курсы (оқу сауаттылығы, математика, математикалық сауаттылық, Қазақстан тарихы, биология, география, қазақ әдебиеті, химия, дүниежүзі тарихы, физика, ағылшын тілі пәндері бойынша).

2. Бакалавриатқа түсетін Ауғанстан елінің азаматтары үшін дайындық курсы (оқу сауаттылығы (қазақ тілі), математика, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы пәндері бойынша).

3. Магистратураға түсуші Ауғанстан елінің азаматтары үшін дайындық курсы (қазақ тілі, кәсіби қазақ тілі, қазақ тілінің ғылыми стилі, елтану).

Языковая подготовка иностранцев осуществляется в зависимости от целей обучения по трём уровням:

а) начальный уровень для непоступающих в вузы (A1-A2);

б) продвинутый уровень для непоступающих в вузы (B1-B2);

в) продвинутый уровень для поступающих в вузы (B1-B2).

Кафедра осуществляет подготовку иностранных граждан, желающих получать высшее образование в вузах Республики Казахстан по следующим направлениям:

1. Подготовительный курс для слушателей казахской диаспоры (по предметам: грамотность чтения, математика, математическая грамотность, история Казахстана, биология, география, казахская литература, химия, всемирная история, физика, английский язык).

2. Подготовительный курс для слушателей граждан ИРА, поступающих на бакалавриат (по предметам: грамотность чтения (казахский язык), математика, английский язык, история Казахстана).

3. Подготовительный курс для слушателей граждан ИРА, поступающих в магистратуру (казахский язык, профессиональный казахский язык, научный стиль казахского языка, страноведение).

## ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ КОЛЛЕДЖІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжі ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің 2002 жылғы 4 шілдедегі № 10 қаулысына сәйкес 2002 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанынан құрылды. Колледж 2011 жылдан бастап жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің құрылымына енеді.

Колледждің басты мақсаты – Қазақстанның еңбек нарығында сұранысқа ие болашақ білікті мамандарды даярлау. Біздің құрылымдық бөлімше елдегі алдыңғы қатарлы университет жанында жоғары оқу орнына дейінгі көпдеңгейлі білім беру жүйесін қалыптастыру мен дамытуда жетекші рөл атқарады. Колледждің оқу үдерісінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен инновацияларға сай оқыту әдістері пайдаланылады.

Колледж терең білім алу үшін барлық қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді: жабдықталған аудиториялар, компьютерлік кластар, оқу залы мен бай кітап қоры бар кітапхана, аудиовизуалды жабдықтар, заманауи білім беру технологиялары мен ғаламтор.

## КОЛЛЕДЖ КАЗНУ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

Колледж КазНУ имени аль-Фараби был основан в 2002 году при Казахском национальном университете имени аль-Фараби согласно Постановлению Ученого совета КазНУ от 4 июля 2002 года № 10. В 2011 году колледж был включен в структуру факультета довузовского образования.

Основной задачей колледжа стала квалифицированная подготовка будущих специалистов, востребованных на рынке труда РК. Наше структурное подразделение при самом значимом вузе страны играет ведущую роль в формировании и освоении довузовской многоуровневой образовательной системы. В образовательном процессе колледжа используются современные методы обучения с использованием современных информационно-коммуникационных и инновационных технологий.

Колледж предоставляет все необходимые условия для получения глубоких знаний, располагает оборудованными аудиториями, компьютерными классами, библиотекой с читальным залом и книжным фондом, аудиовизуальной техникой, современными техническими средствами обучения, интернетом.





Дуальді оқыту негізінде техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлау кезінде, сондай-ақ теориялық оқыту процесінде алынған білімді бекіту, тереңдету және жүйелеу мақсатында студенттер сот әкімшіліктерінде, Алматы қалалық ІІД, прокуратура, «Қазақтелеком», «АлматыЭнерготехносервис», «Лариба Банк» ББ» АҚ-ның Алматы филиалы, «Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ, «Rich Company LTD» ЖШС, «Еуразиялық банк» АҚ, Сбербанк, т.б. кәсіпорындарда кәсіби іс-тәжірибеден өтеді.

Колледжді бітіргенде мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі. Түлектер ары қарай білімін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұқсас мамандықтар бойынша қысқартылған оқу мерзімімен жалғастыра алады.

Колледж 9- және 11-сынып негізінде келесі мамандықтар бойынша мамандар даярлайды: Құқықтану; Қаржы; Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету; Ақпараттық жүйелер; Есеп және аудит; Аударма ісі. Оқу қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

При подготовке специалистов с техническим и профессиональным образованием по дуальной форме обучения, а также для закрепления, углубления и систематизации знаний, полученных в процессе теоретического обучения, студенты проходят профессиональную практику: в администрации судов, ДВД г. Алматы, РУВД, прокуратуре, Казахтелекоме, «АлматыЭнерготехносервисе», Алматинском филиале АО «СБ «Лариба Банк», АО «Нефтяная страховая компания», ТОО «Rich Company LTD», АО «Евразийский банк», Сбербанке и т. д.

По окончании колледжа выдается диплом государственного образца. Выпускники могут продолжить образование в КазНУ им. аль-Фараби по родственным специальностям с сокращенным сроком обучения.

Колледж осуществляет подготовку специалистов на базе 9 и 11 классов по следующим специальностям: Правоведение; Финансы; Вычислительная техника и программное обеспечение; Информационные системы; Учет и Аудит; Переводческое дело. Обучение ведется на государственном и русском языках.

## БЕЙІНДІК МЕКТЕП

2011 жылдан бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 10–11 сынып оқушылары үшін жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейіндік мектеп жұмысын жүргізуде.

2011 жылдың 21 қазанында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бейіндік мектептің негізгі орта және жалпы орта білім беру қызметіне Алматы қаласы Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының мемлекеттік лицензиясын (№ 0163130, АА-5 сериясы) алды. Осыдан кейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бейіндік мектебі қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша ресми түрде ашылды.

## ПРОФИЛЬНАЯ ШКОЛА

С 2011 года в КазНУ им. аль-Фараби функционирует профильная школа для учащихся 10–11 классов по естественно-математическому и общественно-гуманитарному направлениям.

21 октября 2011 года КазНУ им. аль-Фараби получил Государственную лицензию на образовательную деятельность основного среднего и общего среднего образования, выданную Управлением экономики и бюджетного планирования г. Алматы (№ 0163130, серия АА-5). Официально была открыта профильная школа КазНУ им. аль-Фараби по общественно-гуманитарному и естественно-математическому направлениям.















Бейіндік мектеп – интеграцияланған білім беру бағдарламаларын, оқытудың кредиттік технологиясын, математика, физика, химия, биология, ағылшын тілі және басқа да бағыттар бойынша тереңдетілген білім беру курстарын кешенді түрде қолдана отырып бейіндік оқытуды іске асырудың жаңа моделі. Бұл – педагогикалық және әлеуметтік жұмыстардың жаңа технологияларын енгізетін және оқушылардың таңдаған саласы бойынша кәсіби бағдарлау жұмысын жүргізуді іске асыратын бірегей эксперименттік алаң. Мектеп қолданыстағы бейінді курстардың шеңберін кеңейтіп, оқушылардың тұрақты қызығушылықтарын қалыптастырады, сондай-ақ оларды ғылыми-зерттеу жұмысына бағыттайды.

Профильная школа – это новая модель реализации профильного обучения с комплексным использованием интегрированных образовательных программ, кредитной технологией обучения, углубленных образовательных курсов в области математики, физики, химии, биологии, английского языка и по другим направлениям. Это уникальный экспериментальный полигон для внедрения новейших технологий педагогической и социальной работы, реализующий работу по профессиональной ориентации учащихся в выбранной сфере деятельности. Школа расширяет рамки действующих профильных курсов, формирует устойчивые интересы учащихся, приобщает их к научно-исследовательской деятельности.


ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ЖАНЫНДАҒЫ КОНФУЦИЙ ИНСТИТУТЫ
里-法拉比哈萨克民族大学

# ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ КОНФУЦИЙ ИНСТИТУТЫ

ИНСТИТУТ КОНФУЦИЯ ПРИ КАЗАХСКОМ НАЦИОНАЛЬНОМ УНИВЕРСИТЕТЕ имени АЛЬ-ФАРАБИ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Конфуций институты – Қазақстан Республикасындағы қытай тілінен мамандарды даярлаудың жетекші орталығы. Конфуций институты 2002 жылы құрылған ҚазҰУ-дың қытай тілі орталығы негізінде қайта ашылған, ҚазҰУ (ҚР) мен Ланжоу университетінің (ҚХР) көпжылдық әріптестігінің және бірлескен күшінің нәтижесі болып табылады.

2009 жылы 23 ақпанда Конфуций институтының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Конфуций институтының миссиясы: қазақстандық қоғамның түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қытай тілі бойынша мамандар даярлау базасы болу.

Конфуций институтының міндеттері:

– қытай тілін үйренгісі келетіндердің барлығына осы халықтың әдебиеті мен мәдениетімен танысуға мүмкіндік беру;

– қытай тілі мамандарына жоғары дәрежеде көмек көрсету және Қазақстанда қытай тілін оқыту деңгейін арттыру;

– жергілікті оқытушыларға қытай тілінде жазылған оқу құралдарын жарыққа шығаруға көмек көрсету.

Конфуций институтында сапалы білім беруге керекті барлық жағдай жасалған: оқу дәрісханалары, компьютер сыныптары, 30 орындық лингафон кабинеті, видео-аудио жүйелері, DVD-ойнатқышы, Қытайдан тікелей хабар жеткізетін проекциялық теледидар және екі спутник антеннасы орнатылған.

Институтта үлкен кітапхана бар, оның кітап қорына қытай тілінде 5 мың оқу құралы, кітаптар мен түрлі анықтамалық материалдар кіреді.

Институт оқытушылары кез келген білім деңгейінде тіл үйренуге мүмкіндік беретін әдістемелік бағдарламалар әзірледі. Тілді жақсы меңгеру үшін институт қытай тілі мен мәдениетінен сайыстар өткізіп тұрады. ҚХР-да білім алуға университеттің 500-ден астам студенті мен қызметкерлерін жіберді. Конфуций институты жыл сайын қытай тілінен білімін жетілдіруге және ғылыми тағылымдамадан өтуге оқытушыларға жолдама береді.

Конфуций институты Алматы қаласы бойынша қытай тілін меңгеру деңгейін анықтау мақсатында тест (HSK) түрінде тапсыратын қытай тілінен емтихан өткізу үшін лицензия алды.

Институт Конфуция является ведущим центром подготовки высококвалифицированных специалистов по китайскому языку в Республике Казахстан. Он организован на базе созданного в 2002 году Центра китайского языка КазНУ и является результатом многолетнего сотрудничества и совместных усилий КазНУ и Ланьчжоуского университета (КНР).

Торжественное открытие Института Конфуция состоялось 23 февраля 2009 года.

Миссия Института Конфуция: стать базой подготовки специалистов по китайскому языку с целью удовлетворения различных потребностей казахстанского общества.

Задачи Института Конфуция:

– предоставление возможности всем желающим изучить китайский язык, познакомиться с литературой и культурой этого народа;

– содействие расширению объема подготовки специалистов по китайскому языку и повышение уровня преподавания китайского языка в Казахстане;

Под руководством А.Х. Касымжанова сотрудники центра совместно с кафедрой философии и методологии социального познания выпустили несколько книг, в которых были представлены результаты многолетних научных исследований. Так, например, были опубликованы книги «Қазақ» (1993), «Портреты: Штрихи к истории Степи» (1995, 1997) на русском и казахском языках; «Стелы Кошо-Цайдама» (1998); «Портреты. Степь глазами извне: от Геродота до Гумбольдта» (2001).

Обширные знания, научный талант, эрудиция А.Х. Касымжанова всегда были и остаются примером для его учеников и последователей. Именно он в 60-е годы прошлого века возглавил группу арабистов в Институте философии НАН РК, открывших научной общественности Советского Союза и зарубежных стран гений великого аль-Фараби.

Под руководством А.Х. Касымжанова впервые в бывшем Союзе были изданы труды аль-Фараби по философии, социально-этические, логические трактаты, вошедшие в научный оборот советских ученых.

Алматы в короткий срок превратился в подлинный научный центр по изучению наследия аль-Фараби. Имя гениального уроженца Отрара Абу Насра аль-Фараби прочно связывается теперь с Казахстаном.




ЮНЕСКО шешімімен Алматы әл-Фарабидің тарихи отаны ретінде Әбу Насыр әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция өтетін орын болып сайланды. 1975 жылы ғұлама ғалымның 1100 жылдық мерейтойына орай үш халықаралық ғылыми конференция өтті: Мәскеуде – «Әл-Фараби және әлемдік өркениет», Алматыда – «Әл-Фараби: Шығыс елдерінің ғылымы мен мәдениетін дамыту», Бағдадта – «Әл-Фараби және адамзат өркениеті».

Олардың орыс және қазақ тілдеріндегі алғашқы аудармалары мен басылымдарын қазақстандық ғалымдар жасады. 1982 жылы Мәскеуде «Өткеннің ойшылдары» сериясында А.Х. Қасымжановтың «Әл-Фараби» кітабы жарық көрді. 1997 жылы ҚазҰУ-дың әл-Фараби орталығы дайындаған осы кітаптың екінші басылымы жарыққа шықты.

Решением ЮНЕСКО Алматы как историческая родина аль-Фараби избирается местом проведения международной научной конференции, посвященной 1100-летнему юбилею Абу Насра аль-Фараби. В 1975 году в связи с его 1100-летним юбилеем состоялись три международные научные конференции: в Москве – «Аль-Фараби и мировая цивилизация», Алматы – «Аль-Фараби: развитие науки и культуры стран Востока», Багдаде – «Аль-Фараби и человеческая цивилизация».

Первые переводы и издание их на русском и казахском языках были сделаны казахстанскими учеными. В 1982 году в Москве в серии «Мыслители прошлого» вышла книга А.Х. Касымжанова «Аль-Фараби». В 1997 году увидело свет второе издание этой книги, подготовленное Центром аль-Фараби КазНУ им. аль-Фараби.

2000 жылдан 2008 жылға дейін әл-Фараби орталығын профессор, философия ғылымдарының докторы А.А. Қасымжанова басқарды. Осы кезеңде көп нәрсе жасалды, бірақ әлі де атқаратын шаруа шаш-етектен еді.

2003 жылдың қазан айынан бастап көрнекті ғалым, ойшыл, тәлімгер А.Х. Қасымжановты еске алу мақсатында әлеуметтік таным философиясы және әдіснамасы кафедрасы А.Х. Қасымжановтың туған күніне арналған «Қасымжанов оқулары» халықаралық конференциясын өткізеді.

Оның шәкірттері мен ізбасарлары, бірінші кезекте профессор Ж.А. Алтаев ойлап тапқан бұл жоба философия және саясаттану факультетінің деканатында, ҚазҰУ ректоратында және Алматы қаласы мен бүкіл республиканың ғылыми және педагогикалық қоғамдастығының өкілдері арасында белсенді қолдау тапты. Үшінші Қасымжанов оқулары – «Әл-Фараби мәдениет тарихында» (2006) фарабитану саласының өзекті мәселелеріне арналды.

С 2000 до 2008 года Центром аль-Фараби руководила профессор, доктор философских наук А.А. Касымжанова. Много было сделано в этот период, но многое еще предстоит сделать.

С октября 2003 года в память о выдающемся ученом, мыслителе, наставнике А.Х. Касымжанове кафедра философии и методологии социального познания проводит международную конференцию «Касымжановские чтения», приуроченную ко дню рождения А.Х. Касымжанова.

Этот проект, задуманный его учениками и последователями, и в первую очередь профессором Ж.А. Алтаевым, нашел активную поддержку в деканате факультета философии и политологии, ректорате КазНУ им. аль-Фараби, среди представителей научной и педагогической общественности г. Алматы и всей республики. Непосредственно актуальным проблемам фарабиеведения были посвящены Третьи Касымжановские чтения – «Аль-Фараби в истории культуры» (2006 г.).



2008 жылдың қыркүйек айынан бастап әл-Фараби орталығы философия және әлеуметтік таным әдіснамасы кафедрасы жанынан қайта құрылып, оны университет пен факультет басшылығының қолдауымен профессор Ж.А. Алтаев басқарды. Оның есімі қазақ ұлттық философиясы, әлеуметтік философия тарихы саласындағы жетекші мамандардың бірі ретінде елімізге кеңінен танымал. Оның жетекшілігімен фарабитанудың өзекті мәселелерін, қазақ философиясының тарихын, қазақ халқының рухани мәдениетін зерттейтін жас ғалымдар ғылыми зерттеулермен айналысады және диссертацияларын қорғайды.

Профессор Ж.А. Алтаевтың басшылығымен кафедраның ғылыми ұжымы халықаралық ынтымақтастық пен философиялық диалог дәстүрлерін жалғастыруға барынша ықпал етеді. Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап қазақ ұлттық философиясын зерттеу мәселелері бойынша ирандық әріптестермен белсенді жұмыс жүргізілуде.

Ағылшын, араб, парсы және басқа тілдерде жарық көрген 30 томдық Ислам энциклопедиясында философия ғылымдарының докторы, профессор Ж.А. Алтаевтың Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасына арнап жазған мақаласы бар. 1993 жылы профессор Ж.А. Алтаев профессорлар: А.Қ. Қасабек және Т. Кәкішевпен бірге Тегеранда өткен халықаралық конференцияға қатысты. Сол жылы ирандық профессор Ахмет Пакчи бізге университетте қазақ тілінде дәріс оқуға келді.

Иранның философиялық жұртшылығы қазақ халқының философиялық мәдениеті және салт-дәстүрлерімен танысу үшін арнайы қазақ философиясы бойынша проспект әзірленді, «Қазақ философиясы» кітабын (1994) парсы тіліне аудару жоспарланды.

2008 жылы А.Х. Қасымжановтың шәкірті және серігі, профессор Ж.А. Алтаевтың жетекшілігімен орталық екінші тынысқа ие болды. ҚазҰУ музейі үшін әл-Фараби туралы экспозициялар мен стендтер дайындалды, екінші ұстаздың шығармаларын қазақ, орыс тілдеріне аудару және басып шығару ісі жалғасын тапты.

2009 жылы профессор Ж.А. Алтаевтың басшылығымен қазақстандық ғалымдарды ислам философтарының бұрын белгісіз боп келген еңбектерімен таныстыратын «Ислам философиясына кіріспе» іргелі халықаралық басылымын аудару және басып шығару бойынша жұмыстар жүргізілді.

С сентября 2008 года Центр аль-Фараби, вновь реорганизованный при кафедре философии и методологии социального познания, при поддержке руководства университета и факультета возглавил профессор Ж.А. Алтаев. Он известен в нашей стране как один из ведущих специалистов в области истории казахской национальной философии, социальной философии. Под его руководством занимаются научными исследованиями и защищают диссертации молодые ученые, изучающие актуальные проблемы фарабиеведения, истории казахской философии, духовной культуры казахского народа.

Научный коллектив кафедры под руководством профессора Ж.А. Алтаева всячески способствует продолжению традиций международного сотрудничества и философского диалога. Начиная с 90-х годов прошлого века проводится активная работа с иранскими коллегами по вопросам исследования казахской национальной философии.

В 30-томной Исламской энциклопедии, изданной на английском, арабском, персидском и др. языках, есть статья доктора философских наук, профессора Ж.А. Алтаева, посвященная творческому наследию Абая Кунанбаева. В 1993 году профессор Ж.А. Алтаев вместе с профессорами А.К. Касабеком и Т. Какишевым участвовал в международной конференции в Тегеране. В этом же году иранский профессор Ахмет Пакетчи приезжал к нам читать лекции в университете на казахском языке.

Для знакомства с философской культурой и традициями казахского народа специально для иранской философской общественности был разработан проспект по казахской философии, запланирован перевод книги «Қазақ философиясы» (1994 г.) на персидский язык.

В 2008 году под руководством, ученика и соратника А.Х. Касымжанова, профессора Ж.А. Алтаева центр обретает второе дыхание. Подготовлены экспозиция и стенды об аль-Фараби для музея КазНУ им. аль-Фараби, продолжены перевод и издание произведений Второго Учителя на казахский и русский языки.

В 2009 году под руководством профессора Ж.А. Алтаева был переведен и издан фундаментальный международный труд «Введение в исламскую философию», знакомящий казахстанских ученых с ранее неизвестными трудами исламских философов.

«Ислам философиясының тарихы» атты іргелі 2 томдық ғылыми еңбектің халықаралық басылымының орыс және қазақ тілдеріндегі түсіндірме аудармасы баспаға дайындалуда. Осы жұмыстарды жариялау қазақ және түркі философиясының мәселелері бойынша зерттеу материалын айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді, өйткені әл-Фараби шығармашылығы нақ осы ислам философиялық ойының үздік үлгісі болып табылады. Әл-Фараби орталығы сондай-ақ қазақ халқының рухани мәдениетін зерттеумен тікелей айналысады, бұл оның жұмысының нәтижелерін әлемдік фарабитану ауқымындағы бірегей ғылыми әзірлемелер дәрежесіне көтереді.

Готовится в печать комментированный перевод международного издания фундаментального 2-томного научного труда «История исламской философии» на русском и казахском языках. Публикация данных работ позволит существенно расширить исследовательский материал по проблемам казахской и тюркской философии, поскольку творчество аль-Фараби представляет собой величайший образец именно исламской философской мысли. Центр аль-Фараби также непосредственно занимается исследованием духовной культуры казахского народа, что возводит результаты его деятельности в ранг уникальных научных разработок в масштабах мировой фарабистики.






Әл-Фараби орталығы ҚазҰУ-дың 75 жылдығына арналған «Әл-Фараби: Философия. Мәдениет. Дін» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастыруға және өткізуге қатысты.

Центр аль-Фараби участвовал в подготовке и проведении Международной научно-практической конференции, «Аль-Фараби: Философия. Культура. Религия» посвященной 75-летию КазНУ им. аль-Фараби.





# ӘЛ-ФАРАБИ МУЗЕЙІ

## МУЗЕЙ АЛЬ-ФАРАБИ

Әл-Фараби музейі Қазақ ұлттық университеті 1991 жылдан бері есімін иеленген ұлы ғұлама бабамыздың рухани мұраларына арналған. Музей 2013 жылдың 13 сәуір күні университетіміздің Ғылыми кітапханасымен бірге салтанатты түрде өз есігін барша қауымға айқара ашты. Музейдің негізгі мазмұндық құрылымы – диорамдық кешендері мен жаймасөрелері тақырыптық экспозицияларға бөлінген. Олар: «Көне Отырар – естеліктер қазынасы. Әл-Фарабидің жастық шағы», «Ұлы Жібек жолы бойымен», «Әл-Фараби. Шығыс пен Батыс сұхбаты», «Әл-Фараби еңбектері – адамзаттың асыл қазынасы. Әл-Фараби және түркі әлемінің ойшылдары», «Әл-Фарабидің рухани мұрасы және қазіргі Қазақстан».

Музей экспозициясы әлемнің ең ірі кітапханалары мен музейлерінен әкелінген баға жетпес жәдігерлерден, түпнұсқа экспонаттардың көшірмелерінен құралды. Университет базасында жаңа музейдің ұйымдастырылуымен данышпан әл-Фарабидің өшпес мұралары – философиялық трактаттары, фарабитанушылардың құнды зерттеулері студент жастарға қолжетімді болды.

Музей аль-Фараби посвящен культурному наследию мыслителя, чьё имя достойно носит университет с 1991 года. Музей распахнул свои двери 13 апреля 2013 года в новом здании библиотеки аль-Фараби. Его диорамный комплекс и витрины отражают тематические разделы: «Древний Отырар – сокровищница памяти. Юные годы аль-Фараби», «По Великому шелковому пути. Годы постижения мудрости, познания мира. Обучение в странах Ближнего Востока», «Аль-Фараби. Диалог Востока и Запада», «Труды аль-Фараби – золотое наследие человечества. Аль-Фараби и Мыслители тюркского мира», «Великие тюрки в мировой цивилизации», «Духовное наследие аль-Фараби и современный Казахстан».

Экспозиция музея представлена уникальными материалами и копиями подлинных экспонатов музеев и библиотек мира. С организацией нового музея на базе университета бессмертное наследие аль-Фараби стало доступным широкой аудитории студенческой молодежи.



«Көне Отырар – естеліктер қазынасы. Әл-Фарабидің жастық шағы» бөлімінің диорамасы мен витриналары керуен жолдарының торабында орналасқан ортағасырлық Отырардың қайталанбас атмосферасын ашық және шынайы түрде бейнелейді. Мұнда қойылған түркі кезеңіне қатысты сол уақыттағы құрал-жабдықтар, киім-кешек, ыдыс-аяқ пен ортағасырлық тұрмыстық заттар, кітапхананың бай қоры тағы да басқа дүниелер сол дәуірдің тыныс-тіршілігін бейнелі түрде жеткізеді.



Диорама и витрины раздела «Древний Отрар – сокровищница памяти. Юные годы аль-Фараби» ярко и красочно передают неповторимую атмосферу средневекового Отырара – шумного многоликого тюркского города, находящегося на пересечении караванных путей. Тюркские одежды, характерные строения тех далеких лет, предметы утвари и средневекового быта, аскетичность убранства и богатство книжного собрания библиотеки, многие другие детали образно передают дыхание времени и дух эпохи.







«Ұлы Жібек жолы бойымен» бөлімінде Әбу Насыр әл-Фарабидің Шығыс пен Батыс мәдениетін ғасырлар бойы байланыстырушы, әлемдік өркениет тарихындағы маңызды жетістігі туралы жарқын түрде айтылады. Аңыз бойынша, әл-Фараби керуендермен саяхаттау барысында болмыс құпиясын ұғынып, әлем халықтарының өмірі мен әдет-ғұрпын зерттеумен болған делінеді. Витриналарда әл-Фарабидің Ұлы Жібек жолы бойынша жүріп өткен картасы, оның Хорасанда Йуханна ибн Хайланнан, Бағдадта Мұхаммед ибн Жаллад пен Әбу Бишр Матта ибн Йупустан білім алуы туралы мәліметтер, Алеппо мен Дамаск (Сирия), Каирде (Египет) өткен өмірінің кезеңдері, әл-Фарабиді тану сатылары туралы қазіргі заманғы ғалымдардың кітаптары, мәдени ескерткіштердің фотосуреттері және т. б. қойылған.

«Әл-Фараби. Шығыс пен Батыс сұхбатының» диорамалары мен витриналарында Шығыс пен Батыс философиясы бірлігіндегі ойшылдың алар ерекше орны образды түрде бейнеленеді. Бұл бөлімнің экспозициясында ежелгі грек философиясына қатысты материалдар, әсіресе, Фараби философиясының қалыптасуына орасан зор ықпал еткен Аристотельдің ғылыми көзқарастары, метафизикасы мен логикасы үлкен мәнге ие.

Раздел «По Великому шелковому пути» ярко и убедительно рассказывает об одном из наиболее значительных достижений в истории мировой цивилизации, соединившем на века «звеньями живой цепи» культуру Запада и Востока. По преданию, путешествующий с караванами аль-Фараби щедро утолял жажду собственного знания, постигал тайны бытия, изучал жизнь и обычаи народов мира. В витринах – карта следования аль-Фараби по Великому шелковому пути, сведения об обучении его в Хорасане у Йуханны ибн Хайлана, в Багдаде у Мухаммада ибн Джаллада и Абу Бишра Матты ибн Йупуса, страницы жизни в Алеппо и Дамаске (Сирия), Каире (Египет), книги современных ученых о ступенях познания аль-Фараби, фотографии культурных памятников и т. д.

Диорама и витрины «Аль-Фараби. Диалог Востока и Запада» образно повествуют о главенствующей роли Мыслителя в единении восточной и западной философии. Должное внимание в экспозиции этого раздела занимают материалы о древнегреческих философах, особенно Аристотеле, научные воззрения, метафизика и логика которых оказали огромное влияние на формирование философии аль-Фараби.



Әл-Фарабидің еңбектері оның ізбасарлары болған Ибн Сина (Авиценна), ибн Баджа, Ибн Туфайл, Ибн Рушд және Шығыстың басқа философтарына өз әсерін тигізді. Ибн Халликанның айтуынша, әл-Фараби «Егер мен Аристотель заманында өмір сүрсем, мен оның шәкірттерінің арасында ең үздік болар едім» деген екен-міс.

Труды аль-Фараби оказали влияние на Ибн Сину (Авиценну), ибн Баджа, Ибн Туфайла, Ибн Рушда, ставших его последователями, и других философов Востока. Аль-Фараби, по словам Ибн Халликана, мог сказать: «если бы я жил во времена Аристотеля, я был бы лучшим среди его учеников».



«Әл-Фараби еңбектері – адамзаттың асыл қазынасы. Әл-Фараби және түркі әлемінің ойшылдары» бөлімі Фарабидің жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдардың әр саласындағы құнды еңбектеріне арналған. Витриналарда ұлы ойшылдың «Музыканың үлкен кітабы», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» секілді атақты шығармаларының араб, қазақ тіліндегі басылымдары, ғылыми трактаттары және әлемнің түкпір-түкпірінен әл-Фараби мұраларын зерттеуші ғалымдардың кітаптары қойылған.

«Әл-Фарабидің рухани мұрасы және қазіргі Қазақстан» бөлімі экспозициялардың логикалық қорытындылануы болып табылады және онда бүгінгі Қазақстанның әлеуметтік-мәдени жаңғыруы, рухани және ғылыми-танымдық саласының дамуына қатысты деректер, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен құрылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жасалынып жатқан шаралар көрсетіледі. Мұнда Қазақстандағы фарабитану саласының бүгінгі жай-күйі жайындағы мағлұматтар, әл-Фараби идеяларының қазақ халқының мәдениетін дамытуға, өскелең ұрпақтың рухани дәстүрлерін тәрбиелеуге әсері жөніндегі ғылыми зерттеулердің нәтижелері қойылған.

Раздел «Труды аль-Фараби – золотое наследие человечества. Аль-Фараби и Мыслители тюркского мира» посвящен бесценным творениям аль-Фараби в различных областях естественных и гуманитарных наук. В витринах представлены «Великая книга музыки», наиболее известный труд Мыслителя «Трактат о взглядах жителей добродетельного города» на арабском и казахском языках, его научные трактаты, книги ученых разных стран мира по изучению наследия аль-Фараби.

Раздел «Духовное наследие аль-Фараби и современный Казахстан» является логическим завершением экспозиции и включает обширный документальный материал о социально-культурной модернизации современного Казахстана, развитии духовной и научно-образовательной сферы, обеспечении сохранности и эффективного использования культурного наследия страны в процессе реализации замечательной инициативы Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева – Государственной программы «Мәдени мұра». Здесь будут представлены материалы по современному состоянию фарабиеведения в Казахстане, результаты научных исследований по влиянию идей аль-Фараби на развитие культуры казахского народа, воспитание духовных традиций у подрастающего поколения.





«Ойшыл дүниетанымы қазіргі жастар көзімен», «XXI ғасыр – атақты ұстаздың ұрпақтары» деген идеялық негіздегі студенттердің ғылыми жұмыстары мен рефераттары ұрпақтар сабақтастығын, жастардың әл-Фараби мен басқа да қазақ ойшылдарының мұраларына деген қызығушылықтарын айқындайды. Витриналарда қазақстандық белгілі фарабитанушы-ғалымдардың, философия және саясаттану факультетінің, әл-Фараби ғылыми орталығының зерттеушілерінің, белгілі тарихшылар мен шығыстанушылардың, жас ғалымдардың еңбектері, университетіміздің PhD докторанттары мен магистранттарының зерттеу жұмыстары, философтың шығармашылығына арналған конференция материалдары, фарабитануға қатысты жарық көрген жаңа кітаптар мен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша шыққан аудармалары қойылған.

Музей жастардың бойында рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, ұлы бабамыздың мұраларын ұрпақтан-ұрпаққа сүйіспеншілікпен жеткізуде және насихат жұмыстарын жүргізуде маңызды жұмыстар атқаруда.

«Мировоззрение мыслителя глазами современной молодежи», «XXI век – потомки великого предка» и многие другие темы рефератов и научных работ студентов, представленные в витринах раздела, свидетельствуют о преемственности поколений, интересу молодежи к наследию аль-Фараби и других великих предков казахского народа. В витринах – исследования ученых факультета философии и политологии, научного центра им. аль-Фараби, известных историков, востоковедов, молодых ученых, PhD-докторантов, магистрантов нашего университета; материалы конференций, посвященных творчеству философа; новые книги по фарабиеведению и переводы его трудов, опубликованные по Государственной программе «Мәдени мұра» и т. д.



ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

# ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚазҰУ ТАРИХЫ МУЗЕЙІ

## МУЗЕЙ ИСТОРИИ КазНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарихы музейі – егеменді Қазақстанның білім-ғылым саласының қалыптасу мен даму жолындағы тарихи кезеңдері мен рухани-мәдени өміріндегі елеулі оқиғаларына шолу жасауға мүмкіндік беретін ерекше орта. Музейдің құнды экспозициялары университеттің бүкіл тарихын, дәстүрін бойына сіңірген, білім-ғылым нәрімен сусындаған жастар мен аға буынның салиқалы өмірінен толық мәлімет береді. Сондай-ақ жастарды азаматтыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеп қана қоймай, қасиетті мұраларды көздің қарашығындай сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу міндетін атқарып отыр.

Музей 2009 жылдың 13 қазанында, университеттің 75 жылдық мерейтойына орай ашылды. Жалпы аумағы 1000 шаршы метрден тұратын экспозициялық құрылым университеттің даму тарихының 3 кезеңін қамтиды. 20 000-ға жуық жинақталған музей қорының 5 000-нан астам құнды деректі материалы экспозицияларда қойылған.

Музей КазНУ им. аль-Фараби – научно-просветительское подразделение вуза, целью которого является сохранение, приумножение и пропаганда культурно-исторических ценностей университета для обеспечения эффективной научно-образовательной подготовки, нравственного и патриотического воспитания выпускаемых специалистов, конкурентоспособных в Казахстане и на мировом уровне.

Открыт музей 13 октября 2009 года как центр научно-образовательной подготовки и духовно-нравственного воспитания молодежи, носитель исторической памяти и культурных традиций университета.

Музей КазНУ им. аль-Фараби выполняет многофункциональную роль в жизни университета. На базе музея успешно осуществляются: имиджевые, образовательные, учебно-методические, научно-исследовательские, инновационные и воспитательные виды деятельности. Общая площадь музейного комплекса – 1000 кв. м. Фонд музея составляет 20 000 единиц хранения, включая электронные документы.

Бірінші зал – тарих галереясы. Галереяның негізгі тұжырымдамасы – Қазақстан ғылымы мен білімінің даму жолындағы 87 жылдық тарихы бар университеттің өрлеуін, дәстүрі мен мәртебесінің өсуін көрсету. Онда әр кезеңде университетті басқарған белгілі қоғам қайраткерлері, белді ұйымдастырушылар – ректорлар туралы, ірі тұлғалардың ізі қалған алқалы ғылыми мектептердің пайда болуы, факультеттердің дамуына қатысты құнды құжаттар, естеліктер, деректер мен қолжазбалар қойылған. Әлемдік деңгейде танымал М.О. Әуезов, Қ.И. Сәтбаев, Е.Б. Бекмаханов, Д.В. Сокольский, К.П. Персидский, Ә.Б. Бектұров, Т.Т. Тәжібаев, Б.А. Бірімжанов және т.б. ғалымдар ғылыми мектептердің тізгінін ұстады.

Экспозиция музея – более 5000 фотоматериалов, рукописей, исторических артефактов и книг – размещена в галерее истории, зале Славы и зале устойчивого развития университета. Она отражает ретроспективу КазНУ им. аль-Фараби за 87-летний период, основные вехи становления образования и науки в Казахстане, достижения и перспективы на пути трансформации в исследовательский университет.

Уникальные комплексы посвящены наследию Великого мыслителя Востока, философа Абу Насра аль-Фараби и Первому Президенту Независимого Казахстана Н.А. Назарбаеву – Почетному доктору и Почетному профессору КазНУ им. аль-Фараби.







Ортадағы атриумда 1991 жылдың қазан айынан бастап университетімізге аты берілген ұлы ғұлама, қазақ топырағында дүниеге келген Шығыс ойшылы әл-Фараби бабамызға арналған кешен орналасқан. Қабырғаға салынған көпсуретті панно – ойшылдың батыс пен шығыс философиясының бірігуіне қосқан зор үлесін бейнелеп, оның ағартушылыққа, рухани мәдениеттілікке, білімге деген ұмтылысы мен құштарлығын көрсетеді. Данышпан мұралары – философиялық трактаттар, фарабитанушылардың құнды зерттеулері, Отырар елді мекенінен табылған тарихи артефактар, деректер мен конференция материалдары да осы кешенде орналасқан.

Атриумда көзге көрінбес ұрпақтар сабақтастығы жалғасып жатқандай әсер сезіледі. Оның айғағы – әл-Фараби кешеніне қарама-қарсы орналасқан Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевқа арналған кешен. Еліміздің егемендігі жолындағы тарихи белестерін, жетістіктері мен болашағын осы кешеннен байқаймыз.

Музей богат фотогалереями: «Выпускники университета» и «Құрметті профессорлар мен докторлар», где представлены фотографии нобелевских лауреатов, посетивших наш университет.

Генеральный план развития (макет) отражает грандиозные инфраструктурные преобразования будущего университета.

Ежегодно проводятся более 4000 экскурсий на казахском, русском, английском языках. Музей посещают государственные и общественные деятели, известные ученые стран СНГ и дальнего зарубежья, ветераны войны и труда, студенты и школьники.

Активно ведутся лекционные и практические занятия со студентами по специальностям: «Музейное дело», «Экология», «Философия» и т. д., подготовка дипломных работ бакалавров, магистерских и PhD-диссертаций, профориентационная работа со школьниками. Работает студенческий поисковый клуб «Память поколений».





Университет тарихының сан беттерін саралап, талай белестерінен мағлұмат беретін тарих галереясы әрі қарай музейдің «Даңқ» атты екінші залына ұласады.

Оң жақ қабырғада университетіміздің мақтаныштары – отандық, әлемдік қызмет саласында еңбек етіп жүрген түлектеріміз, белгілі қаламгерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, саясаткерлер мен ғалымдар, әлемге әйгілі Нобель сыйлығының иегерлеріне арналған «Құрметті профессорлар мен докторлар» фотогалереясы орналасқан.

Наш музей единственный среди вузовских музеев стал учредителем Казахстанского отделения Международного комитета музеев (Париж); входит в состав Ассоциаций вузов Казахстана и музейных работников РК, Евразийской Ассоциацией университетов (секция «Музейная»); музеями и культурными центрами мира (Турции, России) и республики, в т.ч. Центральным музеем и Архивом РК, Музеем Первого Президента РК, Этнокомплексом «Атамекен» (Астана); историко-археологическими музеями Отырара, Туркестана, а так же с научно-исследовательскими учреждениями, общественными организациями и объединениями республики.

Музей КазНУ им. аль-Фараби неоднократно становился победителем республиканского смотра-конкурса общественных музеев, награжден дипломом «Лучший вузовский музей Казахстана», грамотами и благодарственными письмами районного и городского Совета ветеранов.

## БИОЛОГИЯ МҰРАЖАЙЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биология мұражайы 1936 жылы биология факультетінің зоология кафедрасының жанынан зоология, ал 1949 жылы факультеттің биология мұражайы болып ашылған.

Қазіргі мұражай залы 1984 жылы ашылды. Ол 3 бөлімнен тұратын үлкен көрме залы мен қабырғаға қойылған 84 сөрені қамтиды. Осы залдағы жәдігерлер биология ғылымдарының салаларына сәйкес тақырыптар бойынша жүйеленген.

Мұражай залында Қазақстан мен Орта Азия аңдарының тарланы «Тұран жолбарысы» (Panthera tigris virgata Illiger, 1815) қойылды. Ол ғылыми құндылығы жағынан өте жоғары бағаланады, себебі бұрынғы таралу аймақтарында жойылып кетіп, жалғыз аман қалған тұлып. Сондықтан бұл жолбарыс – университеттің ғана емес, Қазақстанның мақтанышы.













## БИОЛОГИЧЕСКИЙ МУЗЕЙ

Биологический музей КазНУ им. аль-Фараби был основан в 1936 году вначале как зоологический музей при кафедре зоологии биологического факультета, а в 1949 году был реорганизован в биологический музей.

Современная жизнь биомузея началась с открытия в 1984 году демонстрационного зала и внешних диорам. Музей состоит из большого зала, в котором 3 раздела и 84 встроенных витрины. В этих залах биологический материал систематизирован по тематической направленности, основу которой составляют профилирующие дисциплины биологической науки.

В большом зале биологического музея представлена экспозиция туранского тигра (Panthera tigris vigrata Illiger, 1815) – царя тугайных лесов Казахстана и Средней Азии. Это единственный сохранившийся экземпляр чучела, имеющий большое научное значение и являющийся гордостью не только Университета, но и всего Казахстана.













## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПАЛЕОЛИТ МҰРАЖАЙЫ

Қазақстанның палеолит мұражайы 2000 жылы ашылған. Мұражайдың топтамалық ғылыми қоры 600 мыңнан астам артефактіден тұратын палеолит және неолит дәуірлеріндегі тастан жасалған құрал-саймандардың жинағынан құралған. Материалдар хронологиялық тізбек бойынша орналасқан. Ол адам эволюциясы, кейінгі палеолит, Мустье дәуірі, төменгі палеолит секілді 5 бөлімнен және мезолит, неолит, энеолиттен тұрады.
















## МУЗЕЙ ПАЛЕОЛИТА КАЗАХСТАНА

Музей палеолита Казахстана был открыт в 2000 году. Коллекционный научный фонд музея состоит из собраний каменных орудий эпохи палеолита и неолита, более 600 тысяч артефактов. Экспонаты располагаются в хронологической последовательности и сгруппированы в 5 разделов: эволюция человека; нижний палеолит; период Мустье; поздний палеолит; мезолит, неолит и энеолит.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨНЕ
## ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АРХЕОЛОГИЯ МҰРАЖАЙЫ



Қазақстанның көне және ортағасырлық археология мұражайы 1983 жылы ашылған. Мұражай экспозициясы үш бөлімнен тұрады. Онда кафедра ұстаздарының ғылыми зерттеулері барысында табылған қола дәуірінің, ерте темір ғасырының және орта ғасырлардың археологиялық материалдары жинақталған. Мұражайдың орта ғасырлар тарихы бөліміне ерекше құнды және сирек ұшырайтын бағалы дүние қойылған. Ақтөбе қаласынан табылған бұл дүние шамамен V–VII ғасырларға тиесілі және орта ғасырлар ескерткіштерінің озық үлгісі болып табылады. Ғалым-археологтардың қалашық аумағынан тапқан қыштың тамаша үлгілері – ыдыстар, құмандар (су, дәндерді сақтауға арналған), түрлі түсті қыштар, ортағасырлық су құбырларының сазды құбырлары қаланың көне заманнан орта ғасырларға дейінгі дамуының негізгі кезеңдерінің нағыз айғағы іспеттес. Студенттерді оқыту кезінде түпнұсқалар экспозицияға маңызы зор көрнекі материал ретінде ерекше құндылық береді.

















## МУЗЕЙ ДРЕВНЕЙ И СРЕДНЕВЕКОВОЙ АРХЕОЛОГИИ КАЗАХСТАНА

Музей древней и средневековой археологии Казахстана создан в 1983 году. Экспозиция музея состоит из трех разделов, где выставлены археологические материалы эпохи бронзы, раннего железного века и Средних веков, обнаруженные в ходе научных исследований преподавателей кафедры. Наиболее ценный и раритетный материал представлен в разделе средневековой истории. Он собран на городище Актобе, которое датируется V–VII вв. и является уникальным многослойным средневековым памятником. Прекрасные образцы керамики – сосуды, хумы (для хранения воды, зерна), многоцветная поливная керамика, глиняные трубы средневекового водопровода, найденные учеными-археологами на территории городища, свидетельствуют об основных этапах развития города с древнейших времен до Средневековья. Наибольшую ценность экспозиции придают подлинники, которые, несомненно, являются важным наглядным материалом при обучении студентов.

## ШЫҒЫС МҰРАЖАЙЫ

2014 жылдың 16 мамырында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының ұйымдастыруымен университеттің серпінді жобаларды жүзеге асыру бағдарламасы аясында Шығыс мұражайының ашылу салтанаты өтті. Оған құрметті қонақтар ретінде Алматыдағы ҚХР-ның Бас консулының орынбасары Дин Шанлин мырза, жобаның бас демеушісі, «Маңғыстаумұнайгаз» басқармасының төрағасы Сунь Синьюн, Алматыдағы Түркияның Бас консулы Супхи Атан, Алматыдағы Үндістанның Бас консулы Навин Капур, Мысыр мәдени орталығының директоры Ашраф Дервиш, Түркі халықтарының мәдени қорының директоры Ахмет Дағдұран мырза, Орта Азия тарихи-дипломатиялық қоғамының төрағасы С.Н. Нарысов және басқалар қатысты.

Шығыс мұражайында ежелгі өркениет ошағы болып табылатын Қытай, Мысыр, Үндістанмен қатар Жапония, Корея, Иран, Түркия секілді Шығыс елдерінің тарихын, мәдениетін және салт-дәстүрін паш ететін құнды жәдігерлер жинақталған.

Шығыс мұражайының ашылып, құнды экспонаттардың жинақталуына шығыстану факультетінің профессор-оқытушылар құрамы, жұмыс берушілері мен түлектері зор үлес қосты. Шығыстанушы-мамандар даярлауда аталмыш мұражайдың орны ерекше болмақ. Себебі мұражай әлеуетін оқу-тәрбие үдерісінде білім беру ресурсы ретінде тиімді пайдалануға болады.










## МУЗЕЙ ВОСТОКА

16 мая 2014 года на факультете востоковедения КазНУ им. аль-Фараби в рамках реализации прорывных проектов университета состоялась торжественная церемония открытия музея Востока. Организатором мероприятия выступила кафедра китаеведения. Почетными гостями на презентации музея Востока стали заместитель Генерального консула КНР в Алматы г-н Дин Шанлин, главный спонсор проекта председатель правления «Мангистаумунайгаз» г-н Сунь Синьюн, Генеральный консул Республики Турция в Алматы Супхи Атан, Генеральный консул Республики Индия в Алматы Навин Капур, атташе по культурным делам Египта в Казахстане, директор Египетского культурного центра доктор Ашраф Дервиш, директор Культурного фонда тюркских народов Ахмет Дагдуран, председатель Центральноазиатского историко-дипломатического общества С.Н. Нарысов и др. Данное событие можно назвать историческим, так как аналогов такого музея в Казахстане не существует. Музей Востока это прежде всего собрание экспонатов, предметов, документов, относящихся к истории, культуре и традициям народов стран Востока.

Экспонаты, представленные в этом музее, были собраны силами ППС, работодателей и выпускников факультета востоковедения. Роль музея в подготовке специалистов-востоковедов трудно переоценить, потенциал музея может быть эффективно использован в качестве образовательного ресурса в учебно-воспитательном процессе.




15
10
6




Қытай халқының дәстүрлі ер адам (唐装)
және әйел (旗袍)киімдері -
Китайская традиционная мужская и женская
одежда







# ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ КІТАПХАНА

## БИБЛИОТЕКА ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

Оқу және ғылыми үдерістерді ақпараттық қамтамасыз етпей, жоғары оқу орнында сапалы білім беру мүмкін емес. Ақпараттық қамтамасыз етілу кітапхананың ақпараттық ресурстарының жай-күйіне және көрсетілетін қызметтің сапасына тікелей байланысты. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми кітапханасы 1934 жылы университетпен бір уақытта ашылды.

Кітапхананың жалпы ауданы – 17846,1 м$^2$, одан бөлек университеттің Масанчи және Қарасай батыр көшелеріндегі ғимараттарында орналасқан көлемі 660,8 м$^2$ оқу залдары бар.



Качественное образование в вузе невозможно без информационного обеспечения учебного и научного процессов, которое напрямую зависит от состояния информационных ресурсов библиотеки и качества оказываемых услуг. Научная библиотека Казахского национального университета им. аль-Фараби была открыта одновременно с университетом в 1934 году.

Общая площадь Библиотеки аль-Фараби – 17846,1 м$^2$, кроме того, имеются читальные залы в корпусах университета на ул. Масанчи и Карасай батыра площадью 660,8 м$^2$.








Әл-Фараби атындағы кітапхана (әрі қарай – кітапхана) университеттің ақпараттық-білім беру және мәдени орталығы ретінде сапалы білім беруге, жоғары білікті мамандар даярлауға белсенді ықпал етеді. Кітапхана университеттің білім беру бағдарламаларына сәйкес келетін кітап қорын және Scopus, Elsevier, Springer, Wiley, Oxford және т.б. индекстелген халықаралық дерек базаларын, сонымен қатар қашықтан білім беруді қолдауға арналған заманауи электрондық кітапханалық-ақпараттық ресурстарды (IPRbooks, Юрайт, Лань ЭКЖ, Mbook, Полпред және т.б.) қолжетімді етеді.

Кітапхана маман даярлаудың барлық бағыты бойынша университеттің 16 факультетінің білім беру бағдарламаларын оқу әдебиетімен қамтамасыз етеді. Қорда сақталған бірліктердің жалпы саны 2 279 233 дананы құрайды. Оның ішінде мемлекеттік тілде – 577 960, орыс тілінде – 1 569 204, шет тілдерде 132069 дана әдебиет бар.

Қор құрамында 39 тілде, яғни қазақ, орыс, ағылшын, француз, неміс, латын, араб, қытай және басқа тілдерде басылымдар бар.

Кітапхана тарихи-мәдени ақпараттық кеңістікті біріктіреді, сонымен бірге ақпаратты ұсыну форматын сапалы түрде өзгертетін мультимедиялық технологиялармен жабдықталған.

Кітапхананың оқу-ақпараттық кеңістігіне абонементтер, электрондық және оқу залдары, әмбебап аудиториялар, коворкинг-залдар, тақырыптық залдар, сондай-ақ кітап сақтау қоймасы кіреді.

Библиотека имени аль-Фараби (далее – Библиотека), являясь информационно-образовательным и культурным центром Университета, содействует получению качественного образования и подготовке высококвалифицированных специалистов. Библиотека предоставляет книжный фонд, соответствующий образовательным программам Университета, и доступ к индексируемым международным базам данных, таким как Scopus, Elsevier, Springer, Wiley, Oxford и др., Кроме того, обеспечивает доступ к современным информационным электронно-библиотечным ресурсам для поддержки дистанционного образования (IPRbooks, Urait, ЭБС Лань, Mbook, Полпред и др.).

Библиотека обеспечивает учебной литературой образовательные программы 16 факультетов университета по всем направлениям подготовки специалистов. Общее количество единиц хранения фонда составляет 2 279 233 экз., в том числе на государственном языке – 577 960 экз., на русском языке – 1 569 204 экз., на иностранных языках – 132 069 экз.

В составе фонда имеются издания на 39 языках, в том числе на казахском, русском, английском, французском, немецком, латинском, арабском, китайском и др. языках.

Библиотека совмещает в себе историко-культурное информационное пространство и в то же время оснащена мультимедийными технологиями, что качественно меняет формат подачи информации.

В учебно-информационное пространство Библиотеки входят абонементы, электронный и читальные залы, универсальные аудитории, коворкинг-залы, тематические залы, а также книгохранение.





Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай әл-Фараби кітапханасында Тұңғыш Президент залы ашылды. Бұл залда Елбасы Н. Назарбаевтың жеке мұрағатынан алынған құжаттардың электрондық көшірмелері, кітаптары бар. Мұнда сонымен қатар Тұңғыш Президенттің өзі құрметті профессор болып табылатын ҚазҰУ ұжымына жолдаған құттықтау хаттарымен, үндеулерімен танысуға болады.

К 25-летию Независимости страны в Библиотеке имени аль-Фараби был открыт зал Первого Президента. Здесь размещены книги, архивные электронные копии документов из личного архива Елбасы Н. Назарбаева. В фонде также можно ознакомиться с поздравительными письмами и обращениями Первого Президента к коллективу КазНУ, почетным профессором которого он является.

2019 жылы Абай залы ашылды. Онда ұлы ақын, ойшыл, ағартушы, аудармашы, композитор А. Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығына арналған экспозиция және көркем галерея жасалған.

